




НУРСУЛТАН  
НАЗАРБАЕВ

ЖЫЛДАР  
МЕН  
ОЙЛАР









# НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВ



ЖЫЛДАР  
МЕН  
ОЙЛАР



Бұл кітапқа Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың әр жылдарда жарық көрген кітаптарынан, мақалалары мен сөйлеген сөздерінен іріктеліп алынған толғамдары мен қанатты сөздері топтастырылып беріліп отыр. Түрлі тақырыптарды қамтитын ол ой-толғаныстар жинақтала келе, оның адам, мемлекет қайраткері және саясаткер ретіндегі философиялық ұстанымынан хабар беріп қана қоймай, сонымен бірге қазіргі таңдағы Қазақстанның кең тарихи панорамадағы біртұтас келбетін де құрайды.

Нұрсұлтан Назарбаевтың бұрын жарық көрген «Туганелім – тірегім» (2001), «Өзекжарды ойлар» (2003), «Ой бөлістім халқыммен» (2006), «Мыслямис народом поделюсь» (2007) деп аталатын жинақтарын оқырмандар жылы қабылдаған болатын. Оқырмандардың үлкен сұранысына ие болған аталмыш басылымдар бүгінде сирек кездесетін кітаптар қатарына қосылып та үлгерді.

Жоғарыда аталған жинақтардың қисынды жалғасы бола отырып, бұл кітап өзіндік мазмұндың жаңалығымен де ерекшеленеді: ол тек 2007–2013 жылдардағы материалдармен ғана емес, ертеректе айтылып, бұрынғы нұсқаларға енбей қалған ой-пікірлермен де толыға түскен.

Нұрсұлтан Назарбаевтың саяси, ғылыми және публицистикалық шығармаларына не-гізделген бұл жинақ та оқырмандар ойынан шығады деген үміттеміз.

*Кұрастыруышылар*



БІРІНШІ ТАРАУ

Отанды сую —  
суығына шыдап,  
ыстығына кую







Бұл дүниеде біздің бір гана Отанымыз бар,  
ол — тәуелсіз Қазақстан.



Отанды сүю — өркениеттіліктің белгісі.



Отаныңа деген сезім мен мақтаныш оның  
рәміздеріне деген құрметтен басталады.



Отан үшін жаныңды да, қаныңды да аяу  
деген болмауы тиіс.



Отаны жоқ адам — тамырсыз, тұрлаусыз  
қаңбақ сияқты.



Отанды сую — оның суығына шыдап,  
ыстығына кую.



Нагыз адам — Отанының даңқын шығарады, риза болған Отаны — өз ұлының даңқын шығарады.



Біле білсек, Отанды сую — біздің перзенттік парызымыз, қарыс қадам үшін жанын қиган бабалардың асыл аманатына адалдығымыз!



Отанымыздың бақытты болашағы тек бірлікте.



Біздің Отанымыз ортақ, демек, жүргіміз  
бен мақсатымыз да ортақ.



«Атамекен» деген сөзде кие бар. Атамекен десек, арманда кеткен бабалардың бүгінгі ақталған үміті еске түседі.



Өз Отаның бұл дүниедегі жәннатың мен шуағың. Сондықтан білімің мен қайрат-жігеріңді өз еліңнің мұддесіне жұмса. Тұған елің дәулетті, туған жерің сәулетті болса, сен де әулетті, әлеуетті боласың.



Еліңді сүйе білсең, жан аямай қызмет ете білсең, елің де сені алақанға салып аялай біледі.



Отан-Ана!  
От бердің жүрегіме,  
Риза боп қараймын гүл-өңіңе.  
Бабаларым сомдаған бағзы бейнең  
Тәуелсіз боп түрленді,  
Түледі де!  
Менде қандай арман бар,  
Асыл Ана,  
Жарай алсам, халқымның тірегіне?!



Жастанарға айтар ақылым: бақытты өмірді  
басқа жерден іздемендер.



Өз еліңе пайдалы болу, өз Отаныңның тағ-  
дыры үшін жауапты болу әрбір отандық сая-  
саткердің, әрбір қазақстандықтың борышы  
мен ар-ожданы.



Патриот болу — өз Отаныңды шын жүрек-тен сую, өзіңе және өз халқыңа сеніп, қогамға қызмет ету. Бірақ өзіңің тарихыңды, ана тіліңді, шығу тегіңді білмей нағыз патриот бола алмайсың.



Патриот болу дегеніміз Қазақстаннымызды мақтан етіп қана қоймай, сонымен бірге, бірінші кезекте – Қазақстанның мұддесін қорғауда өзіңді аямау, оның игілігі үшін еңбек ету.



Қазақстандық патриотизмнің іргетасы – бұл барлық азаматтардың тәң құқыллығы мен Отанabyroйы үшін олардың ортақ жауапкершілігі.



Отаншылдық рухы бізге ауадай қажет.



Отаншылдық — бұл көңіл ауанының бүркеткен жарылысы емес, Отаныңа өмір бойы қалыпты әрі берік берілгендік.



Өз еліңе деген терең махаббат сезімінсіз және терең отаншылдық сезімінсіз нағыз азамат та жоқ, нағыз адам да жоқ.



Нағыз патриотизм дақпырт сөздерден емес, нақты істерден және жауапты қадамдардан көрінеді.



Өз Отаныңды, туған тілінді, түп-тамырыңды білмейінше нағыз патриот бола алмайсың.



Мен үшін елімді дамыған елдердің сапына  
тұрғызып, санатына қосудан ұлken мақсат жоқ.



Шын мәнінде отаншылдық — тәуелсіздікті  
құрметтеу, мемлекетті қастерлеу, өз Отаның-  
ды қалтқысыз сұю деген сөз.



Салтанаты жарасқан қаласы бар, байтағы  
ұшан-теңіз даласы бар, аруақ қолдаған бабасы  
бар ел екендігімізді мақтан етейік!



Жаңа техникалық дәуірдің қақпасын аша  
отырып, тап осы біздің қасиетті жерімізден  
адам бірінші рет ғарышқа ұшты. Бірақ біздің  
болашаққа самғауымыз әлі аяқталған жоқ. Ол  
ұшу енді басталды.



Даналық пен байсалдылықты басшылыққа алуға, соғыстың көрсөкүр заңдарына емес, бейбіт құралдарға жүгінуге үйреткені үшін мен өз халқымды сүйемін әрі мақтаныш етемін.



Менен еліміз өз тәуелсіздігі жылдарында ең бастысы неге қол жеткізді деп сұраган кезде мен ойланбай-ақ: «Ол — адамдардың сана-сындағы өзгерістер» деп жауап беремін.



Менің халқым мынау үрейлі әрі қанды ғасырда тәуелсіздікке расында да зарыға аңсаумен қол жеткізді. Мен осы халықтың жаны мен қанының бір бөлшегімін, сондықтан драмалық ғасырдың соңында маған жасалған сол таңдауға лайықты болуға тиістімін.



Режімді сынауға болады, реформаларды  
сынауға болады, Президентті сынауға бола-  
ды. Бірақ өз Отаныңды, өз мемлекетіңді бо-  
лашағы жоқ әлдебір маңызды емес құрылым  
деп көрсету — бұл енді «смердяковшиналық».



Тұнғыш Президент және Ұлт Көшбасшысы  
ретіндегі менің борышым — халқымызды Тәуел-  
сіздіктің тар жол, тайғақ кешуінен алып өту.



Елі мұратқа жетпей тұрып, ері мұратқа же-  
туші ме еді? Сондықтан елдіктің қамын ең ал-  
дымен ойламай болмайды.




Отаны бірдің — тілегі бір, жүргегі бір.



Егер біз мемлекет болып тұрғымыз келсе,  
өзіміздің мемлекеттігімізді ұзақ уақытқа мен-  
зеп құрғымыз келсе, онда халықтың рухания-  
тының бастауларын түсінгеніміз жөн.



Ұлттық рухты сақтау үшін ең бастысы —  
сыртқы жауды іздеу емес, өзіңнің ұлттық бол-  
мысынды дамыту.



Егер біз елімізді күшті әрі қуатты мемлекет  
ретінде көргіміз келсе, қайықты өзіміз шайқап,  
бекемделе қоймаған бейбітшілік пен тәртіпті  
бұлдіріп алмауымыз керек.



Жырақтағы жұртың жаутаңдал қарап  
отырса, кісінің жаны қайдан жай табады?!



Тамағыңды тауып жерлік кәсіп, одан да тәуір қызмет жолығар. Бірақ қара орманың — өскен еліңнің ортасында жүріп ішкен бір жұтым қара суга қайдан татысын!



Еліңнің ұлы болсаң, еліңде жаның ашыса, азаматтық намысың болса, қазақтың ұлттық жалғыз мемлекетінің нығайып-көркеюі жолында жан терінді сығып жүріп еңбек ет. Жердің де, елдің де иесі өзің екеніңді ұмытпа!



Қазақтың өзіндік ұлттық қасиеттерінің қайта қалыптасуына қамқорлық жасау менің Президенттік те, перзенттік те парызым.



Елдік те ерлік сияқты сын сагатта танылады.



...Отандастарымнан бөлек уайымым да жоқ,  
олардан бөлек қайғым да жоқ. Нені де болса  
елмен бірге көремін, елмен бірге төземін, елмен  
бірге жеңемін.



Мейлі, сен патша не қойшы бол, бәрібір...  
Атамекеніңнен табаның тайса — жетімсің...



Біз бүгінгі бейбіт тірлігіміз үшін, Қазақстан  
деп аталатын Республиканың жер бетінде бар  
болғаны үшін тарихтың әр түсында осы елді,  
осы жерді қорғаған қайсар жандардың аруа-  
ғының алдында қашанда қарыздармыз.



Бүгінгі қазақ қауымына аса қажет нәрсе өзі-  
міздің намысшылдық дәстүрлерімізді дамыту.



Мен ешқашан мүмкін болмайтын мәселеге  
уәде берген емеспін, ал уәде берсем, қашанда  
орындаймын.



Жанға тұскен жарақатты, жараланған  
жүрек пен зердені жазу қандайлық қыын де-  
сөнізші!



Ел туралы жадағай ойлау да, халықтың тағ-  
дырымен ойнау да түбі жақсылыққа апармайды.



Отанға сүйіспеншілік жайында қызыл сөзді  
тоқтаусыз ұзақ айтуға болады, алайда онымен  
Отаныңның гүлденуіне ешқандай көмек көр-  
сете алмайсың.



Бүгінгі таңда ел қамынан басқа қандай мұд-  
де болуы мүмкін? Сондықтан елдің ақыны да,  
әкімі де бір мақсатты көздеуі керек.



Елімізге бойына ата-бабамыздың ел мен  
жерге деген сүйіспеншілік қасиеті дарыған,  
егеменді елге аянбай қызмет ететін, ой-өрісі  
кең, алғыр да жүректі, сауатты да салауатты  
азаматтар қажет.



Өсер елдің баласы арманшыл болса, өшер  
елдің баласы жанжалшыл болады.



Ел көшін бастау — маған сын, мені қоштау —  
елге сын.



## Отбасы — Отанның ошагы.



Біз алыс сапарға бел буып, кемемізді тәуекел дариясына түсірген елміз, елес үмітті емес, ерлік пен елдік мұратын кемеміздің тұғырына ту етіп байлаған елміз.



Дауы таусылмайтын елдің жауы да таусылмайды.



Қашанда, қай істе болсын, ханы мен халқы бір болып, тұтастық құрганда — мемлекет нығайып, ел ырысы тасады; ал халқы қолдамай, ханы халқын қорғамай, өзімшілдік өктемдік алып, өзара талас-тартысқа түскенде — мемлекет әлсіреп, ел ырысы қашады.



Көпүлтты ел болуымыз — біздің байлығымыз, мақтанышымыз.



Бізді біріктіретін жеке бастың қамы емес, бізді ел туралы биік ұғымдар, ортақ мұddeлер гана біріктіре алады.



Ел болу үшін ұлттық рух, ұлттық қасиет және ұлтқа деген сенім болуы керек.



Әлемдік өркениеттің үздік жетістіктерін, басқа халықтардың рухани қазыналарын бойымызға сіңіру қанша маңызды болса да, біздің әрқайсымыз өзіміздің терең тамырымыз — туған жеріміз туралы есте ұстап, қай елдің азаматтары еkenімізге есеп беруіміз қажет.



Елдің тағдыры — өз қолымызды.



Алдына ұлы мақсаттарды тек ұлы халық  
қана қоя алады.



Тек аса жоғары үлттық мақсат қана үлттың  
жана жетістіктерге үмтүлудына мүмкіндік береді.



Біз — бабалары басының қадірін арттыруды  
басты мұрат санаған елдің баласымыз.



Қазақстанда тұратын әрбір адам өзін осы  
елдің перзенті сезінбейінше, болашағына сен-  
бейінше, біздің жұмысымыз ілгері баспайды.



Қазақтар талай рет тұтасымен қырылып кетуге шақ қалды. Бірақ өмірге деген құштарлық, азаттық аңсары еңсесі түскен елді қайыра түлетіп, қайтадан тәуекел тұғырына қондырып отырды.



Өзін-өзі қорғай алған елдер ғана өсіп-өркендеген.



Елдің бетінде, желдің өтінде жүрген адамға сынақ көп.



Қазақ елінің озып, үдеген кезі де, тозып, жүдеген кезі де аз емес.



Мен білгенде, мына дүниенің дидарында  
«Жаным — арымның садағасы» деген сөзден  
артық ұлы сөз жоқ. Соны айтқан — қазақ.



Өз мемлекетіміз үшін мақтаныш сезіміне  
бөленіп, біртұтас отбасы сезімін сезінуге, қазір  
бүкіл дүниежүзі білетін Республика Туын,  
Елтаңбасын, Әнұранын ардақтап, құрметтеуге  
тиіспіз.



Әрбір адам бала кезінен «Қазақстан —  
менің Отаным, оның мен үшін жауапты екені  
сияқты, мен де ол үшін жауаптымын» деген  
қарапайым ойды бойына сіңіріп өсетіндей  
болғаны жөн.



Кейде адамдарды еркінен тыс қазір барғысы келмейтін, бірақ объективті түрде баруға тиіс жаққа жетелеуге тұра келеді.



Тарихтың бетбұрысты көздерінде мемлекеттің кез келген басшысы біліксіздікке, әсіресе экономикалық және саяси дамудың үлгілерін талдау мәселесіндегі біліксіздікке қатаң қарсы тұруы, бәріне бірдей жаға бермейтін, бірақ өміршешенді маңызы бар шешімдерді қабылдауы тиіс.



Қамшының сабындағы қысқа гүмырда халқының көшінің басында жүруден, ұлы істеріне тікелей атсалысудан артық қандай мәртебе керек?!



Ары үшін жанын садаға ететін қазақтай қасиетті халықтың, осы елдегі сан түрлі ұлыстың баласының басын қосып, басшылығында жүру түрмәқ, қосын тігіп, қосшылығында жүрудің өзі жаныңды тербейтін бақыт емес пе?!



Біз бүгінде өзіндік бет-бейнесі бар, өзіндік ерекшеліктері мен өзіндік ұстанымы бар табысты мемлекетпіз.



Біздің басты мақсатымыз — 2050 жылға қарай мықты мемлекеттің, дамыған экономиканың және жалпыға ортақ еңбектің негізінде берекелі қоғам құру.



Мыңты мемлекет күнкөріс саясатымен емес,  
жоспарлау саясатымен, ұзақмерзімді дамумен  
және экономикалық өсүмен айналысады.



Біздің басты жетістігіміз — тәуелсіз  
Қазақстанды құрганымыз.



Қап түбінде көк кездік жата ма еken,  
Рухты елде азат таң атады еken.  
Мен сенің сап бастаған сардарыңмын,  
Жасай бер,  
Өркендей бер, Атамекен!



Гүлденген Қазақстанды құруымыз бұл  
екі ғасыр мен екі мыңжылдықтың галамдық  
шақыруына берген лайықты жауабымыз.



Қазақстан — бұл ортақ жер, біртұтас халық  
және ортақ келешек.



Қазақстанның өзінің Отаным деп санай-  
тындардың ең басты мақсаты, ең қасиетті бо-  
рышы — тәуелсіздік туын қолдарында берік  
ұстау болуы тиіс.



Бүгінгі Қазақстан алдына үлкен мақсаттар  
қойып, соған қол жеткізе алатын, амбициясы  
зор, ілгері үмтىлған мемлекет.



XXI ғасырдағы Қазақстан — халықтың көп  
ғасырлар бойғы арман-мұддесінің, оның бостан-  
дық пен тәуелсіздікке үмтىлышының іске асуы.



Біздің ортақ үйіміз — тек біздің Отанымыз  
ғана емес, сонымен бірге, бүкіл Жердің де ор-  
тақ үйіміз болуы маңызды.



Толеранттылық, сыртқы әлемге ашықтылық,  
диалогқа үмтүлу — бұл жаңа Қазақстанның да-  
муындағы өмірлік мәні бар маңызды қағидаттар.



Жауапкершілік — біздің ел ішінде де, халықаралық қатынастарда да басшылыққа ала-  
тын қағидатымыз.

ЕКІНШІ ТАРАУ

**Жер тағдыры —  
ел тағдыры**







Жер тағдыры — ел тағдыры.



Жер жақындығы тағдырың мен тарихыңды  
жақындастырмай қоймайды.



Жер абаттанса, ел ауқаттанады.



Ауылдың амандығы — елдің амандығы.



Ауыл — қазақтың алтын бесігі.



Көз құмарын суардым,  
Талайдың сұлу жеріне,  
Жетпейді екен ...  
Қуандым,  
Қазағымның төріне.



Төрткүл дүниенің төрт құбыласынан  
тұрақты дос, айнымас әріптес, сапарлас серік-  
тес, қақысы бұзылmas көрші тапқан Қазақстан  
жаңа мыңжылдықтың ұлы көшінде керуен  
тартып келеді.



Бүгін біздің төңірегімізде бейбітшілік бел-  
деуі қалыптасты деп сеніммен айтуға болады.  
Бірде-бір мемлекеттің бізге талабы жоқ әрі  
жаулық көзқараста емес.



Калалардың да адамдар сияқты өз тағдыры болады.



Астананы тек мемлекет басшылары ғана құрмайды, астана да ел басшылығын қалыптастырады.



Астанасына қарап елін таниды.



Ұшып ем Алатаудың бектерінен,  
Өмірдің өтіп келем көп белінен.  
Арман не қажетіңе жарай білсем,  
Қазағым, таратылған көк бөріден!  
Айналдым көк бөрідей текті елімнен!



Қызыр қонып, құт дарыған киелі қоныс,  
мұбарак мекен — Алматы! Биікке самғап,  
қыырды шарлау, заманнан қалмай заулау —  
мына біздерге өзің берген тәрбие, өзің көрсет-  
кен өнеге, өзің тапсырған тарихи аманат!



Алматы — біздің тәуелсіздігіміздің алтын  
бесігі, мемлекеттігіміздің алтын діңгегі.



Күн тұрганда тұратын,  
Жұрты сайран құратын.  
Қала болсын Астана —  
Осы — менің Мұратым.



Астана келбеті — ұлт келбеті.



Есілдің жағасына дамуымыздың бейнесін-  
дей болған еңселі Елорда қондырдық.



Біз Сарыарқаның сайын даласына сәuletі  
мен дәuletі келіскең Астана салдық. Сөйтіп,  
ұмітімізді үкілеп, болашақты бетке алдық.



Жаңа астананың қаласы да, адамдардың  
санасы да жаңа болсын.



Астана — Отанымыздың жүрөгі, тәуелсіздігіміздің тірегі.



Астананың абыройы — қазақ руханиятының абыройы.



Жаңа Астана — тәуелсіз Қазақстан үшін жарқын келешектің нышаны.



Тәуелсіздік Астананы өмірге әкелді, ал Астана өз кезегінде біздің тәуелсіздігімізді нығайтып, баянды етуде.



Жаңа Астана — ежелгі қазақ жерінің төрі.



Астана біздің жүргегімізге, халықты біріктірген ұлттық идеяға, ол халықтың өзінің күші мен ұлы мақсатына деген сенімінің рәмізіне айналды.



Астана халқымыз ғасырлар бойы ұмтылған Қазақстанның шынайы тәуелсіздігінің шешуші рәмізі мен қуатты факторына айналды.



Астана — Қазақстан халқының келешегі үшін баршамыз бірігіп салып жатқан көпір.



Астана — жаңа Қазақстанның қуаты әрі оның көпүлтты халқының жасампаз күш-қуатының қайнар көзі.



Астана — Қазақстан халқының жүзеге асқан үміт-арманының бейнесі.



Астана — халқымыздың рухының биігін де, тереңдігін де, кеңдігін де өз бойына сінірген қала.



Алматы — тәуелсіздігіміздің бесігі болса,  
Астана — болашағымыздың бесігі.



Тарихымыздың жалғасы, өміршең істе-  
ріміздің арнасы бұдан былай да жаңа Астана-  
да жалғасын таба беруі тиіс.



Астана — мемлекет дидары, халық мерейі.  
Күллі әлем атын енді жаттай бастаған жаңа  
Астана біздің жас мемлекетімізге деген на-  
зарды арттыра түсері сөзсіз. Оның біз жетпек  
биіктердей өрелі, біз орнатпақ қоғамдай тар-  
тымды болып көркейіп өсуі жолында күш-жі-  
герді аяマイмыз. Біздің жаңа Астананы, жаңа  
Астананың бізді ұятқа қалдырмайтынына нық  
сенімдіміз.



Астана саммиті — бұл бүкіл Қазақстанның  
жүлдүзді сағаты.



Астана — бұл жаңарған Қазақстанның нышаны, оның көпүлтты халқының жасампаз күш-қуатының нышаны.



Бүгінгі Астана мен болашақ Астана — біздің стратегиялық ой-ниетіміз бер үмтүлсызымыздың квинтэссенциясы.



Мемлекеттің астанасы — бұл тек мемлекеттің миығана емес, сонымен бірге ол халықтың барлық топтарының және тіпті жекелеген адамдарының ділі мен жүріс-тұрыс нормаларын да айқындайтын оның жүйкелік жүйесі.



Қазақ халқы — тамырын жеті қабат жер астына жіберген алып бәйтеректей өзегін ғасырлар тереңіне тартып, осынау қасиетті ұлы даласынан табан аудармай, дауылдармен алышып, тағдырымен қарысып, өсіп-өркендер келе жатқан байырғы халық.



Біздің халыққа қоғамдық және әлеуметтік жатырқаушылық жат, өз көршілерінің түрмис-салтына, әдет-ғұрпы мен мәдениетіне игі ниетпен, құрметпен қарау тән.



Қазақ даласы — Ұлы Түркі елінің қара шаңырағы.



Ұлттық тұтастығымыздың мәселесі ең өткір қойылған арғы Тоқтамыс пен Едіге, бергі Тәуке мен Абылай замандарында билік орда-сының бұл маңайға қайта-қайта көшіп келіп, көшіп кетуінде де көп сыр бар. Үстіміздегі гасыр басында алғашқы қазақ либералдары — Алаш партиясы көсемдері де саяси орталықты әуелден зор стратегиялық маңызға ие осы аймаққа көшіріп әкелуге күш салды.



Басқа ұлттармен және ұлыстармен бейбіт тату көршілік қарым-қатынаста болу — қазақтардың ежелгі дәстүрі.



Қазақтың қасиетті жерінің асты да — байлық, үсті де — байлық.



Енді, міне, екі ғасыр тоғысында, жаңа мыңжылдық табалдырығында өшкен жанып, өлген тіріліп, кеткен есе түгенделіп, жығылған ту қайта желбіреп, жоғалған елдік қайта оралып, құлаған орда қайта бой қөтергеніне де күә болып отырмыз. Бұл да ұзагынан болғай, қаяйырымен келгей, қадірлі халқым!



Ашық-жарқындық, мейірбандық, қай ұлттың өкілі еken демей, кем-кетікке немесе жарлы-жақыбайға жәрдемдесуге әзір тұру — халқымыздың тумысынан біткен қасиеті.



Жерден өткен байлық жоқ: жер болса — ел болады, ел болса — ер болады.



Көптеген елдерді араладым. Табиғаты га-  
жайып талай өлкенің сұлулығына көз құма-  
рымды суардым. Бірақ бәрі де өзім туып-өскен  
қазагымның жеріне, Алатаудың бір бектеріне  
жамбастай жығылған үш қоңыр төбеге жет-  
педі. Балалығымның, сағынышымның алтын  
қазығы сонда екен...



Ауа бөтен жайлауда,  
Ажар бөтен,  
Аңсатады содан да базар мекен,  
Кіндігіммен байланған Үшқоңыр-ая,  
Сені мендей кім сүйе алады екен?!

УШІНШІ ТАРАУ

**Садағаң кетейін,  
айналайын халқым!**







Мен өз халқымды сүйемін. Оның мені бала  
кезімнен сабыр мен парасатқа баулығанын  
мақтан тұтамын. Басымды иемін!



Бұл ғасыр қазақ үшін алтын дер ем,  
Даңқымды әлем білді,  
Салтымменен.

Кеудемде жаным барда көтеремін,  
Аянбан,  
Не күтсе де халқым менен!



Халық еркі бәрінен жоғары.



Құнды қазынамыз — тарих табыстырып,  
тағдыр тоғыстырыған халқымыз.



Көптен бері бір байқаганым, халық бостандық пен тәуелсіздікке жетер жолында негұрлым көбірек тар жол, тайғақ кешулерден өтсе, оның өзгелердің қасіретіне жаны ашып, бірге қиналу сезімі көбірек болады. Қазақтардың «Біреудің қиналысын сезгің келсе, жаның бірге ауырсын» дейтіні тегін емес.



Жабыққанды жебесем,  
Елді жүртпен теңесем,  
Қосынында қазақтың  
Бекер жүрмін демес ем!



...халықтар тек жаман нәрсені ғана жадында сақтаса, бір-бірімен ешқашан тату тұра алмас еді. Заман өзгереді. Әр үрпақ өз көзқарасын қалыптастырады. Мемлекет мұддесін де өзінше түсінеді.



Қанша қыындық көрсө де, абзалдығы мен сабырлылығын, басқа халықтарға деген сыйлаушылығын сақтай білген халықты, қазіргідей қиыр-шиыр тарихи сын кезеңде өзім ажырамас бөлшегіне айналып отырған асыл жүртүмдү, XXI ғасыр табалдырығынан аттап, өз талайын тағы бір сынап көргелі отырған тәуекелшіл ұлтүмдү қалай гана мақтаныш етпеспін?! Қалайша бас имеспін?!



Өзінің тарихын қадірлемейтін, өзінің ұлттық байлығын бағаламайтын халық табысты да бола алмайды, тағдыры да сәтті бола қоймайды.



Осындай алып ауқымды аумағы мен осындаидай бай тарихы бар қазақ халқы бақытты әрі жүлдүзы да жоғары.



Қазақ халқы әрдайым интегратор болып келген. Ол болашақта да қоғамымызды топтастыратын ядро болып қалуы тиіс.



Қазақтар ұлы өркениеттердің мұрагерлері — өзінің ұлттық «Менін» тарихтың бүкіл шыңыраулары мен шыргалаңдарынан алып өте білді. Тек алып өтіп қана қоймай, сақтап, көбейте де алды.



Даланы мекендеген қазақтар үшін генеалогия теңізшіге қажетті компас сияқты.



Қазақ ауылы әрдайым ұлттық өсіп-өркендеуіміздің қуат-қайнары әрі ұлттық сәйкестілігіміздің өлшеуіші болып қала берді.



Қазақ әйелдері ұлттымызды өзінің емдік қасиеті бар жылды сүтімен, өз махаббатының отымен, өзінің аялы алақанымен және қамқорлығымен қамтамасыз етіп, сол арқылы елеусіз ғана қазақ халқының ұлттық, рухани, мәдени тұтастығын қалыптастырып, бойына жан жылуын дарыта алды.



Бізге, байырғы ұлы халықтардың ұрпақтарына, өзгелердің қаңсығын таңсық еткен жарамайды, өзіміздің өткенімізге, бүгінімізге және болашағымыздың жіті үнілетін кез жетті.



Бір ұлттың екінші бір ұлттан артықшылық идеясы әлемдік дамудың бағытына қайшы келеді және адамды жеккөруші ретінде алғашқы және соңғы рет мәңгілікке өзінің қадірін кетіреді.



Еркін, бейбітсүйгіш, білімді, өзінің әр алуандығымен біртұтас, табысты, бір сөзben айтқанда, өзгелермен терезесі тең – біртұтас Қазақстан халқын мен көз алдыма осылай елестете аlamын.



Қазақстандықтар әлемнің кез келген нүктесінде оқып, жұмыс істеп, өзін жайлыш сезіне алады, бірақ Сарыарқаның даласын, Алатаудың шыңдарын, Каспийдің жағалауын және Алтайдың ормандарын бәрінен де артық сүйеді.



Бірге бас қосу – басталуы. Бірге қалып қою – прогресс. Бірге жұмыс істеу – жетістік.



Сайлау — бұл кез келген қоғам үшін әрда-  
йым сынақ. Бұл қоғамдың құндылықтарды,  
ұлттың үйімшылдығын, қабылданған шешім-  
дердің дұрыстығын тексеретін кез.



Адамдардың санасын түмшаландыру ар-  
қылы емес, тек қана шынайы білімге негіздел-  
ген өзара түсіністік пен бір-біріне деген құрмет  
арқылы ғана халықтардың жақындасуы мен  
олардың арасындағы сенімді қамтамасыз ету-  
ге болады.



Біреу үшін қасиетті көрінетін нәрсе екінші  
біреу үшін әзіл-оспақ пен мазақтың тақырыбы  
болмауы тиіс. Бұл өзара ренішке бастайтын  
төте жол.



Мемлекет үшін ұйымшыл қоғамнан асқан  
тірек жоқ.



Халықтың бірлігі Қазақстан мемлекетті-  
гінің негізі ғана емес, сонымен бірге біздің мәң-  
гілік құндылығымыз да болып табылады.



Тұрақтылық пен келісім жылма-жыл, бір  
ұрпақтан екінші ұрпаққа жүргізілуге тиісті күн  
сайынғы ауқымды жұмыс.



Халқымыздың татулығы мен бірлігі —  
еліміздің өркендер, алға басуының басты шарты.

Осылайша байлығымызды бағалай білу,  
оны жас ұрпағымыздың жүрегіне ұялату  
жарқын болашағымыздың кепілі болмақ.



Ассамблея — еліміздегі бірлік пен келісімнің киелі бесігі, тұтастық пен тұрақтылықтың құтты шаңырағы.



Қазақстан халқы Ассамблеясының тарихы — бұл біздің тұрақтылығымыздың тарихы.



Ұлтаралық татулық пен келісім көктен түскен бірдеңе емес. Ол мемлекет пен баршамыздың құнделікті саясатымыз бер практикамыздың нәтижесі.



Ұлтаралық татулық пен келісім — қазақстандық ұлттық идеяның басты өзегі.



Ұлттар арасындағы сенім мен бірлік — әділ  
әлемдік тәртіптің негізі.



Татулық пен келісім — еліміздің табысты  
дамуының базалық факторы.



Тек қана көпғасырлық тұтастану мен жалғас-  
тық, тек қана үрпақтан үрпаққа берілетін ор-  
тақ мақсаттар бұл ғасырдың міндеттерін шешу  
үшін халықты біріктіре алуы мүмкін.



Біздің басты байлығымыз — халықтар мен  
діндер арасындағы татулық пен келісім.



Қазақстанның тұрғындарының елдегі тыныштықты сақтап,  
татулық пен келісім, жасампаздық пен достықты  
қадірлелітін үйымшыл халық.



Қазақстан бірлігінің негізі — азаматтық  
құқықтар мен еркіндіктің теңдігі.



Қазақстанның тұрғындарының бірлігі — Қазақстанның  
ілгері дамуының мызығымас кепілі.




Мен әлем халықтарының қатарына лайықты  
қосылған жаңа ұлттың және біздің Қазақстан  
сияқты ұлы елдің Елбасы болуды бүйіртқан  
тағдырға ризамын.



Кез келген халыққа бәрінен бұрын асқақ  
рух керек.



Садағаң кетейін, айналайын халқым!  
Сенің мұддең жолында бойдағы қуат, ой-  
дағы нәрдің бәрін сарп етуге бейілмін.



Кез келген, өсіреке ісі алға басып тұрган  
Президентке сын ере жүреді.



Сын — қоғамның қозғаушы құші. Оны қа-  
былдауга немесе қабылдамауга болады, бірақ  
онымен санасу керек.



Мен өз халқымның көнбеске көніп, шыда-  
масқа шыдай білетін төзімділігіне қайран қа-  
ламын. Мәңгіліктің қатыгез тасқыны біржо-  
лата мүжіп, біржолата үгіп, біржолата шайып  
әкететіндей талай қылы кезең тұсында қиналса  
да, аман қала алышты.



Ең бастысы, тату-тәтті, ынтымағы жа-  
расқан көпүлтты халқымыз бар. Ел дегенде,  
жер дегенде — білегін сыбанып, іске дайын  
тұрган азаматтарымыз бар. Сан ғасырлар  
бойы теперішті көрсе де, жайсаң жанын, әсем  
әнін, күмбір күйін, әдемі әдет-ғұрпын, таза  
тілін сақтаған ұлттымыз бар. Міне, біздің басты  
байлығымыз — осы.



Мен өз халқымның жолында басымды бәй-  
геге тіккен адаммын.



Рухы еркін халық қана ұлы істерді атқара  
алады.



Маған Сират көпіріндей қылпылдаған ке-  
зенде тәуелсіздік алып, мемлекет құру ісі сеніп  
тапсырылды. Сондықтан, мен сенімге серт  
беріп, бар жауапкершілікті мойныма алдым.

Құрмеуі қыын, түрлі тағдырлы шешімдерді  
жүргегімнен өткізіп қабылдадым.



Осындаі менің сыбагам,  
Сеніммен қолға ту алам.  
Сүрінбей сыннан шыға алам.  
Халқыммен бірге қайысып,  
Халқыммен бірге қуанам!



Мен кезекті сайлауды ойлай алмаймын, мен елдің, халықтың болашақ тағдырын ойлауға тиіспін. Менің мақсат-мұратым осы, халық мені осы үшін сайлады.



Мемлекетіміздің діңгегі — қазақ халқы. Ел де, жер де — қазақтікі. Ел болудың ұяты да біздің жүрттың мойнында.



Қазақтың ұлттық рухы — оның өрлігі мен ерлігінде.



Қазақ та енді үлкен ұлтқа тән төзім мен сабырлы мінез көрсетуі керек.



Менің бірден-бір қалауым, менің үмітім,  
егер қаласаңыздар, арманым — шамамның  
келгенінше, Қазақстан халқының өзін жан-  
жақты дамытуы үшін қалыпты, шынайы, өр-  
кениетті жағдай жасауга жәрдемдесу.



Өзім үшін емес, елім үшін толғанамын: бір  
басыма керекті қай күнде де табармын. Халқы-  
ма керекті қалай табам, қайдан табам деп қам  
жеп жүру тек қана менің емес, әр азamatтың ісі  
мен жадында болуы тиіс.



Кемені құзға соқпаймын,  
Баталы сөзге тоқтаймын.  
Өзімнің емес,  
Алдымен —  
Халқымның жоғын жоқтаймын.



Сөз бастаған шешен болу —  
Бір қыын,  
Елің үшін есен болу —  
Бір қыын.  
Тайғақ кешіп,  
Ақ жол тауып,  
Адаспай,  
Көш бастаған көсем болу —  
Мың қыын!



Біздің көпұлтты халқымыздың адамгершілік бастауларының тәрбиесі мемлекеттік саясат деңгейіне көтерілуі тиіс.



Халықтың құтқарылуы тек оның рухани өрлеуіне байланысты.



Адам үшін әрдайым басым әрі негізгі болып  
қала беретін материалдың игілікке қатысы  
жоқ ұлы даусыз құндылықтар бар. Олардың  
ең бастылары — руханилық пен адамгершілік.



Халқым менің тірегім,  
Құрбан жаным,  
Жүргегім!  
Атымыз озсын бәйгеде —  
Осы — менің тілегім!



Ежелден рух еркіндігін ерекше қастер  
тұтқан халқымыздың асыл дәстүрлерін жаңа  
заманға жарасымды жалғастыруымыз қажет.



Біз кешегісі тұлдыр, болашағы бұлдыр халық емеспіз.



Откен жолын жетік білетін қауым алар асулының да айқын елестете алады.



Бабаларын қалтқысыз қастерлей білген халық балаларының болашағын да қапысызың қамдай алмақ.



Қазақ баласының мызғымас та мұқалмас ерлік дәстүрінің тамыры тереңде жатыр.



Қабырғалы халқы болмаса, қандай басшының да тауы шағылмай, тауаны қайтпай қоймайды.



Ұлттымыздың өз тамырынан қол үзбей, оған балта шаптай әрі қарай өсіп-өркендеуіне жағдай жасау — ең үлкен міндеттердің бірі. Нарық қазақтардың ұлттық болмысын бұзбайды, керісінше, оны жаңаша жетілдіре түседі.



Өз халқын сүйген адам ғана оның тағдыры үшін күйе алады.



Халықтың сенімін ақтаудан артық абырой жоқ, болуы да мүмкін емес.



Кез келген мемлекеттің қуаты — халқында.



XXI ғасыр қазақ халқының жүлдізы жа-  
натын ғасыр болатынына сенемін.



Қазақты Құдай шыдамынан ажыратпасын.



Өзім үшін саспаймын,  
Аспаймын да,  
Таспаймын.  
Халқым аман болса екен,  
Сол ғой менің бас қайғым.



Еліміздің басты байлығы, ең қастерлі қазынасы жердің астында да емес, үстінде де емес — адамдарымыздың жүрегінде.



Тарихты тудырушы да, мемлекеттік биліктің бірден-бір бастау бұлағы да — халықтың өзі.



Ежелден құт-береке дарыған халқымыздың дарқан көңілі ешқашан ортайған емес.



Халықтар арасындағы келісім мен дос-  
тықтың алтын тамыры қазақтарға тән асыл қа-  
сиеттерде жатыр.



Қазақ халқы жиырмасыншы ғасырдың бүкіл өн бойында өзге халықтар түсінде көрсе шошып оянатындаï қасіретті оқигаларды бастан кешірді. Мен халқымның қажыр-қайратынан қуат аламын.



Өзін-өзі сақтап қала алған халық — өте талантты халық.



Қазақ халқы сан ғасырлар бойы өзінің егемендігі мен тәуелсіздігі үшін құресіп келді. Өзінің ең жақсы қасиеттерінің: қатер төнген сәттерде бірігіп, үйымдаса білуінің, сондай-ақ басқа халықтармен бейбітшілік, келісім мен тату көршілік жағдайында тұруға деген ынта-ықыласының арқасында ол тарих тасқынының астында қалып қоймай, өзінің мемлекеттігін қалпына келтіре алды.



Өліге де, тіріге де бар жанымен беріліп, қызмет көрсететін мұндағы халық: ер мінезді, ақ көңілді, қолы да ашық халық дүниежүзінен табыла қояр ма екен?!



Біз қашанда өткенге салауат айтып, жарқын болашақтан жақсы үміт күткен халықпаз.

Маган тіл, діл, өмір, тіршілік сыйлаған туған халқыма қашанда қарыздар болып өтемін!



Құдай қазаққа қырын қарамаган: пейіліне сайді етіп ұлан-ғайыр жер берген, асты-үстін толтырып кен берген, мейірбан, ақ көңіл, адад ел берген, жаны үшін малын, ары үшін жанын садаға ететін ер берген.



Маган ары үшін жанын садага ететін осындаі текті халыққа, мені ұлым деп, перзентім деп төбесіне көтерген халыққа, арғы-бергіде-гі қазақ баласының бірде-бірінің пешенесіне бұйырмаган бақытты — толыққанды, тәуелсіз мемлекет құрудың басында болу бақытын бұйыртқан халыққа қызмет етуден артық ештеңенің керегі жоқ, осы жолда мен бойымдағы бар қайрат-қабілетімді, білім-білігімді аямай жұмсаймын, қандай тәуекелге де барамын.



Мен жеткен жеңістерім мен алған асула-рымды, ең әуелі туган халқыммен байланыстыруға дағдыланған адаммын. Сондықтан болар, қиналсам да, қуансам да бар-жоғымның сыншысы, ар-намысымның өлшемі тек халқым болсын деп ойлаймын.



Мен осы халықтың қаны мен жанынан жа-  
ралған перзентпін, сондықтан да қиын кезеңде  
мойныма түскен ауыр жүкті мойымай көтеруге  
міндettімін.



Үлттың ұлы болмай тұрып, адамзаттың  
перзенті болу мүмкін бе? Мүмкін емес!



Біз қандай қиын-қыстау сындарда да  
өзіміздің жауынгерлік даңқымызға дақ түсір-  
менген халықпыш.

ТӨРТИНШІ ТАРАУ

Тәуелсіздік —  
тәуекелі  
тұратындардың  
еншісі







Тәуелсіздік — тарихтың мәңгіге бөліп берген еншісі емес, халықтардың мамыражай өмір сүруіне берілген кепілдік те емес: аңғал болмаганымыз абзал.



Тәуелсіздікті нығайту үшін құрес — елге тиғен үлес.



Қазақстан Тәуелсіздігінің формуласы — бұл тең мәнді екі үғымның Азаттық пен Жауаптылықтың қосындысы.

Жауаптылықтың арқасында ғана біз дамудың дұрыс стратегиялық жолын таңдай алдық, мемлекет құрып, бейбітшілік пен келісімді сақтап қалдық.



Тәуелсіздік алған сәттен бастап Қазақстан  
өзінің бір де бір қадамымен, іс-әрекетімен неме-  
се тіпті бір де бір сөзімен өңірлік және жаһан-  
дық қауіпсіздікке нұқсан келтірмеген мемлекет-  
тің өнегесі болып табылады.



Біз тәуелсіздікпен бірге тілімізді түлеттік,  
дінімізді өркендettік, тамырымызды жалғап,  
салт-дәстүрімізді жаңғырттық.

Ұлттық жаңғыртуды жүзеге асырып, жаңа  
құндылықтар қалыптастырылдық. Фасырлар  
қойнауынан асылдарымызды аршып алдық.



Біздің тәуелсіздігіміз қазақ ұлтының қоғам-  
дық ойдың қалыптасуымен және халықтың  
жан-журегінің аңсауымен демелген көпгасыр-  
лық ұмтылышының жемісі.



...Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен гөрі,  
Тәуелсіздікті мәңгі ұстап қалу одан әлдеқайда  
қын. Бұл әлем кеңістігінде ғұмыр кешкен та-  
лай халықтың басынан өткерген тарихи шын-  
дық. Өзара алауыздық пен жан-жаққа жөнсіз  
тартқан берекесіздік талай елдің тағдырын  
құрдымға жіберген.



Тәуекелі тұратындардың ғана қолы жетпе-  
се, Тәуелсіздік бола ма? Азаппен, арпалыспен  
келмесе, Азаттық бола ма? Оңайлықпен кел-  
се, оның қадірі бола ма? Қадірі жоқ нәрсе қол-  
да ұзақ тұра ма?



Алда тұрган сын белестерден білекке —  
білек, жүрекке — жүрек, тілекке — тілек қоса  
білсек қана абырайлы өте аламыз.



Тәуелсіздіктің қайта оралғаны — біздің ата-бабаларымыздың сан гасырлық азаттық күресінің заңды өтеуі. Жаратқан Иенің жасаған әділдігі. Ата-бабаларымыздың осыншама байтақ жерді ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен қорғап қалғанының арқасы.



Теңге — ел тұрақтылығы мен тәуелсіздігінің белгісі.



Тәуелсіздіктің туын қолда берік ұсташа әрбір қазақтың, Қазақстанды өз Отаным деп санайтын әр адамның ең басты борышы, ең биік мақсаты.



Қазақстаниң тәуелсіздігі таза парақтан  
«жазылған жоқ», оның көне дәстүрлері бар.  
Бізге бүгінімізді түйсініп, болашағымыздың  
сұлбасын көру үшін өткенімізге үнділу қажет.



Бостандық бізге азап, күрес пен жоқшылықтар арқылы, ал тәуелсіздік — өтуіміз қажет болған тәуекел арқылы келді. Міне, сондықтан да біз бұл ұлы үгымдардың қунын да, пайдасын да, қасиетін де білеміз.



Тәуелсіздігіміз тұғырлы, мемлекеттігіміз ғұмырлы болсын!



Отпелі кезеңнің өкпек желі соғар да өтер.



Дүниеде тәуелсіз Қазақ елі бар.  
Әлемде егемен Қазақстан бар.  
Оның көпұлтты, тату, ынтымақшыл халқы бар.  
Қуатты экономикасы, сенімді саяси жүйесі бар.  
Ең бастысы — бүгіннен нұрлы, бүгіннен кемел болашағы бар.  
Сол күнге берік сенім бар!



Енді біздің ел атқа қонады: дүйім дүниенің  
қандай дүбірлі додасына да тайсалмай түсіп,  
кім-кіммен де жалтақсыз жарысатын болады.



Басқага жалтақтайтын күннен кеттік.  
Бар байлығымызды өзімізге бұйыратын еттік.  
Қоғамның саяси тұрақтылығы мен бірлігіне  
жеттік.  
Қысқасы, ел болудың ең ауыр белесінен өттік.



Біле білсек, осы он жылдағы еңбегіміздің  
ең басты қорытындысы — ел болғанымыз.  
Ел бола алғанымыз. Біз мемлекет құрдық.  
Құрганда да, аты бар да заты жоқ мемлекет  
емес, бүкіл адамзат танитын, танып қана қой-  
маған, мойындайтын, құрметтейтін мемлекет  
құра алдық.



Қазақстанның тәуелсіздігі бейбіт жол-  
мен келді. Бұл азаттық үшін алысқан мың-  
мыңдаған азаматтардың қасиетті қанының  
өтеуі. Бұл бүкіл тарихында өзгелерге қиянат  
жасау дегенді білмеген халықтың пейілінің  
қайтарымы.



Тәуелсіздік Түн тігуге қаншалықты  
қажыр-қайрат керек болса, оны құлатпай сақтап  
қалуға соншалықты қажыр-қайрат керек.



Алдымызда асу-асу белдер бар, ұлт жолында  
үйтқи соғар желдер бар. Бел де талар, жел де бет-  
тен қағар. Бәріне көну керек, бәріне төзу керек.



Қаз тұрып, қадам басқан Тәуелсіздік сә-  
білік тұсауын өміршең уақытқа кестірген кез-  
ден бастап, Қазақстанымыз айшылық жерді  
алты-ақ аттаған алып секілді, дәуір жалынан  
мықтап ұстап, тізгінің бекем қаға білді.



Аталарымыздың тар кезеңде табысып,  
бірлік-берекесін көрсеткен жақсылығымен  
қатар, кеңшілікке шыққанда кесірлік таны-  
тып, ала болып ауыздағыларынан айырылып,  
өзара қырқысып кететін жаманшылығының  
қабат жүретіндігі де өзекті өртейді.



Қазақстанның аспан түстес Туының бетінде алтынға айналған бүркіт қанат керген. Осынау келісken мазмұнды да мағыналы нысаннның бойында табиғат та, тіршілік те, тарих та тоғысып жатыр.



Еңсесі түскен елдің есін жигызған, жапа шегіп, зар жылаған халықтың көзінің жасын тыйғызған кімдер еді?

Азаматынан айырылған арғымаққа қайта-дан ер салдырған, тұтастық туын қолға қайта-дан алдырған кімдер еді?

Қасиетті бабаларымыз — Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би еді.



Тәуелсіздік — бұл ең алдымен елдің экономикалық дербестігі.



Біз ендігі жерде Ресеймен қарым-қатынасты Біріккен Үлттар Үйымының тәң қатарлы мүшелері ретінде сенімді әріптестік жағда-йында жалғастыратын боламыз.



Бәрін де тарихтың сый-сыбагасы деуге болар, алайда жан-жүргегінің аңсары болған азаттықты ешкім де сыйға тарта алмайды.

Азаттық дегеніміз бұл әлемдік тарих толқынында өзінің субъектілік құқығын сезінетін және оған жауап берे алатын халық болмысның жалғыз ғана үлгісі.



Біз тәуелсіздік алғаннан бері бірыңгай ізденіс үстінде келе жатқан елміз. Ізденіс үстінде дөп басу да, мұлт кету де бола береді. Ештеңе істемеген адам ғана қателеспеуі мүмкін.



Қандастарымызға қаратып айтар жайдың тағы бірі тарихи Отанына оралған ағайын, ең алдымен, «Қазақстаным маган не береді?» деп емес, «Мен Қазақстаныма не беремін?» деп ойлағаны да дұрыс болар еді.



Бүгінгі біздің тәуелсіздігіміздің қайнар көзі қазақ халқының сан ғасырлар бойғы күресінде, азаттыққа ұмтылған қайсаrlығында жатыр.



Бойында қаны бар, намысы бар әрбір азамат: «Енді тәуелсіздікті қалай кемелдендіреміз, елдің көсегесін қайтсек көгертеміз?!» деп ой-санасын қамшылауы керек.



Халық кешпейтін бір-ақ нәрсе бар: елдің қолына зарықтырып келіп қонған бақыт құсынан — Тәуелсіздіктен айырылуды кешпейді.



Тәуелсіздікті күн сайын қорғау керек, ай сайын қорғау керек, жыл сайын қорғау керек, нығайту керек, өркендету керек.



Тәуелсіздіктің тар жол, тайғақ кешуінен, беттен қағар желінің есуінен тайсалмауга тиіспіз.



Мәселе қай топтың жеңетінінде немесе билік басына кімнің келетіндігінде емес, мәселе — тәуелсіздіктің тағдырында.



Біздің тәуелсіздігіміздің жолы — Отан тағдыры үшін барлық 140 ұлттың жауапкершілігінің жолы.



Танылған мемлекеттік егемендік — бұл кез келген халықтың үлкен әрі қымбат тұратын ресурсы.



Тәуелсіздік, бұл әлемдік тарихтың ағынында субъект болу құқығын сезінетін әрі соған жауап беретін халық болмысының жалғыз гана нышаны.



Азаттық жолы ұзақ та тауқыметті. Оны баянды ете білу де онай шаруа емес.



Мемлекеттік тәуелсіздік — тарихтың сыйы  
немесе тек қазіргі үрпақтың ғана меншігі емес.  
Ол — өткеннің алдындағы борыш және келе-  
шектің алдындағы жауапкершілік.



БЕСІНШІ ТАРАУ

**Мемлекет мерейі –  
мығымдығында**







Жер шарының басқа бөліктеріндегі емес, КСРО-ның ыдырауы тарихи негізі атымен жоқ жаңа мемлекеттердің пайда болуына емес, тарихи тамыры тереңде жатқан, кейін құшпен жойыла жаздаған мемлекеттіліктердің қайта-дан қалпына келтірілуіне үласты.

Біз тек КСРО-ның ыдырауының ғана емес, мемлекеттіліктердің жаңадан жандандырылуының жан-жақты күрделі процестеріне үлас-ты деп айтқан болар едік.



Мемлекеттік құрылым экономикалық және саяси жаңашылдық үрдіске көшумен бір мезгілде жүргізілгенде, мемлекеттік машинаны жүйеге салу жағдайды түбекейлі бақылау тізгінінен біржолата айырылып қалу қаупін туғызады. Егер жағдайды қадағалаудың берік тізгіні қолда жоқ кезде күйретушілік желікті бір қоздырып алсақ, оны қайта тоқтату қынданап кетеді.



Бүгінде дүниежүзінің ең ірі мемлекеттерінің қатарына кіріп отырған Қазақстанның ұлан-байтақ жер көлемін сақтап қалуы қатардағы қолбасы батырлардың ерлігі арқасындаған мүмкін болған нәрсе емес. Бұл қазақ хандары мен сұлтандарының даналығы мен көрегендігінің де жемісі болатын.



Біз дүниені дүрбеленғе салған дағдарыстан демікпей шығып, дамудың даңғыл жолына бет бұрган елміз. Іқтимал сын-тегеуріндерге тыңғылықты шеп құрган елміз.



...биліктің міндеті — мемлекет, қоғам мен жеке адам мұддесінің ұтымды тепе-теңдігін қамтамасыз ету. Шынайы әділеттілік деңгениміз, міне, осы.



Мемлекет әрбір жас адамның өз еліне міндетті тұрде қажет болуы үшін бәрін де жасауға тиіс.



Біздің алдымызда қос тін жол тұр: не қазіргі ақиқатты еңсеріп, жаңа Қазақстанды жасақтаймыз, не гайыпқа сіңіп, жоқ боламыз.

Біздің таңдағанымыз — біріншісі, алайда біздің жасампаз жаңалығымыз тарихи бай тәжірибелі тірек етуі керек.



Біздің тараптар елеспен өмір сүрмеуге тиіс. Қазақстанның тыс жерде жұмақ жоқ. Еш жерде, әлемнің ешбір елінде бәріне бірден ие болу мүмкін емес.



Мемлекет мерейі — мығымдығында.



Біздің бағдарламамыздың басты мақсаты халықтың әл-ауқатын нығайту.



Әлемдік деңгейдегі жетекші мемлекеттерге зор маңыз бере отырып, бейбітшілік орнатуда тек соларға үміт арту атымен қате. Келешекте дағдарысты жағдайдан шығатын жолды бірлесіп іздеу факторының маңызы арта түсетін болады.



Мемлекет қызметін бақылаудың нәтижелілігі, көбіне-көп бүкіл халықты жігерлендіріп, белгілі бір мақсаттарға жұмылдыра алатын идеология жасақтауға байланысты болатыны даусыз.



Менің ғұмырым ел тағдырымен еншілес.



Мен бизнес қуатты болса, мемлекет те қуатты деген қағидатты жақтаушымын.



...біз ешқандай идеологиялық, діни немесе өркениеттік аңыздар мен өлшемдерге артықшылық атаулыны қабылдамаймыз. Басты өлшем — тәуелсіз мемлекет, Қазақстан Республикасының ұлттық мемлекеттік мұддесі.



Жетістіктерімізге сын көзben қарап, сабыр сақтайтын ел болайық.



Дағдарыстар өтеді, кетеді. Ал мемлекет тәуелсіздігі, ұлт мұраты, үрпақ болашағы сияқты құндылықтар мәңгі қалады.



Ұлы той көппен көрген халқың үшін,  
Ешқашан адастырмас салтың үшін.  
Жаратқан!

Қазағыма ынтымақ бер,  
Тұрғанда мына заман тартып ішін!



Қазақстан халқы біртұтас, бірлігі мызғымас  
кемел елге айналды.



Қуатты Қазақстан дегеніміз ең әуелі, өңір-  
лердің қуаттылығы.



Қоғам билікке тек сыртқы жылтырағына  
қарап үмтүлса, қатты ұтылады.



...Мемлекет пен халықты біртұтас ұлттық мұдде тұрғысынан үйістыру — асқан ұлы міндет. Бұл жаңа өркендеу үстіндегі демократиялық Қазақстанды дамытудың басты шарты. Бірге жиналу — бастауы. Бірге болып қалу — прогресс. Бірге жұмыс істеу — табыс.



Ертең өз мемлекетіңің астаң-кестені шығып жатқанын көрмес үшін, өз елінді қайдағы бір желбуаз ұрандардың жетегімен орга апарып жығып жүрмес үшін жалпы әлемдік даму қарқынынан хабардар болып отырудың маңызы ерекше.



...жаһандану мен мемлекеттілік идеясы өлмей тұрып, регионализм мен сеператизм өлмек емес.



Қазақстан — көпұлтты мемлекет. Мәдени түргыдан алғанда мұның өзі демократиялық мемлекеттің алдына қатаң талаптар тартады деген сөз.




Азаттық жолындағы Қазақстанның әлі талай-талай қыын кезеңдерден өтуіне тұра келеді.



Мұлдем кикілжіңсіз қогам болмайды, біз ондай тәуекелдерді барынша азайтуға ұмтылуға міндettіміз.



Бодан жүртты бүгінгідей бостан күнге жеткізген жолда біз биік белестерді бағындырық. Қоңыл жүгірткендерді сағындырық, көзі көргендерді табындырық.



Біз өзіміздің белгілі тарихымыз бен өзіндік болашағымыз бар еуразиялық елміз. Сондықтан біздің моделіміз басқа ешкімнің моделіне ұксамайтын болады. Ол өз бойына әртүрлі өркениеттердің жетістіктерін сіңіреді.



Біздің байтақ мекенімізде баршамызды біріктіре түсетін ортақ құндылықтар мол. Ол талайлы тағдырымызды тұтастыратын шежірелі тарихымыз. Ол байтақ мұрамыз бен қазығы берік мемлекеттік тіліміз.



Ішкі саяси тұрақтылық пен даму үш тапқа да: байларға, орташаларға және кедейлерге сүйенеді. Олардың барлығы да қазірше қоғамда болады, бірақ, әрине, қалыпты өркениетті арақатынаста болуга тиіс.



Біз қарапайым, алайда сөзсіз бір ақиқатты түсінуге тиіспіз бүгінгі дүниеде біздің бәріміз өзара тәуелдіміз. Және бұл өзара тәуелділік кез келген жайт пен тербелісті сезінетін шетін де сезімтал тетік болып табылады.



Біздің мақсат — жұдырық болып түйілсе, бір-бірінің қолынды қыса алмайтыныңды тағы да еске салу.



...анық көзім жеткен бір мәселе — өтпелі кезеңдерді бастан кешіп жатқан қоғамда, мемлекеттік экономика әлі сақталып тұрған тұста, жеке меншік институттары, олардың мүддесін көздейтін партиялар түріндегі саяси өкілдер әлі қалыптасып біте қоймаған кезде, мемлекеттің қызметінің орасан зор екендігі.



XX ғасырдағы заманға лайық жаңартуға тоталитаризм өте үлкен қауіп туғыза алады. Әйткені ол индустріалдық өркениет пен қоғамдық топтарды бақылаудың атымен соны техникалық және ақпараттық мүмкіндіктерді туғызған құбылыс.



Әлемнің келеңсіз тәжірибесінен де үйрену қажет.



Біздің балаларымыз бен немерелеріміз қауіпсіз, тұрмыс үшін қолайлы дүниеде өмір сүре ме немесе әлемдік жүйе дамуының барынша пессимистік және қасіретті болжамдары іске аса ма, бұл біздің бүгінгі әрекеттерімізге байланысты болмақ.



Батыс пен шығыстың тоқайласқан түсінда орналасқандықтан, біз өркениеттер, мәдениеттер мен діндер арасындағы тұрақты үнқатысудың қажеттігін сезініп қана қоймаймыз, сонымен бірге оны белсене жүзеге асырып келеміз.



Біздің мызғымайтын және дау-дамайы жоқ өзекті ойымыз: ұлттың қауіпсіздігі мен мемлекеттілігіміздің сақталуы.



Жаһандану процесіне интеграциялық үмттылыс пен араласу — бұл дамудың бірден-бір векторы.



Әлем өзгеріп келеді: алға тартқан озады, кейін кеткен тозады.




Нарықтық экономика мен демократиялық түрғыда таңдап алынған мемлекет Қазақстанға қандай шамада өркендеу әкелерін уақыт өте келе біздің өз тәжірибеміз көрсетуге тиіс.



Мемлекеттік, тәуелсіздік — бұл тарихтың сыйы емес және тек қазіргі үрпақтың бір өзінің ғана меншігі емес. Бұл өткеннің алдындағы парыз және болашақтың алдындағы жауапкершілік.



Жай ғана саяси тәуелсіздік пен күшті мемлекет арасын зор қашықтық бөліп жатыр. Біздің мақсатымыз — Қазақстанның тәуелсіздігін ақиқат шындыққа айналдыру, экономикалық, құқықтық, әскери, ақпараттық өлшемдерді ақиқат шындыққа айналдыру. Бүгінгі мемлекеттің аксиомасы осындай.



Ұлттық тарихымыздың ең бір алмағайып сағаттарында халық бірігу үшін әрқашан да күш таба білді, алайда ұлттық ыдырау тетіктерінің соншалық тез іске қосылуы да мәңгілік лағынетке батыратын. Біз ғасырлар бойы шыға алмай келе жатқан ескі қақпанға түспес үшін атам заманғы таптаурындардан іргені аулақ салуымыз керек. Сондықтан біздің міндеттіміз шынайы ұлттық топтасуға қол жеткізуде болып отыр, онсыз біздің мемлекеттіміздің болашағы жоқ.



...интеграция эволюциялық жолмен дамысаған сенімді болмақ. Революциялық оқыс сілкіністер, аяқ астынан біріге қалу, байыбына бармай жатып конфедерация құра салу сияқты қадамдар қалыпты және табиғи дамып келе жатқан процеске тек залал келтіруі мүмкін.



Мемлекет саған не беруге тиіс деген сұрақ қисынды да әділетті. Бірақ оның тарихындағы ең маңызды кезеңде сен өз мемлекетің үшін не істеп жатырсың деген сұрақ та әділетті болмақ.



Жас мемлекеттердің ежелден белгілі дертері — жемқорлық, қылмыстың жүгенсіз кетуі және төрешіл өктемдік — ең терең реформалардың мәні мен мазмұнын бүрмалап жіберуі мүмкін.



Қазақты еш уақытта ешкім жеңіп, жерін ала алмаған. Тек бір-бірін арандатып, ішіне іріткі салып барып жеңген. Біз содан бодан болдық. Енді бұдан былай ондайларға жол бермеуге тиістіміз.



Тұрлі этникалық және діни топтардың құқықтары әртүрлі болып келетін, біреулерге мүмкіндік беріліп, өзгелерге берілмейтін, саяси партиялар мен қозғалыстар тікелей қарама-қарсы тараптарға «бұра тартатын», бұқаралық ақпарат құралдарының еркіндігі мен жауапкершілігі, либерализм мен демократияның және мемлекет құшінің арасында орасан зор сәйкесіздіктер бар елдің де болашағы жоқ.



Тағы да айқындаушы тарихи сәт келіп жетті, біз планетаның озық мемлекеттері қатарына кіруге, іс жүзінде жаңа әлемнің жаңа елін құруға тиіспіз.

Бұл үшін бізде барлық ресурстар бар, тиісті реформалар жүргізілді. Біздің тұрлаулы еліміз, білімді халқымыз, қабілетті кадрларымыз бар. Біз өзіміздің шикізат ресурстарымызға тәуелді емес, баламалы экономика құрып жатырмыз.

Келіңіздер, ұлы Қазақстан халқының осынау ұлы мақсаттарына қызмет етейік!



Ұлттық тәуелсіздігін жариялаған жас мемлекет өзінің ұлттық мұдделерін мәлімдейді. Міне, осы тұста әртүрлі қақтығыстар тууы мүмкін, себебі, жаңа мемлекеттер дамыған сайын ұлттық мұдделердің аумағы өсе береді де, олардың келісу рәсімдерін қатты қыындалады. Ел башшылықтарының өзара келісудің іс жүзінде жұмыс істейтін жүйесін жасауға деген саяси еркі болмаған жағдайда басқа мемлекеттердің ұлттық мұдделерімен арада сөзсіз жанжал туады. Ал мұның өзі әртүрлі жағдайда көрініс беруі, тіпті, әскери текетіреске дейін баруы мүмкін.



Тарихи тәжірибе мынаны көрнекілеп көрсетіп отыр: ортақ аймақтық мұдделері бар елдердің ортақ саяси, әскери, мәдени стратегиясы және соған сәйкес тактикасы болмаса, мұның өзі сайып келгенде, сол елдердің әрқайсысының жеке-жеке ұлттық-мемлекеттік мұдделеріне жету мүмкіндіктерін жоғалтып алуына апарып соғады.



Шын мәнінде, идеология — бұл адамдардың қоғамдастығын саяси және экономикалық міндеттерді шешуге топтастыру мен жұмылдырудың уақыт тезінен өткен тәсілі, бұл әлеуметтік мінез-құлықты қалыптастыру тетігі, бірақ бұл күштеп-зорлау тәсілі емес, қайта мемлекеттің және оның тұғырнамасын қолдайтын партиялардың, қоғамдық қозғалыстардың адамдардың ақыл-ойына өркениетті түрде ықпал ету тәсілі.



...бір бағыттағы интеграция қадамдары басқа бір бағыттағы қадамдардан бас тартуға соқтырмауга тиіс.



Мемлекет азаматтық қоғам институттарын жасанды түрде өсіре алмайды, олардың дамуы үшін қолайлы жағдай ғана жасай алады.



Мемлекеттің мемлекеттілігі оның өз тағдырына қатысты мәселелерді өз бетінше шеше алуынан танылуға тиіс.



Тату-тәтті елдің, экономикасы өркендерген елдің, сауатты үрпақ өсірген елдің, ел ішінде, басқа жерде жүргенде өз Отанын мақтап, мақтан ететін елдің, Отанын шын сүйетін азаматтары бар елдің елдігі мықты болады.



Бұл заман — тек күштіні, бірлікті мойындаған заман. Бұл заманда әлем тек экономикалық жағынан мықты, ішкі тұтастығы берік, ауызбірлігі күшті мемлекеттермен ғана санасады, сондай елдерді ғана сыйлайды. Қазақстан қазір әлем санасатын, әлем сыйлайтын сондай елге айналды.



Біз келер үрпаққа жасыл орманға оранған  
әдемі ел қалдыруымыз керек. Тәуелсіздігімізді  
орнаттық, мемлекетті нығайтып жатырмыз.  
Қазақстанды әлемге таныттық. Енді өзімізге,  
халыққа жайлы, таза ауасы денсаулыққа ши-  
пасын тигізетін Қазақстан жасауымыз керек.



Мен үшін қашанда мемлекет мұддесі мен ел  
игілігі жолында қалтқысыз қызмет атқарудан  
артық бақыт болған емес.



Біз тығырықты заманда тарыдай шашылып  
кеткен қандастарын Атамекенге жинаған  
әлемдегі үш елдің бірі болдық. Ендеше, тірі де  
боламыз, ірі де боламыз.



Халқы тату-тәтті, саясаты сарабдал елдің гана  
қазынасы қыруар, болашагы баянды болады.

АЛТЫНШЫ ТАРАУ

Тұрақтылық  
болмаса —  
ештеңде де болмайды







Шынайы патриотиэм дауыс көтере сөйленген сөздерден емес, нақты істер мен жауапты қымыл-әрекеттерден көрінуі керек.



Табанды тұлғалар тәрбиелеу арқылы ғана ел тәуелсіздігін баянды етуге болады.



Тұрақтылық — саяси мәселелерді шешудің күшке негізделмеген тәсілдеріне сүйенгенде ғана сақталмақ.



Егер ел ішінде тұрақтылық болмаса, ештеңде болмайды. Тұрақтылықты, тәуелсіздікті және қауіпсіздікті сақтау қазіргідей күрделі кезеңде мемлекет өміршебдігінің ең басты факторы.



Біз тыныштық арқылы — тұрақтылыққа,  
татулық арқылы — тұтастырыққа қол жеткіздік.



Киындық атаулыны жеңетін бір-ақ күш бар,  
ол — бірлік. Елінді, жерінді қорғау үшін бірлік  
қаншалықты қажет болса, тәуелсіздік жеміс-  
терін, бүгінгі қол жеткен табыстарымызды  
сақтап қалу үшін де ол сондай қажет.



Алуандылық дегеніміз өсу, алуандылық —  
прогресс және жаһандық әлемдегі біздің ар-  
тықшылықтарымыз. Соған сәйкес бірлікті  
сақтау — біздің баршамыз үшін қасиетті мін-  
дет. Бұл — біздің зердеміз, бұл — біздің бола-  
шағымыз.



Батырлардың қаһармандығымен және ақсақалдардың ақылмандығымен біз тұған жерімізді қорғап, сақтай алдық, тәуелсіздікке ие болдық, осы заманғы мемлекет құрдық.



Біз тыныштық арқылы — тұрақтылыққа, татулық арқылы — тұтастыққа қол жеткіздік.



Отаншылдық сезімді орнықтыру қай заманда да, қай қогамда да маңызды. Бұл, әсіресе, жас мемлекеттер үшін ерекше мәнге ие. Біз патриоттық тәрбие беруге көп көңіл бөлуге тиіспіз.



Қазақтың ертеңін, өзінің, бала-шагасының ертеңін ойлаған адам алдымен осы елдегі тыныштықты ойлауы керек.



...ұлттық қауіпсіздік болмаған жерде мемлекеттің өзі де жоқ.



Тек қана төзімділік пен серіктестік арқылы біз лаңкестік, жаппай қырып-жою қаруы мен кез келген басқа қаруды тарату, есірткі бизнесі мен оның зардалтары, экологиялық апаттар, заманымыздың әлеуметтік дертері тәрізді әлемдік нәубет көріністеріне қарсы қарасты табысқа жете аламыз.



Егер бір сәттік саяси пайда үшін мемлекет іргесін шайқалтатын болсақ, біз болашақ ұрпаққа солақай тәрбие көрсетеміз.



Еуразия қауіпсіздігі — бұл метафора емес, қатаң геосаяси факті.



Өзінің мемлекеттігіне қол жеткізген халықтың тағдырын ешкімнің де, мейлі ол қандай ұранды бетперде етіп үстаса да, тәлкегіне түсіріп қоя алмаймыз.



Біз қандай шамада мүмкіндіктерімізді пайдаланып, қауіп-қатердің алдын аламыз, өзіміздің оңымызды еселеп, терісімізді азайтамыз — бұл біздің өзімізге, мақсаттар мен басымдықтарды дәл қоя білуімізге, оларды уақтылы әрі оралымды іске асыруымызға байланысты.



Жалпыға ортақ және ғаламдық қарусыздану оны ядролық қарудың иелері емес, тек ядросы бар және ядросы жоқ барлық мемлекеттердің халықаралық қауымдастығы шешсеғана, тек сондағана шешілетін болады.



Ядролық қару — адамзат үшін өзін-өзі жоятын қару. Ал өзін-өзі өлтіруді Жаратушының үйғарымына тікелей қарсылық ретінде әлемнің барлық діндері де айыптайды.



Ядролық қарудың «алиби» жоқ, болуы мүмкін де емес әрі оның қылмыстық пифылы таза.



Каюп-қатерді жеңу үшін оны қаперден шығармау керек және одан тайсақтамаған жөн.



Біз ядролық қаруларымызды өткен ғасырга қалдырдық. Мемлекет пен ұлттың нағыз күш-қуаты қару-жарагын жалаңдата қыр көрсетуде емес, соларды «қолданбауында».



Бүгінде, XXI ғасырда біз «шынының ішін-дегі әлемде» өмір сүрудеміз. Бұл мөлдір әрі нәзік әлем. Бұл жерде тас лақтырысуға болмайды.



Әлем кез келген ең қалың әрі танылған монографиядан да едәуір күрделі.



Теориялық тілектердің көбіне-көп бір-жақты шындықтың қысымынан талқаны шығып жатады.



Біздің көне аңыздарға құрылған ауызекі шығармашылығымызға тек бір ғана кемшілік «тән», онда болашақтағы әлем құрылышында, тіпті апокалипсистік сценарий мүмкіндігінің өзі де жоқ.



Сарбазы мықты елдің сағы сынбайды.



Қазақстан — қазыналы ел. Ал қазына жүрген  
жерде қатер де қоса жүретінін ұмытпау керек.



Әскери қызмет орасан зор абырайлы болуға  
тиіс, әскердің халық арасындағы беделін мыз-  
гымастай ету керек.



Республика әскері өзінің алғашқы қа-  
дамдарынан бастап әскери өзірлігін артты-  
руға, жастар үшін Отанға шынайы сүйіспен-  
шіліктің мектебі болуға, біздің халқымыздың  
шын мәнінде даңқты жауынгерлік және еңбек  
дәстүрлерін дамытуға міндettі.



Жас тәуелсіз мемлекеттер көбіне сырттан таңылатын пікірлердің қатал қысымына ұшырайды. Нәтижесінде өз қисыны бар аса күрделі ішкі процестер сырт көзқараспен бағаланып, көбінесе ұстірт, ал кейде біржақты түсіндіріледі. Бұл көптеген мемлекеттердің шынайы тәуелсіздікті нығайту жолында өзін-дік кедергіге айналады.



Біздің болашағымыз өз қасымызда, арманымыз бен біз жөніндегі мұнда өмір сүріп келеді және өзімізден басқа оны ешкім қоргай алмайды.



Ұлтшылдықтың кез келген түрі терроризмнің тарауына қолайлы негіз болатынына ешқандай күмән жоқ.



...адамзатты ажыратып тұрган жанталаса қарулану және әскери әлеуетті бір сәт бөгелмей үлғайта беру халықаралық қатынастардың тұрақтылығы мен қауіптілігіне жәрдемдеспейді, қайта болашақ тұрақсыздықтың алғышарттарын жасайды.



Тарихи тәжірибе мен жайғана парасат мынағын аңғартады: өзінің дарабоз немесе басқалардан артық екенін уағыздау идеясы қандай пошымда, ашық, жабық пошымда жасалса да, өз-өзінің түбіне жетудің ең қысқа жолы.



Ядролық жанжалдың нәтижесі тек қана дүшпанды құртып жіберу емес. Ең бастысы, іс жүзінде сол мемлекет жерінің өзі өмір сұру мүмкін емес жерге айналады.



Біз, Қазақстан халқы, ядролық бұғаудан еркіндік арқасында арылдық. Тек қана бейбіт жолмен алға басуымыз да тәуелсіздіктің арқасы.



Бетімен жіберілген оқиғалар әдетте ең нашар сценарий бойынша өрбиді.



Тероризм өзінің болжаусыздығымен және тосындығымен нақтылы үрей сезімін үялатып, жүртшылықтың бәрін дерлік шарасыз да жазмыштық қауіп-қатермен шырмап тастайды.



Тероризм белгілі бір мақсат пен міндетті жүзеге асыру үшін күш көрсету идеологиясын тұғыр етеді.




Терроризм — көзқарастар мен идеялардың емес, әрекеттердің жүйесі, өйткені, ол қара бастың қамын құйттемейді. Ол өзінен-өзі әлеуметтік құндылық бола алмайды, алайда қызмет көрсетудің бір түрі ретінде айтарлықтай әрекетшілік пен сұранысқа ие.



Терроризммен құрсақташып, елдер мен халықтарды «тас ғасырына» қуып тығу арқылы біз «терроризм» үгымын келмеске кетірудің орнына, тек қана жандандыратын боламыз.



Халықаралық терроризм, экстремизм мен сепаратизм — тек қана адамзаттың жасырын сырқаттарының сыртқы көрінісі. Ол жеке-жеке емдейтін аурулардың санатынан емес, ол барлық елдер мен қауымдастықтардың ұжымдық консилиумын талап етеді.



Әрбір адам мемлекетке қызмет етуде өз лауазымында елі мен халқы үшін не істеуге міндетті екенін түсінуі тиіс және осы сенімге сәйкес адал әрекет етуі керек.



...саяси радикализм сынаса, терроризм өлтіреді.



Патриот болу біздің Қазақстанды мақтан тұтуғана емес. Бірінші кезекте бұл Қазақстанның мұддесін қорғап, өзін-өзі аямау, оның игілігі үшін жұмыс істеу.



Тұғырымыз — тыныштық, тірегіміз — тұрақтылық, тілегіміз — татуулық болсын.



Отанға қызмет ету — мемлекеттік қызмет пен барлық патриоттардың ой-ниетіне айналуы тиіс. Өйтпейінше, ең прогрессіл де мінсіз әзірленген барлық жобаларымыз қазақстандықтар бізден күтіп отырған нәтижелерге жеткізбейді.



Қазір ешбір мемлекет, тіпті ең мықты ел жеке-дара қауіп атаулыны жоя алмайды. Сондықтан жаһандық қауіпсіздікті ныгайту мәселесінде халықаралық ынтымақтастыққа бала ма жоқ.



Ұқпалдастықты саяси жарнама мақсатында пайдаланбай, шынымен жақтайтындар өркениетті, озық ойлы ұқпалдасу процесі — мемлекеттердің ұлттық егемендігін ныгайтумен қатар жүріп, бірін-бірі өзара толықтыруы қажет екенін түсінеді.



Семей полигонын жабу және ядролық қарудан бас тарту — тәуелсіз Қазақстанның адамзатқа берген алғашқы игілігі болды.



Тірі табиғат секілді, халықаралық қатынастарда да аса қатаң жаратылыстық іріктеу жүріп жатады.



...күшпен бірігушілікке үмтүлу — орныңсыздықты күшеттіп, қантөгіске ұрындырмай қоймайтын қауіпті жол, болмасты болдырам дейтін, оралмасты оралтам дейтін бос әуре.


XXI ғасыр табалдырығын тиімді ықпалдастық тек экономикалық және мәдени ықпалды тиімді жүйелуе арқылы ғана жүзеге аса алса керек. Оны сыртқы тартымдылығына бола ескі әдістермен жүзеге асыру төтенше қауіпті екендігі даусыз.



...шынайы ықпалдастыққа ең үлкен қауіп күш-  
пен бірігулікке шақыру мен ұтылудан тұрады.



...шынайы ықпалдасудың қажетті шарты —  
Достастық мемлекеттердің өзара іс-әрекет-  
терін үйлестіру сыртқы саясаттың ең басты  
бағыты деп тану болып табылады.



...өткеннен тек қателіктерді ғана іздең қой-  
май, қазіргі бүгандай дейінгі саясат салдарынан  
қалыптасып кеткен қиын ахуалдан шығудың  
сенімді жолдарын да қарастыруымыз қажет.



Саяси күш-жігер жұмсамай, ешқандай  
ықпалдасу жүзеге аспайды.



Теңдік қағидасына негізделмеген ықпалдастықтан ештеңе де шықпайды.



«Екінші және үшінші сатыдағы елдер» бұрынғы жоғары дамыған елдер жүріп өткен жолдың бәрінен өтулері керек.



Жаңашылдық дегеніміз не нәрсені болсын осы заманғы нормалар мен стандарттарға (мөлшерлер мен қалыптарға) сәйкестендіру болып шығады.



Мен халықаралық үйымдардың маңызына зәредей де күмән туғызғым келмейді. Алайда қазіргі жағдайда аймақтық және аймақаралық байланыстарды қүшету халықаралық қауіпсіздікті нығайтудың басты бағытына айнала бастағандығын түсінетін уақыт жетті.



Қауіпсіз дүние дегеніміздің өзі әрқылы экономикалық, саяси, дәстүрлік, мәдени сипаттамалары жағынан алуан бояулы шытыра айнаны көзге елестетеді. Ондай дүниенің әр алуандығы мен біртұтастығын ядролық қарумен үркітіп тежеу арқылы емес, әрқылы бөліктерінің өзара ықпалдастығын мейлінше кеңейте түсу арқылы ғана нығайта аламыз. Сондықтан барлық мемлекеттер саны мен сапасына қарамастан, қауіпсіздікті нығайту мен дамытуға қал-қадарынша өз үлестерін қосулары қажет.



Бәлкім, біреулерге бүгін біз өткен жол салтанатты шерудей болып көрінер. Бірақ біздің мемлекетіміздің халықаралық аренада кеңінен танылуы, дүниежүзілік жетекші үйымдарға кіруі табанды да тауқыметті еңбекпен жүзеге асты.

ЖЕТИНШІ ТАРАУ

Ұлттық сана  
ұлттық тілмен  
қалыптасады







Толыққанды тілсіз — толыққанды ұлт болуы мүмкін емес.



Ұлттық сана ұлттық тілмен қалыптасады.



Қазақтың қазақтығының басты белгісі — қазақша сөйлеуі. Үйде де, түзде де. Баласымен де, немересімен де. Досымен де, туысымен де. Бажасымен де, құдасымен де. Тек осыны жасаған адам ғана өз ана тілін өркендетуге өзінің титтей де болса үлесін қоса алады.



Қазақ тілін білу — қазақтың баласына парыз, ал білмеу — ұят және өз елінді сүймегенмен бірдей.



Өз баласын қазақша сөйлетпеген қазақтың «қазақ тілі» деп сарнауының ешбір реті жоқ.



Өркениет өнегесі — өз тілімен өмір сүру. Әлі-ақ қазақ тілі тіршілігіміздің барлық саласында кеңінен қолданылатын болады. Оған ешқандай күмәнданудың керегі жоқ.



Өзіміз ана тілімізде сөйлемейінше, өзге ешкім де бұл тілді құрметтей қоймайтынын түсінуге тиіспіз. Бұл — аз уақыттың аясында тындырып тастантайтын іс емес. Бұл — мемлекеттік тұргыдан, ұзақ жылдар бойы, ұдайы айналысадын іргелі іс.



Ұлтты күшейтудің бірінші тетігі — тіл.



Қазақ тілі мәдениеттің бір бөлігі ретінде, барлық қазақстандықтарды біріктірудің қосымша факторы болуға тиіс. Ол барлық ұлттар мен ұлыстарға қазақ халқының мәдениетін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, тұрмыс-тіршілігін танып білудің негізі болып табылады. Оны оқып-үйрену мәжбүр ету арқылы емес, сана-лы түрде, жүрттың барлығы үшін бала жастан басталуы, үйымдық және әдістемелік жағынан қамтамасыз етілуі тиіс. Және де мұнда тұра-тын әрбір адам осындаï көзқарастың қажеттігін айқын түсінуі керек.



Қазақ тілі — ғажап тіл. Оның болашағы да ғажап. Тек оны насихаттай білуіміз керек. Ғажап тілді азап тіл сияқты етіп көрсететін оқу-лықтардан құтылуымыз керек.



Қазақ елі барда, қазақ тілі де болады. Өседі.  
Өркендейді.



...Қазақ тілі өзінің барша құдірет-қуатымен  
әлемдік тіл кеңістігінің құрамдас бөлігі болып  
табылады. Қазақ тілінің жетістігі — украин, өз-  
бек және орыс тілдерінің жетістігі сияқты бүкіл  
адамзатқа ортақ мән-мазмұндық байлықтың  
бір бөлігі. Әлем халықтарының бірде-бірінің  
сөздігінде ұшыраспайтын, тек қана қазақ тілінің  
мүмкіндіктері арқылы нақтылы құбылысты та-  
нып-түсінуге болатын сөздер бар.



Орыс тілі біздің мәдени байлығымыздың  
бөлінбес бөлшегі, әлемдік білімнің алып қаба-  
тын танып-білудің тілі, ұлтаралық қатынастың  
тілі болып келді және болып қала береді.



Тіл мәселесі — аса күрделі, аса жауапты мәселе. Асығатын, аптығатын, ретін тауып саяси ұпай жинап қалатын жер бүл емес. Науқанышылдыққа орын болмауға тиіс. Басқалардан қалып қоймайың деп қазірше қолдан келмейтін, тек қогамды ырың-жырыңға түсіргеннен басқа ештеңе бермейтін жоспарларды, баянсыз бағдарламаларды қою керек.



Жыраулыққа, аңыз айтуға бейімі бар, ақыл-парасаты мол адам халықтың рухани ақыл-ой қазынасын сақтаушы ақын болған. Олардың арасынан шыққан негұрлым беделді де құрметті, тілі өткір шешендер халықтың көкейкесті ой-пікірін ел билеушіге бетің бар, жүзің бар деп жалтақтамай, көзіне түп-тура ашық та батыл айтып салудан тайынбаган.



Қазақ тілін дамыту дегеніміз, жалпы гуманитарлық түрғыдағы қуатты қаруды шыңдау деген сөз, қоршаған ортаны парықтап бағалаудың бір құралын жетілдіру деген сөз.



Түркі әлемінің әпостары — қазіргі түркі тектес халықтардың тарихы мен мәдениетінің біртұтас екендігін терең түсініп, жете сезіну үшін теңдесі жоқ құнды қазыналар. Сонау есте жоқ ежелгі замандардан бері бауырлас түркі халықтарының асыл қазынасы болып табылатын әпостар олардың даму тарихындағы небір қыын-қыстау кезеңдерде халықпен бірге жасасып, бірге сақталып келеді.




Ғасырлар бойы қазақтың ұлт ретіндегі мәдени тұтастығына ең негізгі үйітқы болған — оның ғажайып тілі.



Қазақ халқы мен мемлекеттік тіл дамып жатқан Қазақстан азаматтық қоғамының біріктіруші ядросы ретінде көрінуде.



Қазақ тілі өзінің бар таңғажайып қалпымен және қуатымен әлемдік тілдік кеңістіктің құрамдас бөлігі болып табылады. Қазақ тілінің жетістігі — бұл бүкіл адамзаттың ортақ семантикалық, мағыналық байлығының бір бөлігі.



Қазақ тілінің мемлекеттілігі — қолдану аясын тарылту мақсатында орыс тіліне кедергі келтіру емес, қазақтардың тілінің жойылып кетпей, оны Қазақстандағы орыс тілінің жағдайына дейін көтеруге талпыну.



Қазақ тілінің дамуы жалпыгуманитарлық сипаттағы қуатты құрал, бұл танымның және қоршаган ортаны бағалаудың жетілдірілуі.



Қазіргі қазақстандық үшін үш тілді менгегеру — бұл өз иғілігінің кепілі.



Жауапты тіл саясаты қазақ үлтyn топтастыратын маңызды факторлардың бірі болып табылады.



Қазақ даласында поэзия тек ақын-жыраулардың ғана еншісі болып қоймаган, ол қазақ мәдениетінің барлық тамырына нәр берген.



...Қазақтардың рухани әлемі, негізінен, ауызекі поэзия дәстүрінің ықпалымен қалыптасып отырган. Қазіргінің талай елін қайран қалдыратын осынау байтақ кеңістікті кернеген поэзиялық әлем тек қана сұлулық пен сезімнің шеңберінде шектелмеген. Ол жаңашылдықтың жалынын лаулата да білген. Содан да болар, қазақтың поэзиялық шығармашылығында мейлінше терең танымдық қасиеттер бар. Сондықтан да қазақтың дәстүрлі поэзиясы үдайы философиямен шендересіп жатады.



Өнер әрқашанда шынайылық пен үндестікке шақырып, ұлтаралық қатынастың әмбебап тілі қызметін атқарады.



Шүкір, ел есін жиды: тілден артық қасиет жоқ екенін кештеу де болса түсіндік.



Қазақты әтномәдени тұтастық ретінде та-  
нып-түсіну үшін халықтың ауызекі сөзінің  
құдіретіне айрықша мән береді. Әрине, жадау  
тірліктің жайдақ сөзі емес, бұл жерде әңгіме  
армансыз сұхбаттан тұратын асыл сөз туралы  
болып отыр. Салиқалы сөз «қазақылықты»  
құлпыртудың кілті болған.



Менің терең сенімім мынада: қазақ тілі мен  
мәдениетін дамыту міндетін шешпейінше, ұлт-  
тық саясат мүмкін болмайды.



Әсіресе мемлекеттік қызметке қабылданған  
қазақ қазақша сөйлеуі керек. Болмаса басқа ұлт-  
тың өкіліне қалайша мұндаі талап қоя аламыз?



Қазақстанның болашағы — қазақ тілінде.



Кеше болмағанның бүгін болуы мүмкін, бүгін болмағанның ертең болуы мүмкін, бірақ ана тіліне мән бермеушіліктің, оны құрметтегемеудің орны толmas олқылықтарға соқтыратыны сөзсіз.



Ұлт пен тіл мәселесіне келгенде, ең бастысы, ұлттық оқшауланудан, томага-тұйықтықтан қашу керек.



Ана тілін армансыз бойға сіңірініздер, өйткені, бабаларымыздың ғұмыр тәжірибесі, дүниетанымы, мінез-құлқы, өзіндік болмыс-бітімі осы тілде қаттаулы жатыр.



Сөз бұзылса, ой да бұзылады. Тіліміз ішкі  
әуезінен айырылып, сынын жоғалтады.



Ана тілі — бәріміздің анамыз, өйткені, ол  
ұлтымыздың анасы.



Абайдың сөзі — қазақтың бойтұмары.



Қазақ қазақпен қазақша сөйлессін.



Ана тілін қадірлеу — әр азаматтың перзент-  
тік парызы.



Абайдың мұрасы — қазақтың ең қасиетті қазынасы. Абай өзінің туган халқымен мәңгі бақи бірге жасайды, ғасырлар бойы қалың елін, қазағын жаңа биіктеге, асқар асулаарға шақыра береді.



Киын кезеңдерде ұлтты қожыратпаудың қуатты қаруы болған қазақ тілі бүгінгі өмірі-мізде де ұлтты тұастандырудың тегеурінді тетігі болуға туіс.



Тілге деген көзқарас, шындаپ келгенде,  
елге деген көзқарас.



Тілді менгеру үшін оған өзінің жүрегінді ашуың керек.



Қазақ тілін білу — адамның жеке бәсекеге қабілеттілігінің маңызды шарттарының бірі.



Ана тіліміз — бізді ғасырдан ғасырға, заманнан заманға аман жеткізген бірден-бір арымыз да, нарымыз да.



...Дауға салса — алмастай қиган, сезімге салса — қырандай қалқыған, ойға салса — қорғасындағы балқыған, өмірдің кез келген орайында әрі қару, әрі қалқан, әрі байырғы, әрі мәңгі жас, отты да ойнақы Ана тілінен артық қазақ үшін бұл дүниеде қымбат не бар екен?!



Тарих пен тіл — тамырлас.



Бізге Ана тілімізден асқан тарихи мұра жоқ.  
Ендеше, оны жан аямай қастерлеуден асқан  
биік парыз жоқ.



Әр елдегі қазақ әр елдің тілін мықтап игерсе, ол — білім. Ол шетел тілінде сөйлесе — тіпті жақсы. Бірақ он шетел тіліне орап, ана тілін түншықтырып, көміп тастаса — ол кешірілмес күнә.



Фасырлар бойы қазақтың ұлт ретіндегі мәдени тұтастығына ең негізгі үйітқы болған —  
оның ғажайып тілі.



Діл деген догма емес. Ол да өзгеріске түседі.  
Әрине, бұл ұзақ процесс, қыын процесс.



Жақсы шығарма — жан серігің. Сәтті сомдалған кейіпкерімен қоса қуантады, ойландырады, мұңдайтады.



Фасырлар бойы бірде ерлікке, бірде ездікке тартып келген екі мінез бүгін де бойымызда бар. Жақсы жағын ойдағыдай жалғастырып сезіне алмадық, жаман жағынан біржолата безіне алмадық.



Біз етекке жабысқан, ағайынмен алысқан, билік жолында ұлттың ұлы мұраттарын да ұмытып кететін адамдарды айыра білуіміз керек.



Халқына жаны шындаپ ашитын қайраткер орга жығатын емес, өрге шығатын жол сілтейді.



Біз жиырма бірінші ғасырдың қазақтардың шындал багы жанатын ғасыры болуы жолында, қай жағынан да көсегесі көгерген халықтар қатарына қосылуы жолында бәріне де тәуекел ете алуға тиіспіз.



Отаршыл заманды еске салып, халықтың нағызына тиетін атауларды да, тілдің төл заңдылықтарын, табиғи үйлесімін бұзып тұратын атауларды да өзгерту керек.



Үлттық мұддеге қызмет ету үшін әркім өзгені емес, өзін қамшылауы тиісті.



...ұлт дегеніміз үлттың өзін-өзі билеу идеясы басын құраган адамдардың жиынтығы.



Ұлттық сипатқа айналған дәстүріміз бен дүниетанымызыға сырттан келіп түзету жа-сағысы келетіндерге жол бере алмайтындығы-мызды ашық айтамыз.



Ұлттық идея қоғамның өзінде пісіп-жетіледі. Онда сырттан таңылған сипат болмайды. Ұлттық идея идеология жәдігөйлерінің ашқан жаңалығы емес, миллиондаған адамдардың өздерінің ұлттық міндеттерін түсінуінің жемісі болып табылады.



...Қазақстан барлық ұлттық мәселелер атаулыны өзінің жаңа тарихының алғашқы бес жылындағыдай бірте-бірте, тізеге салмай шешіп отыратын болса ғана қуатты да тәуелсіз, егемен, аумағы біртұтас мемлекет ретінде сақтала алады.



Ұлттық идеяның қалыптасуы өзіміздің төл тарихымызды жаңаша үғыну негізінде ғана мүмкін болады.



Басшылыққа алатын идеяң болмайынша, ештеңеге де қол жеткізе алмайсың.



Ұлттық рухты сақтап қалу үшін ең бастысы, сырттан жау іздемей, өзіндік ұлттық мазмұныңды дамыту екенін пайымдау қажет.



Кез келген ұлт мәдениетінің үйітқысы, ұлт рухының өзегі — халықтың салт-дәстүрі.



Бір халықты бір халыққа айдап салу опондай. Ол кез келген жәдігөйдің қолынан келеді. Ал ұлт мәселесінде ондаған, тіпті кей тұста жүздеген жылдар бойы қордаланып қалған таптаурын түсінктер мен үшқары үғымдарды адамдар санасынан арылту — көршінің тере-зесіне тас атқандай таңданарлық іс болмағанымен, ең бір ұсынақты зергердің шеберлігін қажет ететін қиын шаруа.



«Мен қазақстандықпын» деген сөзді әркім де мақтанышпен айтуы үшін бәріміз де аянбай еңбек етуге тиіспіз.



Ұлттық идеяны ұлттық астамдықтың идеясына айналдыру этностың өзіне опа таптырмайды.



Казір бой жарыстыратын заман емес, ой жарыстыратын заман.



Қазақстанды, қазақты достықтың киелі шаңырағына теңесек, түрлі этностар оның алтын арайлы уықтары іспетті.



Ұлттық намыс — ұллы ұғым.



Ұлттық идеяның тұжырымы ұлттық тарихи кеңістікте жатыр.



Ұлттық жаңғыру, мемлекеттілікті қалпына келтіру әрдайым оп-оңай жүзеге аса бермейді.



Біз үйренетін ұлттан енді үйрететін ұлтқа  
айналуымыз керек.



Көпұлттылық пен көптілділік — патриотизм, мораль мен парасаттылық нормалары, ұлтаралық келісім мен толеранттылық сындық құндылықтардың бірі және біздің еліміздің басты артықшылығы.



Ендігі жерде біз бәріміз бір атаның — қазақ халқының ұлымыз. Ендігі жерде бәріміздің де туган жеріміз біреу — ол жалпақ қазақ даласы. Оның қай атырабының да тілегін бірге тілеп, тауқыметін бірге көтеруге, өз-өзімізді көкіректен кері итермеуге, сен анаусың, мен мынаумын деп алаламауга үйренуге тиіспіз.



...ұлт мәселесін бірден біржолата шешіп тастау еш мүмкін емес. Оны көсегесі көгерген демократиялық елдердің өздері де жүзеге асыра алмай келеді. Осыған байланысты бізге ұлт мәселесін біржола түпкілікті шешіп тастауга тырысуышылтықтан бас тартып, түбекейлі түрде басқа бір стратегияға көшуге тура келеді. Объективті түрде пайда болып жататын қайшылықтарды сүртіп тастауга тырысу әбестік. Біздің стратегиямыз сондай қайшылықтардың алдын алып, оның қантөгісті тайталастарға ұласып кетпеуіне қам жасауға бағышталуы тиіс.



Біз — мемлекетті үйымдастыруши ұлтпаз. Эр адам жедел жаңғырмайынша, мемлекет жедел жаңғыра алмайды. Тұтас ел бәсекеге қабілетті болмайынша, мемлекет әлемдік экономика мен қоғамдастыққа кіріге алмайды.



Үйренетіні бардың ғана үйретері болады.



Үлтаралық және конфесияаралық қарым-қатынастардың саясаттануына жол бермегеніміз — біздің маңызды жетістігіміз.



Шамадан тыс саясаттандырылып, шамадан тыс идеологияландырудан аулақ, шынайы үлттық сана жоқ жерде өзге үлттар мен өзге үлттық мәдениетті шынайы құрметтеу де мүмкін емес нәрсе.



Менің көзім анық жеткен бір нәрсе: өзгелердің үлттық мәдениетіне тиісті құрметтеу жоқ жерде шынайы азаматтық татулық та болмайды.



Біздің Ассамблеяның тарихы — біздің тұрақтылығымыздың тарихы.



Ұлтты жаңғырту үзаққа созылады.



Ассамблеяны құру арқылы біз ұлттық бірліктің дербес жолын таптық.



Әр халықтың қайталанбас, тек өзіне ғана тән дәстүрлері, тарихы, ойлау қабілеті бар. Әркім адамзаттың сан әуезді рухани мәдениетіне өзінің айрықша әуенін қосады.



Қазаққа тарылған жараспайды.



Бізде этностар құқығын шектейтін бір де  
бір заң жоқ.



Сан алуандық — кемшілік емес, керісінше,  
бұл Құдайдың баға жетпес сыйлығы, сол сан  
алуандықтың арқасында шынайы өзара мо-  
лығушылық, нағыз даму жүреді.



Бүгінгі қазақ — ұлттық сана деңгейіне кө-  
терілген қазақ.



...Қазақстанның этномәдени әртектілігі де-  
геніміз біздің артықшылығымыз, бұл қатерлі  
тұзақ емес, өркендеуіміздің тұғыры.



Егер Қазақстанда тамаша бір таңда жүрттың бәрі үйқыдан оянып, адамдардың бәрінің бет пішіндері, көздерінің түсі мен қиықтары бірдей екенін байқаса, өмір сүру қандай көңілсіз болар еді!..



Колымыздан қайрат, санамыздан ақыл кетпесе, жақсылыққа жетеріміз хақ.



Әрине, экономиканы жаңаша жүргізу де, сыртқы саясат та, қорғаныс мәселесі де мәнді. Алайда осы жерде біздің жүрегімізді басқа бір гәп тербейді, атап айтсақ ұлттық сана, яғни ұлттың жан-жүрегі не күйде деген мәселе.



Бір-бірімен жауласатын діндер емес, адамдар мен мемлекеттер.



«Бүгін мақтанатыны қалмаған елдер өткенімен мақтанады» деген сөз бар. Біз өткенімізben де, бүгінімізben де мақтанатындай үлт болуымыз керек.



Азаттыққа, Қазақстан аумағының тұтастығына, нақтылы экономикалық, әскери, ақпараттық дербестікке қол жеткізу дегеніміз, мейлінше күрделі және ұзақ уақытқа созылатын, сондай-ақ ұлттың ерекше қажыр-қайратын қажет ететін үрдіс екенін сезіну әрбір қазақ үшін әліппелік ақиқат болуға тиіс.



Ұлылардың мұрасы да, мұраты да, атақданқы да, мерейтойы да кейінгіге үлгі. Ал үлгіге қарап үрпақ өседі.



Адамның ішкі жан дүниесінің тазалығы мен діни сенімі бір-бірімен тығыз байланысып, қатар жүрері хақ.



Материалдық игіліктермен ешқандай байланыспайтын даусыз ұлы құндылықтар бар, олар адам үшін әрдайым басым және негіз қалаушы болып қалады.

Олардың бастаулары — руханият, адамгершілік. Бұларды өз бойына жинақтаушы дін болып табылады, ол ғасырлар бойы қалыптасқан үлттық және діни дәстүрлерді, әр халықтың төлтума тарихи және мәдени тәжірибесін сақтап келеді.



Кез келген діннің жоғары мағынасы адам мен адамзатты жоғалтып алған жетілу жолына қайтару болып табылады.



Діннің тұтастығы — елдің тұтастығы: діни алауыздық ұлттық алауыздыққа апарып соқтырады.



Ислам дегеніміз мінез-құлық пен өмір-салт кодексін белгілеп немесе бағдарлап қана қоймайды, сонымен бірге моральдық құндылықтар мен психологиялық қалыпты орнықтырып отыратын тұтас жүйе.



Біз христиандық пен исламның, иудаизм мен буддизмнің жауласу үшін емес, бейбіт өмір үшін жаратылғанын білеміз.



Жалпы, екі заттан — діни фанатизм мен діни көрсөкүрлықтан бірдей сақтанған жөн.



Ислам дүниесінің әскери-экономикалық қатері деген сөз кейбір мұдделі күштер желеу қылышп җүрген жай бір ертегі. Ислам қатерінің жоқ болатын себебі, өзгені былай қойғанда, араб елдері, мұсылман дінін үстанған басқа да елдер сияқты үлттық мұдделер бойынша бөлініп жатыр.



Ислам — біріктірушілік сипаттағы ілім. Мұхамедтің пайымдауынша, барлық дін де бір сенімді білдіреді. Ол бірде-бір қагидасымен өзгелердің қагидасын жоққа шығарған жоқ. Ислам басқаның сеніміне төзіммен қарауға шақырады. Ислам елдерінде әр алуан діннің қатар жүретіні сондықтан. Мениңше, діннен адамдарды бір-біріне қарсы қоятын емес, бір-бірімен табыстыратын бастауларды іздеген абзал.



Казіргі заманғы және болашақтағы жаһандық қоғамдастықты Ислам әлемінсіз көзге елестету мүмкін емес.

Оған тосқауыл қоюдың кез келген түрі көрегендік емес, тіпті қатерлі де.



Біртұтас діни кеңістік құруға болмайды.



Біреу өзге дінді құрмет тұтпаса, өзге ұлттың өкіліне қол көтерсе, ол өз дінін қорлап, тұтастықтың бөлінбейтін бөлшегі ретіндегі туған халқы мен оның мәдениетін де қауіпті жағдайда қалдырады.



Дін — ұстараның жүзіндей нәзік нәрсе. Мұнда жаза басып болмайды.



Дін — рухсыздық пен ашкөздіктің алдына қойылған ең берік қамалдардың бірі.



Біз, қазақтар үшін ислам — бірінші кезекте біздің дүниетанымызды айқындайтын жоғары идеал әрі фактор, бір кездері ұмытылып кете жаздаған бабаларымызға және бай мұсылман мәдениетіне тиісті құрмет көрсетуге мүмкіндік беретін өзіндік Символ іспеттес.



Ислам — адамзаттың мәдени және материалдық мұрасының қомақты әрі өсіп бара жатқан қабаты.



Ислам діні — халқымыздың сенімді рухани тіректерінің бірі.



Дін — халық даналығының, мәдениеті мен салт-дәстүрлерінің шырақшысы.



Саяси жолмен реттеу әдістері нәтиже бермеген жерде Құдай Сөзі жарастыру мен үміттің жалғыз құралы болып қалады.



Алуан түрлілік кемшілік емес, керісінше, соның арқасында шынайы өзара толығу мен нағыз дамуға жол ашылатын Құдайдың баға жетпес сыйы.



XXI ғасырда діндер емес, тап осы революциялар халықтар үшін апиынга айналды.



Мен рухани дінбасылардың қазіргі жоғары миссиясы адамдарға өз сенімін біржақты бүрмалаусыз, түсінбеушіліктен, әсіресе өшпенділік пен ашу-ызадан ада, таза күйінде жеткізу деп білемін.



Рухани әмбебаптығымен қатар дін халықаралық ынтымақтастықтың ықпалды институты да.



Біздің бәрімізде хаққа бастайтын жол біреу. Сондықтан да діндер арасындағы әлдеқайда белсенді үн қатысадың уақыты жетті.



Дін — жаһандану дәүірі басталғанға де-  
йін дүниеде гуманизм мен үндесу идеясын  
сақтаған және таратушы бірден-бір жаһандық  
құбылыс.



Адамның санасында діни және ұлттық  
сезімдер әрдайым тығыз астасып жатады.



Дүниеде үлкен немесе кіші мәдениет, күшті  
немесе әлсіз діндер деген жоқ. Тек олардың  
ажырамас бірлігі ғана бар. Қазіргі әлем мозаи-  
ка тәріздес бір тасы түсіп қалса болғаны, кар-  
тинаның бәрі де шашылып сала береді.



Сөзден жаңылып, ізден адасатын ретіміз жоқ.




Мен рухани уағыздаушылардың бүгінгі биік мұраты өз дінін адамдарға кіршіксіз таза, артықшылық көрсетумен бүрмаланбаған, түсінбеушіліктен, әсіресе дүшпандық пен ашу-ызадан арылған күйде жеткізуінде деп білемін.



Жалпы, кез келген істе, ең абзалы түсіндіру, үғындыру. Экстремизммен құресте де солай ету керек. Әлемдік тәжірибе күш көрсетуге иек арта беру экстремистік пигылдарды қоздыра түсетінін дәлелдейді.



Мен «Адам Құдайға жақын болу үшін оған өмір бойы сапар шегуі керек» дегенді жұбашынш етемін.



Діни фанатизм нанымның кеңдігінен емес,  
шынайы діни мәдениеттің кемдігінен шыгады.



Өзімізді жамандай бергенде, бізге жақ-  
сылықты кім әкеледі?!



СЕГІЗІНШІ ТАРАУ

Өткенге қарап,  
ертеңінді түзе!







Адамзат өркениеті халықтар мен мемлекеттердің тарихи аренага келуінің, өсіп-өркендеуінің және одан кетуінің үздіксіз құбылысы.



Тарих дегеніміз тек өткеннің сабагы ғана емес. Ол едәуір дәрежеде болашақтың да көрінісі.



Бұғынгі ісімізге қарап үрпақтарымыз бізге баға беретін болады.



Біздің ұлттық тарихымыздың мән-мағынасы о бастан үш жүйе құраушы міндет тиімді әрі қүшті мемлекет, біртұтас толерантты қоғам және инновациялық экономика құруды шешуден тұрады.



Тарихтағы өз орныңды білу, бабаларыңды ру тәмпешігінің деңгейінде емес, жалпы ұлттық өреде мақтан тұту, ұлан-байтақ Еуразия тарихында ұлы істерге үйіткү болған қазақтар мен олардың бабаларының өзіндік орнын та-нып-түсіну, ұлттық қадір-қасиетінді қорлай-тын жаттанды жалалардан арылу, міне, ұлттық тұтастыққа кепіл болатын бүгінгі күннің ең қуатты тетіктері осылар!



Өз тарихың қаншалықты аңы болса да оған құрметпен қарau, менің ойымша, қазіргі кез келген өркениетті қоғамға тән болуы тиіс.



Өз тарихын сыйламаған, өзін де сыйла-майды.



Тарихи сенімділік — біздің ұлы тірегіміз.



...тарих қаншалықты келеңсіз болса да шындықтың ғана жағында.



...қазақ тарихы фактілердің өлі қоймасы емес, бұл өзі орасан зор дәйектеуші және дәлелдеуші күш.



Жалпы тарих тағылымының, атап айтқанда, мәдениет тарихы тағылымының халық жүргегінде жүргенде ғана мәні бар. Ал халық өз жадында аман қалуына пайдасы тиетінді ғана сақтайды.



Тарихтан тағылым алмағандар өтемін өз қанымен төлейді.



Тарих — кім-кімнен де жоғары тұрган үгым.



Тарихтың тағылымы біреу-ақ: ол ешқандай тағылым бермейді дейтін тұжырымға мен үзілді-кесілді қарсымын. Тарихты жеңіл-желпі аңыз сөздердің жиынтығы деп қарайтын адамдар шынында да тарихтан тағылым ала алмайды.



Иә, тарихтың ұлы ұстаз екені рас, дегенмен, мәңгі бақи оның аясында қалып қоюға болмайды.



Шежіре — халықпен біріктіруші, тұтастандырушы сипатта рөл атқаратын идеологиялық құрал.



Тарих ерте классицизм мен пролеткультшылдық әдебиеттердегідей емес, мейлінше жағымды, мейлінше жағымсыз кейіпкер деңгенді атымен білмейді.



...жылға бергісіз күндер, ғасырға бергісіз жылдар болады.



Тарих — өткеннің сабагы, алдағының кеңінгіге өнегесі.



Жаныңменен түсінбесең тегіңді,  
Жігеріңмен қайрамасаң кегіңді,  
Болмысыңмен біле алмасаң шегіңді,  
Үқпаганың —  
Өзіңді де,  
Өмірді.



Тарих жолы қашанды тайғақ.



Қазақ ұлтының бүгінге дейінгі қат-қабат тарихының мазмұны азаттық үшін қуреске са-йып келеді. Елдік пен бостандық жолындағы қүресіміздің байырығы скиф, гүн, оғыз, сақ, үйсін, қаңлы, қыпшақ замандарынан кешегі шерлі Желтоқсанға дейінгі сан ғасырлық шежіресі бар.



Адамзаттың жаһандық тарихында бей-бітшілік пен келісімнен өткен құндылықтар болған емес.



Бүгінгі қазақ халқы сонау есте жоқ ескі замандарда-ақ тұлпарларының тұяғымен дүниені дұр сілкіндірген көне сақтардың, ежелгі гүндардың, байырғы түріктердің үрпағы, үлкен үйдің қара шаңырағын атажұртта сақтап қалған халық. Бұл — ескіден қалған көне жәдігерлер, сақ заманының куәгері «Алтын киімді адамның» алтын тостағанындағы және Түрік қағанатының тарихын танытқан Орхон-Енисей мен Талас жазбалары дәлелдеген шындық.



Бабаларын қалтқысыз қастерлей алған халық балаларының болашағын да қапысыз қамдай алмақшы.



Тарихтың даңғыл жолынан Қазақстан да шет қалған жоқ. Оның ежелгі жерінде көпте-ген мемлекеттік құрылымдар өмір сүріп, олар да адамдар сияқты басынан балалық, жастық, кәмелеттік дәуірлерді өткізіп, құлдырау және құлден қайта бой көтеру дәуірлерін бастан кешірді.



Екі құрлық тоғысындағы бұл кеңістік тек жаһанды жаулап алар жойқын жорықтар-дың ғана емес, дін мен дінді, мәдениет пен мәдениетті, ұлт пен ұлтты ұластырап тарихи тамырластықтың да ұлы арнасы бола білді. Атақты «Жібек жолынан» көп бүрын біздің дәуірімізге дейінгі мыңжылдықтарда Ежелгі Элладаны Қыыр Шығыс халықтарымен жалғастырған даңқты «Дала жолы» тап осы өлкенің үстімен өтті.



Қазақтың тек өз төл тарихы, әдебиеті мен мәдениеті әлі талай үрпақ үшін таусылмайтын қазына. Үрпаққа өнеге болар өзіміздің хан-сұлтан, батыр-бағлан, би-шешен, ақын-жазушыларымыз қаншама? Ендеше, біз неге әйтеуір туырлықта дүниеге келді екен деп есте жоқ ескі дәуірдің ерлерінің жыртысын жыртамыз? Қайта, керісінше, бүгінгі үрпаққа өз ата-бабамыздың өнегелі тарихын ұсынбаймыз ба? Ұлттық тәрбиенің өзі осындайдан басталмаушы ма еді?



Егер сіз өткеннің бет-жүзін көргіңіз келсе, археологиялық қазба орындары мен кітапханалар тыныштығына асықпай-ақ қойыңыз. Біздің өткеніміз біздің өн бойымыздың ескі мен жаңаның күресінде, мәңгілік пен сәттіліктің бәсекесінде жатыр.



Біздің жасампаз тарихымызды елдің әрбір азаматы мақтан етуге тиіс. Сондықтан да, біз тамырын тереңге тартып, тәуелсіздікпен бірге мәуесін жайған тарихи танымды үрпақ сана-сына сіңіруіміз қажет.



Мәртебелі болашақ туралы армандаі отырып, мерейлі өткенімізді де жадымызда сақтаға-нымыз жөн.



Жұртыймыз халықтығына қатер, мемлекеттігіне қауіп төніп, айдарлысы құлға, тұлымдысы күңге айналғалы тұрган сын сағатта ағайын арасындағы бұрынғы өкпе-назды сыртқа сырып тастап, намыс туын көтеріп, ардақ тұтқан азаматының төңірегіне топтаса білген. Арғы-бергі тарихымызда оған мысал көп.



Қазақстан жерінде байырғы да төлтума өркениеттің өсіп-өркендерегін біз әрі мақтаныш, әрі таңданыс сезімде танып-біле бастадық. Қазақтың ұлан-байтақ қуаң даласы бір кездері Еуразияның ұлы қеңістігіне тіршілік ыргағын дарытқан. Көкжиекпен астасып, үнсіз мұлғи-ген бейіт-қорымдар әлемдік ауқымдағы оқиғалардың қуәсі. Осы даладан бірде бейбіт, енді бірде жорық сапарымен қиянға аттанған ба-баларымыз өзімен бірге талай елге жеткізген білім-біліктің кейін талай-талай айтулы жаңа-лықтарға тұғыр болғаны да белгілі.



Біздің ата-бабаларымыз Қыыр Шығыстан Батыс Еуропаға дейінгі, Сібірден Үндістанға дейінгі аумақты алып жатқан мемлекеттердің дамуында екі мың жыл бойы елеулі рөл атқарып келді.



Орасан зор кең-байтақ аумақты қоныс-танған көшпелілер Еуразияның этностық және мемлекеттік бет-бейнесін бір емес, бірнеше рет өзгертуі.



Нақ осыны маңдайымызға жазған Тарих біздің үрпаққа тәуелсіздік бастауында тұру құрметін беріп, туган Қазақстан үшін жауап-кершілікке бөледі.



...біздің тәуелсіздігіміздің, керек десеңіз, кез келген мемлекеттік тәуелсіздіктің қалыптасу тарихы дегеніміз бұл тек қана қоғамдық-саяси қайта құрудың тарихы емес. Бұл — өмірлік құндылықтардың, тіpten өмірдің өз мәнін психологиялық қайта парактаудың тарихы. Бұл — әлемдік өркениеттің құшагына халықтардың және біздің әрқайсымыздың қайта оралуымыздың тарихы.



Желтоқсанның ызғарлы табиғатын жұмсартып, жанымызды жарқын шуаққа бөлеп, көк аспан көңілімізді шайдай ашқан мемлекеттік мерекеміз біздің тарихи көшімізді ғасырдан ғасырга жалғай береді.



Тың игеру — жиырмасыншы ғасырдың аса зор әлеуметтік-экономикалық жобасы, оған үқсас жоба әлем тарихында болған емес.



Өзінің ядролық арсеналынан бас тартып және әлемдегі аса ірі ядролық полигонын мәңгілікке жауып, дүниежүзіне үлгі көрсеткен де Қазақстан болды.



Өткенге қарап ертеңінді түзе.



Әр халықтың тарихында есімі мәңгі өшпес-тей ел жадында сақталатын тарихи тұлғалар болады. Қазақ халқының тарихындағы сондай киелі тұлғалардың бірі ғана емес, біре-гейі — Абылай хан.



Біз аға үрпақтың абыройлы істерін одан әрі жалғап, бізден кейінгі үрпақ жаңылмай жүретін жол саламыз. Бұл жол — тәуелсіз Қазақстанымыздың гүлдену, өркендеу және даму жолы болады.



Өткеннің өкінішін айтқанда, елдің еңсесін езе түсетіндей етіп емес, тарихтан тағылым алыш, кемшіліктерден безе түсетіндей етіп айту керек.



Тыңдай біліп заманыңдың тынысын,  
Төрге оздыру қазағымды —  
Ұлы сын.

Мойындастан мұратыңды жаһанға,  
Сондағана...  
Пенде емес —  
Ұлысың!  
Сондағана,  
Ұлықтайды ұлысың.



Біз тойларды тарихтан тағылым алу,  
Ұлылықтан ұлағат алу үшін өткізуіміз керек.



Тарих бізбен тоқтап қалмайды.



Өмір де аққан дария сияқты, бір орнында  
тұрмақ емес.



Қасиетті қазақ жері — ата-бабаларымыздың даңқты тарихын атының тұяғымен жазып кеткен жер.



Жалпақ жүртүнді, исі алашыңды құрметтеу — алдымен өзің тұрган өлкениң тарихын, табиғатын танудан, адамдарын ардақтаудан басталады.



Өткеннің өнегесі — бүгінгінің баға жетпес байлығы.



Қазақ ұлты, басқа қай ұлтпен салыстырғанда да, мемлекеттікке лайық екендігіне сенімдімін. Мұны ол өзінің бүкіл тарихымен дәлелдеп отыр.



Болашаққа бағытталса ғана тарих сабактарының мән-мағынасы бар.



Ананың құлағы тұңғыш нәрестесінің алғашқы уілі мен сөздеріне қаншалықты сергек болса, тарихтың жаңа туып жатқан кезеңдердің сипатына көзқарасы да соншалықты ұқыпты.



Қазақстанның тарихы мен мәдениеті — бұл біздің жастарымыз жасампаздықтың қуатты энергиясын көсіп ала алатын бұлақ көздері.



Тарихтың арифметикалық есептерден бір ерекшелігі: онда біржакты жауап бола бермейді.



Артта қалған жиырма жыл — біздің жаңа  
еліміздің ұлы жылнамасының алғысөзі ғана.



Бабаларымыз бізге туымызды биік, жүре-  
гімізді таза, дастарқанымызды бай етіп ұстау-  
ды, осы дүрыс жолда өзімізге тиесілі, біз үшін  
пайдалы еш нәрседен де бас тартпауды аманат  
етіп тапсырды.



Қазіргі тарихтың кестесі тым тығыз. Бұрын  
жүзжылдықтарға, онжылдықтарға созылған  
нәрсе қазір қас-қагым сәтке ғана созылады.



Тарих шартты райға мойынсыну дегенді  
білмейді, сондықтан әрбір шешім тек бүгінге  
ғана емес, болашаққа да жауап беруі керек.




Қазақ тарихында қазақ үялатын ештеңе жоқ.



Тарих сабақтарын жалпы алғанда, сондай-ақ мәдениет тарихының сабақтарын жеке алғанда, олар халықтың жан-жүргөгінен орын алса ғана мән-мағынаға ие.



Қазақ халқының тарихы бай әрі күрделі. Біз тек өткенді тиісінше бағалап қана келешегімізді көз алдымызға елестете аламыз.



Тарих сол күннің сұранысына ғана сәйкес жазылса, оның тағдыры аяушылық тудырады.



Тарихты елдің азаматтары жасайды.



Оның ұлы адамдары туралы түсінігіміз болмай тұрып бірде-бір дәуірді дұрыс түсінуге болмайды. Себебі, адам тағдырының призмасы арқылы тек қана тарихтың барысын түсініп қана қоймай, оның рухын да сезінеміз.



Біздің үрпақтың бойындағы тарихтың тынысы — бұл поэтикалық метафора емес. Бұл біздің миллиондаған бабаларымыздың алдындағы жоғары жауапкершілік.



Жарқын болашақ туралы ойлаған кезде жарқын өткеніміз туралы ойлауды да ұмытпайық.



Қазақтың кең-байтақ жерінде аңызға айналмаған тұс тіпті аз, бәрі де қастерлі өлке, қасиетті мекен.



Өткенді тану, тарихты терең пайымдал,  
оған әділ баға беру — үлкен парасаттылық пен  
жауапкершілікті талап етеді.



Өткендердің қадірін білу, олардың ар-  
ман-мұдделерін жалғастыру — адамгершілік  
парыз гана емес, қоғамдық дамудың, ілгері ба-  
судың негізгі алғышарттарының бірі.



Өткен заманды аңсай емес, тауқыметі мол  
болса да, өзіне етene жақын өз тарихынды  
қастерлеу қажет.



«Көшпелілер мал жайып өткен жерінің  
бәрін өзімдікі санай берген» дейтін санды-  
рақты ғылыми түрде әшкерелеу шарт.



Тарихтың тағылымы бізден ел қамын ойлар  
естілікті тілейді.



Атадан қалғанның бәрі алтын емес.



Қазақтың бүкіл тарихы — бірігу тарихы,  
тұтастану тарихы.



Қазақ — тек бірігу, бірлесу жолында келе  
жатқан халық.



Ата-бабаларымыз бізге бірліктің, ынты-  
мақтың, тұтастықтың ұлы ұлгісін көрсетіп  
кетті. Қазақстанның арғы-бергі тарихының ең  
ғибратты тағылымы, міне, осында.

ТОҒЫЗЫНШЫ ТАРАУ

**Ел бірлігі –  
асыл қасиет**







Қазақ халқының ынтымағы мен бірлігі болмайынша, мемлекетіміздің тұтастық келбетін сақтау мүмкін емес.



Қазақтың бәрі де бір-біріне ағайын.



Ел бірлігі — ең асыл қасиет.



Бірлік, ынтымақ, сабырлылық пен парасаттылық, ең алдымен, өзімізге қазақтарға керек.



Бірлік — біздің қасиетті туымыз.



Үдеудің сыры — бірлікте,  
Жүдеудің сыры — алауыздықта.



Бірлігі жақсының тірлігі тапшы болмайды.



Бізді біріктіретін жеке бастың қамы емес,  
бізді ел туралы биік ұғымдар, ортақ мұдделер  
ғана біріктіре алады.



Көршілік қақысы мұдделерді біріктірмей қой-  
майды.



Бақ та, тақ та таласқанға бүйірмайды, ха-  
лықтық істе жарасқанға бүйірады.



Біздің бабаларымыз тірі болуы үшін бір болған, біз ірі болу үшін бір болуымыз керек.



Ортақ мұдде ортақ жетістіктерге жігерлендіруі тиіс. Бұгінде Орталық Азияда қоян-қолтық жатқан бауырлас елдердің бәрінің мұддесі біреу — ғасырлап күтіп, әзер қолы жеткен азаттықтан айрылып қалмау. Ол үшін ішкі татулықты да, сыртқы татулықты да көздің қарашығындай сақтай білу керек.



Тек бірлесіп қана, бүкіл халықтың күш-жігерін біріктіріп қана біз алға баса аламыз.



Бірлігі берекелі, тірлігі мерекелі, ынтымағы жарасқан елдің ғана ырысы мен табысы мол болмақ.



Білікті адам ойымен ғана жарқ етер,  
Бүгінгі таңда —  
Бой жарыстыратын уақыт па?  
Астанадағы әр ғимарат пен әр пәтер  
Бөленсе деймін бақытқа!



Тұрақтылықсыз баршаның бақуатты бол-  
масын халқымыз жақсы түсінеді. Біздің ха-  
лықтың кемел даналығы да осында.



Егер де халықтың бірлігі болмаса, отансүй-  
гіштік жанқиярлығы болмаса, бұл жер де, қа-  
зақ деген халық та, Қазақстан деген тәуелсіз  
ел де болмас еді.



Жұлдыздың жаманы айды күндейді.



Адам мен адамды, халық пен халықты, ел мен  
елді жақындастырар ең берік дәнекер — мұdde  
бірлігі.



Жүзге, руға бөлінушілік — қоғамды артқа тар-  
татын, ұлт тұтастығына нұқсан келтіретін нәрсе.



Ауызбіршілік жоқ жерде ешқашан да ұлт-  
тық идеялар жүзеге асқан емес.



Қазақты еш уақытта сырттан жау алған емес,  
ала алған да емес, қазақ әлсіресе — алауыз-  
дықтан әлсіреген, күшейсе — бірліктен күшейген.



Елдік тұтастыққа жік түсіретін, ағайын  
арасын сұытатын қадамдардан аулақ болайық.



Қазақ өзімен-өзі тату болмай, өзгемен ешқашан тату бола алмайды.



Ұлы той көппен көрген халқың үшін,  
Ешқашан адастырmas салтың үшін.

Жаратқан!

Қазағыма ынтымақ бер,

Тұрганда мына заман тартып ішін.



Біз Ордабасын бабаларымыздың бастама-  
сымен баян тапқан берекелі бірліктің құт ұясы  
деп білеміз.



Атырау мен Алтайдың арасындағы алып  
даланы жайлап жатқанда, мемлекеттің рет-  
теуші тетіктері іске қосылмай тұрган қазірдің  
өзінде, ешқашан да, еш жерде де қазақта тайпа  
мен тайпа тұрмақ, ру мен ру соғысып көрмеген!



Бабаларымыз өзгелердің төріне шығу үшін  
өзі де меймандарына қақ төрінен орын беріп,  
құрмет көрсеткен.



Ендігі жерде біз бәріміз бір атаның — қазақ  
халқының ұлымыз. Ендігі жерде бәріміздің  
туған жеріміз біреу — ол жалпақ қазақ даласы.



Еңсесі биік елдікке есі кеткен ғана топырақ  
шашады.



Өз халқын сүйетін адам, өз жұртына жақсылық тілеген кісі өзге халықтарды ашындырмайды, өз ұлтын ешкімге қарсы қоймайды.



Отбасында екеу келіспесе, шаңырақ шайқалады, екі басшы келіспесе, компания күйрейді, ал ел ішінде, ұл пен пен ұлыс арасында жанжал шықса, мемлекет құлайды.



Қазақстандағы ұлтаралық жарастықтың негізгі үйітқысы болу міндетін алдымен осы Атамекеннің иесі — қазақ халқы өз мойнына алуы керек.



Жаулықтың ең үлкені, ең қиыны — ынтымақ үшін ымыраға бара алмау.



Ордабасы биігінде бар қазақтың басын қосып, тірі қалу үшін ірі болу керектігін, ірі болу үшін бір болу керектігін ұрпақтан ұрпаққа ұқтырып кеткен үш ұлы биіміз — Төле би, Қаздауысты Қазыбек би, Әйтеке би — алдымен қазақтың бар баласының азаттықты мұрат тұтуын қамдаған.



Тайталасу жолы орасан зор сілкініске және сан мыңдаған адам құрбандығына әкеліп соғады.



Дүниеде өзара сенім мен ынтымақтастық негізінде шешүге болмайтын проблемалар жоқ екеніне сенімдімін. Мұны үғыну үміт ұялатып, болашаққа деген сенімді нығайтады.



Біз келісім саясаты мен парасатты ұлттық стратегиясыз ешқандай міндеттерді шеше алмаймыз.



Жаңа қоғамға өтудің, қуатты мемлекет құрудың негізгі тетігі — саяси тұрақтылық.



Кіммен дос болу, кіммен жақындасу, кімнен өзінді алысырақ ұсташа — ұлтты сақтаудың бір кепілі.



Егер қандай да бір ел тұрақтылықтан айрылса, онда күллі жаһандық тыныштыққа қауіп төнгені.



Тұрақтылық — этникалық әр ауан қоғамдарда ұлтаралық келісімдерге арқа сүйейді.



Тұрақтылық — саяси мәселелерді шешудің күшке негізделмеген тәсілдеріне көбірек сүйенгенде ғана сақталмақ.



...бұгінгі әлемде жаһандық түйіндерді шешудің қарапайым жолы жоқ.



XXI ғасырда төңкеріс тек ғылыми білім мен технологиялар саласында ғана мүмкін және орын алуға тиіс. Өйткені олар саяси тәжірибеде және әлеуметтік өмірде құрдымға апарады.



XXI ғасырда елдерді ұлы және қосалқы, бастаушы және еруші елдер деп бөлу — өркениеттілік түрғысында мүлде ескірген. Үстемдікке үмтүлу инерциясы прогрессе апартайды. Ол планетамыздың жекелеген елдері мен аймақтарын жаһандық дамудан шетқақпай қалдыру қаупін туғызады. Бұл — баршамыз үшін де тығырық.



Толеранттылық болмайынша жаһандық сенім де болмайды.



Саяси қайраткер тек кеңесшілерінің айтқа-нына ілесе бермей, өзі де осы заманғы қоғам-дық теорияны, ұсынылып отырған реформа-ның барлық егжей-тегжейін жетік білуі қажет.



Популистер саяси үпай жинау үшін ештеңеден тайынбайды. Ең бір қасиетті үгымдарды да саудага салады. Олар адамдардың үлкен уәдelerге, даңғаза ұрандарға оңай иланатындықтарын да жақсы біледі. Қоғамның небір күрделі мәселелерін оп-оңай шешіп тастауга уәде береді. Ал ондай жол көбіне-көп біреу-ақ: өз халқыңды жүртттың бәрінен артық халық деп үғындырып, оны басқаларға қарсы айдал салу.



...этнопопулизм — демократиялық қоғамның денесіне шыққан «безеу» емес. Ол — дерт. Онымен ұдайы күреспей болмайды. Ол жағдайға байланысты тез өзгеріп тұрады. Қоғамды одан әрі жетілдіргенімізде де қыр соңымыздан қалмайды. Мұндай кесапатпен әкімгершілік жолмен де, идеологиялық жолмен де күресіп, көп ештеңе бітіре алмайсың. Онымен күрестің жалғыз жолы — адам материалының сапасын жақсартуға күш салу.



Нагыз саясатшыға ең кемі үш қасиет керек: теориялық дайындық, экономикалық қызмет тәжірибесі, қабылданған шешімнің орында-луына жауапкершілік.



Нагыз саясаткер мемлекеттің басымдықтарын өзінің жеке басымдықтары етуімен де ерекшеленеді.



Халық сенімі — бұл награда, Мемлекет бас-шысы үшін одан биік ештеңе болуы мүмкін емес.



Оркестрдің бір ғана дирижері болуы тиіс, бірақ сонымен бірге ол жеке музыканттың абыройы мен рөлін тәмендетпейтін дирижер болуы тиіс.



Адам әрдайым кешегісімен, қазіргісімен және болашагымен өмір сүреді. Қазіргі кешегіге, өткендердің айналып, тез өтіп кетеді. Демек, біз өмір бойы тек болашаққа ұмтылып өмір сүреміз.



Мен үшін, алғашқы әрі бүкіл халық болып сайлаған Қазақстан Республикасының Президенті үшін — мемлекет тәуелсіздігі абстрактылық рәміз емес, нақты әрі ұлы тарихи жетістік.



Батылдың пен дербес шешімділік танытатын кезді тым ұзақ сұрыптауға сарп ету саяси мұраларды тиісті сапасынан айырып, құнарсыздандырып жібереді.



Тыңдай білу заманыңның тынысын  
Төрге оздыру қазағымды —  
Ұлы сын.  
Мойындастсаң мұратыңды жаһанға,  
Сонда гана...  
Пенде емес —  
Ұлысың!  
... Сонда гана  
Ұлықтайды ұлысың.



Жаңғырту саясатын құруда барлық сын-пікірлерді жай гана есепке алып қоймай, жағдайды онға қарай өзгерту бойынша шаралар қабылдау маңызды. Осыны ескерген гана сақтана-ды. Ал сақтанған — сақталады.

ОНЫНШЫ ТАРАУ

Ұлттық намыс —  
ұлы ұғым







Адамзаттың арманы — рухани бостандық  
пен сөз еркіндігі.



Адам мен оның өмір сүру құқығы, бостан-  
дығы — қоғам дамуының басты басымдығы.



Көзіз көнгерлік те, ессіз құстаналық та —  
бірдей қауіпті.



...соғыс ең басты құндылықты — адамның  
өмірін үзеді. Ал өмірден артық ештеңе жоқ.



Менің ойымша, ең жақсы идеология —  
өмірдің өзінен туындаітын идеология.



Ұлттық идея — идеология жәдігөйлерінің ашқан жаңалығы емес, миллиондаған адамдардың өздерінің ұлттық міндеттерін түсінуінің жемісі болып табылады.



Сын сагатта елдігіміз де, ерлігіміз де бойымыздан табылуға тиіс.



Селеулі қырлар,  
Жусанды,  
Көшімді көріп бусанды.  
Құдайым қуат берсе екен,  
Жұртымның жоғын қусам бір...



Шығыстың саяси мұddeлері көбіне-көп дәстүршіл топтардың қолдауына арқа сүйейді.



Кез келген, тіпті ең керемет деген идеялардың өзі, егер оларды жүзеге асыру үшін адам қанын, көз жасы мен тақсіретін талап етсе, көк тиындық құны болмайды.



Саяси элита жалпыұлттық мұдделерді білдіру, оны барынша дәл сәулемендерді, сөйтіп халықтың өзін-өзі танып, бағалау дәрежесін көтеру қабілетімен емес, сол мұдделерді жүзеге асырудың жолын табу қабілетімен де дараланып тұруға тиіс.



Коғамдық дамудың өзіндік ішкі заңдылықтары бар. Экономикада ертеңгі істі бүгін атқарып тастауга болар, бірақ саясатта ертеңгі істің ертең атқарылғаны жөн.



Бір кезде біреулердің еркінің қолжаулығы  
болған едік, енді тағы біреулердің пікірінің  
қолжаулығына айналмасақ екен!



Билік үшін құрестегі батылдық пен билік  
басындағы батылдық екі басқа.



Асықсақ асығайық, алайда аптықпайық.  
Бәрі жөнімен жүрсін.



Үлттық идеяны үлттық астамшылық идеясы-  
на айналдыру ешбір этносқа да опа берген емес.



Бойымыз да, ойымыз да азат болсын.



Әскери қақтығыстардың жосықсыз екенін әлемнің үғынғанына зор сенім артсақ та, парасатты мемлекет басқа үміттердің уәдесіне сеніп қана қоймай, өз елінің қуатына да сүйенетінін ұмытпағанымыз жөн.



Көпүлттылық — қоғамның кемшілігі емес, артықшылығы.




Адам баласы қай жерде жүрсе де өмірге шыр етіп түсіп, ана әлдиін естігеннен бастап, өзін қазақын, орыстын, украинмын, өзбекпін деп сезінеді. Адам бойындағы бұл сезімді қандай аса зор идеологиялық қарумен атқыласаң да, шапқыласаң да құртып жібере алмайсың.



Бүкіл кеңестік тарих жолында халықтардың  
құқын таптау мен тікелей геноцид қаны бар.



Саяси сұрқияларды адамның көз жасы да,  
күнәсіз құрбандықтар да тоқтата алмайды.



Біз тұрмыстағы ұлтшылдықты, чиновниктік  
мейірімсіздікті, бұқаралық ақпарат құралда-  
рындағы ойланбай жарияланған мақалаларды  
назардан тыс қалдырмауга тиіспіз. Бұл же-  
ке-жеке оқигалар болып көрінер, бірақ ол ауыр  
зардаптарға да әкеліп соғуы мүмкін.



Ұлт мәселесін шешудің әмбебап әдістері бол-  
майды.



Өз қатеңді өзің түсініп, өзің түзете біл: сая-  
сатшы даналығы дегеніміз — осы.



Кайықты қарсы есіп қара суға,  
Талай-ақ тұра келді таласуға.  
Қос қанат:  
Жігер-сенім алып шықты,  
Мызғымас мұратымды сан асуға.



Мемлекет, қоғам, ұлт деңгейінде пайымдай-  
тын зиялыштарымыз — біздің баға жетпес бай-  
лығымыз, сарқылмас қазынамыз.



Ұлыстың ұлы құні — көңілде кірбен қалмай  
қауышатын, түсіністікпен табысатын құн.



Наурыз — Жыл басы ғана емес, береке-бірліктің, ізгілік пен татулықтың, қайырымдылық пен кешірімділіктің, бауырмалдықтың мерекесі.



Жасампаздықтың, әсемдік пен махаббаттың нұрын шаша отырып, Наурыз мәдениеттің ұлылығы мен халқымыздың дәстүрлерін көрсетеді.



Наурыз — бұл достықтың, бірліктің, ізгілік пен Отанға деген қалтқысыз сүйіспеншіліктің мерекесі.



Уақыттың бір қасиеті — сенбесті иландарады, көнбесті ырқына алады.



Пасха — бұл адам бойындағы махаббат, ізгілік, өзара түсіністік және кешірімділік сияқты аса маңызды қасиеттерді ашатын нұрлы мереке.



Кеше әлі ерте болған, ал ертең кеш болып қалуы мүмкін сәттер болады.



Болашақты әрдайым ол өзіне тек бүгінгіні ғана емес, өткенді де сіңіретіндей етіп қалыптастыруымыз керек.



Кейде бүгінгі мүмкіндіктердің ертең қатерге айналуы немесе керісінше болып шығуы да әбден мүмкін.



Оңалту үшін кейде оташылық тәсілді де қолдануға турал келеді.



Иә, бүгін бәріміз де қыындықтар салмағын сезінудеміз, бірақ қыындықтарсыз кезең болған ба: тарихтың парагы кітаптың парагы емес қой?



Идеялық бағдарламалар докторларға емес, өмір шындығына негізделгені маңызды.



Дүние жаһандық, өзара тәуелділік сипат алды: жаһандық әріптестік үстемдік ету үшін бұл таным біздің берік принципімізге айналуы тиіс.



Бұғінгі әлемде бұған дейін ойлап табылғанды қайта ойлап табудың қажеті жоқ.



Мемлекеттік идеологияның бізге қажет бір ірі бұтағы, қомақты тармағы — халықты, ұрпақты патриотизмге, отаншылдық рухқа, елді, жерді сүюге, қоргауға жұмылдыру.



Әлсіздің өзіне одақтас болатын күштіні таңдамайтыны ақиқат, ал өзінен күштіге бағынуға мәжбүр болатынын аңдамайтыны өкінішті.



Байсалды саясаткер «өзімнің іс-әрекетім баспасөз бетінде нашар бага алып қалуы мүмкін-ау» деген қауіп-қатерден қорықпауға тиіс.



Реформаларды жақтайдындардың қатарын жаппай көбейту — экономикалық ғана емес, идеологиялық та міндет. Бізге қазір жартылай социалистік ұрандардың басын оңды-солды қоса салған қойыртпақ емес, реформашылық идеология керек.



Реформа тек ағымдағы танымал теория-ға бас ие салғандаға ғана емес, стратегиялық түргыда жан-жақты мықтап пайымдалса ғана нәтижелі болмақшы.



Қазақстан билік құрылымдарын революциялық жолмен күйрете салуға бой ұрган жоқ. Реформаның сипатына және даму барысына орай бірте-бірте өзгертіліп, жаңа сатыға көтерілді.



Революцияны алыпушпа жандар жүзеге асырады, ал реформаны бәріне байыппен қарайтын ақылды жандар жүзеге асырады.



...біз маңызы бойынша да, уақыты жағынан да елеулі өтпелі кезеңнен өтуге тиіспіз.




Жол іздең табар берік білік, терең танымың болмаса — адасуың тұқ емес.



Мені сынайтындар да табылар. Келісе қоймайтындар да бар шығар. Бірақ халқымыздың көпшілігі қолдап отырған жол — біреудің таптаурын ізімен кету емес, өз соқпағымызды тауып, сонымен жүргуге талпыну.



Адамзаттың тарихи тәжірибесі көрсеткеніндей, өркениеттік даму процесін кері бұрып әкету мүмкін емес. Жекелеген, тіпті данышпан адамдар, не кейбір қоғамдық топтардың бұрынғы және дәстүрлі қоғам үлгісіне қайтып барғысы келіп, қаншама үмтүлғанымен, одан бәрібір нәтиже шықпайды.



Жаңару процесін қолдан зорлап баяулатуға болар. Бірақ ол ішкі әлеуметтік қайшылықтарды ушықтыруға ұрындырады.



Ұлылардың ұлагатын ұмытпау — ел боламыз деген халықтың тарих алдындағы парызы.



Ұлылар қашанда халықты рухани асылдандырып отырған.



Кез келген реформа тек құшті өкімет пен көсемдердің саяси еркі арқылы және халықтың барлық топтары қайта құрудың мәнін түсінумен қабылдаған кезде ғана мақсатқа жете алады.



Ең басты міндет — қайталап айтамын, халықтың рухын көтеру. Өзіне деген сенімін арттыру.



Ақынның, шешенниң данагәй сөзі халық үшін қашанда қастерлі, қашанда қасиетті.



Иә, қай кезде де ұлыны ұлы түсініп, бағалаған!



Зиялыштар бірлігі — ел бірлігі.



Зияллылар — қай заманда да өмір сыры мен сынын жан-жүргегімен бағамдап, толғай білген, халқының келешектегі тағдырын зерек көнілмен болжай білген жандар.



Ұлттымыздың зияллылары — халқымыздың қиядағыны шалатын қырағы жанары, қоғамы-мыздың әділ қазысы.



Нағыз отаншылдықтың басты өлшемі де біздің зияллыларымыздың адалдығы мен әділдігінде, елі мен халқының алдындағы парызын терең түсінуінде.



Саясаттың негізгі мақсаты — адам қамы, қоғам қамы, ел қамы.



Зиялышардың саясаткерлер қолындағы ойыншыққа айналуға хақысы жоқ. Зиялышар саясаткерлерге қарағанда анағұрлым аргы келешекті болжауы керек.



...жалғыз жер байлығына сеніп қалуға болмайды. Ең алдымен, ел байлығына сену керек. Ел байлығы деген не? Ол — білім, ол — жаңа технология, ол — осы заманғы инфрақұрылым, ол — бәрінен бүрін отаншылдық сезім, қазақстандық патриотизм.



Өзгелердің қатесінен сабақ алып қана қоймай, жетістіктерінен де үйренген жөн.



Саясат безбеншісі — ел.



Саяси мұрат пен саяси ақиқаттың орнын алмастыру — әлі бұғанасы бекіп, қабырғасы қатақоймаған жас мемлекеттің шаңырағын шайқалтар шатқалаңдарға ұрындыруы мүмкін.



Біз өзіміздің арғы-бергі ата-бабаларымыздың жүздеген буынының қалдырған өсие-тін ақтап, мұраларын сақтап, молайта беру жолында топтасуға тиіспіз.



Әuletіміздің асуы да, дәuletіміздің тасуы да өз қолымызда. Не істесек те, ақылмен істейік, арзан ұранға ермейік. Ұшпа сезімге ерік бермейік.



Нақақ көз жасы мен нақақ төгілген қан ешқашан да ұмытылуға тиіс емес.



Жұмыс іstemесең, қателік те жасамайсың.  
Жұмыс барысында, өмір болған соң, кемшілік  
болмай түрмайды.



Кауесет деген қара күйе сияқты: күйдірмей-  
ді, күйелейді.



Проблеманы анық көре білу қажет, одан  
түйеңүс секілді «құтылуға» болмайды.



...жай жүрсең — қасірет қуып жетеді, асық-  
саң — қасіретті қуып жетуің мүмкін.



Тенізде дауыл тұрганда, түбіндегі қоқыс-  
тың бәрі судың бетіне шыға келеді.



Ақыл табылмай тұрып, ештеңе де табыл-  
майды.



Тарихтың соншама бай, сан қырлы болып  
келетіні сияқты, танымның жолы да сан тарау.



Намыссыз азамат өзгелер түгілі өзінің көсе-  
гесін де көгерте алмайды.



Бақыт — бағасын білгеннің ғана басында  
тұрады.

ОН БІРІНШІ ТАРАУ

Демократия  
жарлықпен  
орнатылмайды







Демократия дегеніміз, ең алдымен қатаң тәртіп. Өзінді, ортаңды, өмір сүрген қогамныңды сыйлау, құрметтеу.



...демократия дегеніміз — қогамның горизонтальды емес, вертикальды прогрессі.



Ашық қогамды демократиясыз құруға болмайды.



Жабық қогам — тіпті өте үлкен болған күннің өзінде де тек қапастағана үшу мүмкіндігі. Ал ашық қогам — бұл ашық аспанда үшу мүмкіндігі.



Әрбір ел, әрбір халық өзінше демократия құрады. Сондықтан да демократия үлгілері де, оған баратын жол да көп.



Демократиялану — тиянақ ахуалды білмей-тін, ұзаққа созылатын процесс.



Адам санасын азат ету, жанына еркіндік дарыту әлі талай уақыт алдымызда тұрган құрделі міндет боп қала беретін түрі бар.



Демократия тежеусіз биліктен де, босбел-беуліктен де толық ада мемлекеттік билікті қажет етеді. Оны міндетті құқықтық тәртіпперін сақтау арқылы ғана қорғауга болады, өйткені, азшылықтың, сондай-ақ керісінше, көвшілік-тің зорлық жасауы да бірдей қауіпті.



Таңдаудың бар болуын демократияның бірден-бір белгісі санап, оны бұлжымастай абсолютке айналдыру атымен қате деп санаймын.



Кедей елде демократиялар өркен жайып кете бермейді ... Мен де Америкадағыдай демократияны жасағым-ақ келеді, бірақ мен Қазақстанда соншама американдықты қайдан алмақпрын?



Иә, жана ақпараттық мүмкіндіктер бұрын-соңды болмаған еркіндікті көлденең тартады, алайда сонымен бірге өз бойында адамдардың сана-сезімімен ойнау және оны зақымдау қатерін ұстап тұрады.



Демократия — әлемнің өркениетті елдерінің таңдауы, яғни біздің де таңдауымыз.



Қай мәселеде де қатал үстануға тырысатын қағидамыз: бассыздыққа ұрындырып, қан төгіске апаратын демократияны біз тегін берсе де алмаймыз. Біздің демократияның негізі — саяси, әлеуметтік және ұлтаралық тыныштық. Біз әлдебір елдердің бізге «тыз етпе» демократияны шүғыл орната салғанымыз үшін қол соқсын деп тілемейміз. Ол үшін өз халқымызға өзіміз тәжірибе жасағымыз келмейді.



Демократия идеясы мәңгілік екені рас. Алайда демократиялану процесіне шектен шығушылық, бейберекеттік, бетімен лагушылық салдарынан туатын ұрыс-жанжалдың өте қауіпті екенін ескермей болмайды.



Тоталитарлық ертегілердің қандайы да түү барысында ізігілікті-ақ деген ұрандармен келген.



Тоталитаризм мен авторитаризм езгісінен құтылу — біржола еркіндік алу деген сөз емес. Ол тек одан аргы авторитаризмнен либерализмге жеткенге дейінгі дамудың қандай үлгісін таңдап алуға ғана мүмкіндік береді.



Тоталитаризм сүмдықтарын сұнқылдатып қаншама тізбектесең де, оның жойқын кесапты мен жымысқы жылымдығының сырын үгіна алмайсың.



Демократиялануды академиялық жалпылама үгім емес, келешек тағдырын кемелдендірудің нақты саяси тәжірибесі ретінде қарастырған жөн.



Демократияландыру — ақырғы ахуалы болмайтын үзаққа созылатын процесс.



Біз сияқты, тоталитарлық жүйеден жаңа шығып жатқан мемлекеттің басшысы үшін демократия дегеніміз өз көзқарасымызды, басшылық ету стилі мен әдістерін, ойлау жүйемізді түбекейлі өзгерту деген сөз. Ол — өз халқың үшін өзінді құрбандыққа шалу деген сөз. Ол — адамдардың пікіріне қулақ асу, ойындағысын ашық айтудына, сөйтіп, өзін еркін сезінуіне жағдай жасау, қай адамның да бұл дүниеге терезесі тең бол туғанын мойындау деген сөз...



Сөз бостандығы — бұл ақиқатты айту құқығы.



Бостандық пен демократия — ұлы игілік. Егер өз халқының шын перзенті болсаң, онда өз-өзінді тізгіндең, кейде жеке басыңда, саяси мансабыңа зияны тисе де, қалыптасқан демократиялық қагидалармен есептесіп қана қоймай, оны нығайтып, бірте-бірте дамытып, бір сатыдан бір сатыға биіктете беруге тиіссің.



Демократия жарлықпен орнатылмайды.



Демократияның сырт түрін орнату онша қиын емес. Алайда өктемшіл саяси мәдениетті: бұқараның тәртіпті, айтқаннан шықпауды көксеуін, саяси әлитаның күш көрсетуге, белден басып, ара-тұра ақылға сыймайтын да шешімдер қабылдауга бейімділігін еңсеру — қиынның қиыны.



Мен эволюциялық дамуды, қоғамды біртіндейп, жан-жақты дайындал алып барып, реформалауды жақтаймын.



Орнықты демократия дамыған жеке меншікті, орнықты парламентаризм дәстүрлерімен астасатын азamatтық қоғамды талап етеді.



Бүгінгі таңда біз Қазақстанды батыстық үғымдағы демократиялық мемлекетке де, авторитарлық мемлекетке де жатқыза алмаймыз. Екейін де жеткілікті әлеуметтік, саяси, институттылық және басқа негіздер жоқ. Алайда біздің өзгерістеріміздің демократияға баяшталғанын ешкім де жоққа шығара алмайды.



Демократия — бұл тек оппозициялық қызмет мүмкіндігі ғана емес, сонымен бірге мемлекеттің формасы, қоғамдық-саяси өмірдің климаты.



Конституция — кемел келешектің кепілі.



Демократиялық еркіндік жоқ жерде экономикалық еркіндіктің де болуы мүмкін емес.



Біз демократияның жеңісі деп тек жалпы адамның табигаты біздің халқымыздың этнотарихи мәдениетімен синтезделіп, ерекше ұлтың нысандарда көрініс берген кезде ғана айта аламыз.



Құқық жоқ жерде бостандық та, демократия да жоқ.



Азаматтық қоғам — бұл, егер қажет де сеніздер, сыйбайлас жемқорлық пен төрешілдікке қарсы «азаматтық қорғаныс».



Әлемдік тарихтың көрсеткеніндей, бейберекеттік, революция және соғыс — диктатураның тууының ежелгі серіктері.



Саяси демократияға бірнеше жағдайлар керек. Солардың ішінде қоғамда, әсіресе элита-лық қауымда кең қанат жайған өзара түсіністік қана емес, жеткілікті мөлшерде бұқаралық сипатқа ие, мемлекетке экономикалық жағынан тәуелсіз орташа таптың, бұғанасы бекіген құқықтық мәдениеттің, келісім мен мәмілеге бейімділігінің мәні зор.



Құқықтық мемлекет құруды мемлекеттің өзінен бастау керек. Бұл нарықтық экономиканың, демократиялық қоғамның қатаң талабы.



Біз құқықтық қоғамға негұрлым жақындаі түскен сайын, қазақстандықтар өздерінің еліміздің толыққанды және белсенді азаматтары екендіктеріне көбірек сене түсетін болады. Солай болған сайын, этнопопулизм вирусының қорек аясы азая түседі.



Құқық реформасы өзінің маңыздылығы мен күрделігі жағынан экономикалық реформамен тәң екенін атап өткен жөн.



Өркениетті қоғамда құқық мәдениеті әр адамның жалпы мәдениетінің қажетті бөлшегі, әрбір лауазымды адамға қойылар кәсіби талап болып табылады.



Демократиялық қоғам орнату — біздің халқымыздың саналы таңдауы.



Біз енді демократия мектебінен өтіп жүрген гана ел емеспіз, біз енді тоталитарлық қоғамнан кеше гана шыққан мемлекетте демократияның қалай қалыптасатындығын өзгелерге көрсетіп те берген елміз.



Мен тирания мен авторитаризмді жан-тәніммен жек көремін. Бірақ демократияны да асыра бағалағым келмейді. «Негұрлым көптің сөзі — соғұрлым әділ шешім» деуге бейім тұратын сыңарезулікten сескенемін.



Біз қарапайым, алайда сөзсіз бір ақиқатты түсінуге тиіспіз, бүгінгі дүниеде біздің бәріміз өзара тәуелдіміз. Және бұл өзара тәуелділік кез келген жайт пен тербелісті сезінетін шетін де сезімтал тетік болып табылады.



...Женіліс тапқан адам ешқашан өзін жазғырмайды, әрдайым өзгені кінәлауға ұмтылады. Ал жеңіс үшін қисыны қашқан деп тағдырға налу да, көңіл ауанына салыну да керек емес, нақты іс пен әрекет қана керек.



Демократия мен заңдылық — бөлінбейтін нәрселер. Бірінсіз екіншісі өмір сүре алмайды. Шынайы саяси мәдениет те тап осыған арқа сүйейді.



Демократия мен әсіре демократия — екі басқа ұғымдар.



Әлеуметтік жанжалды тек сот қана өркениетті диалогқа айналдыра алады.



Судья — халықтың ожданы. Ол мейлінше таза әрі кіршіксіз болуы тиіс.



Мен дұрыс жолмен келе жатқанымызды, одан ауытқымайтынымызды сезінемін.




Әркім өз сөзіне және іс-әрекетіне жауап беруі тиіс. Олай болмағанда, демократияның өзегі — бостандық бейберекетсіздікке айналмақ.



Егер қоғам ашық болмаса, онда оны жеке адамның немесе партияның диктатурасы алмастырады.



Отан, Тәуелсіздік, Тұрақты даму! Біздің ортақ ұранымыз осындай. Нақ осылар барша қазақстандықтардың тыныш та өркенді өмірін қамтамасыз етеді. Егер біз осы мәселеде біртұтас болсақ, онда қалғанының бәрі туралы келісе алаңыз.



Қазақстан үнемі демократия жолымен жүретін болды. Бұл менің нық сенімім және ұстымым, менің саналы таңдауым.



Біз конфессияаралық келісім орнату арқылы діни нағым-сенім бостандығын қамтамасыз еттік.

Біз түбекейлі экономиканы табысты жүргізу арқылы мұқтаждықтан бостандықты орнықтырық.

Біз еліміздің қауіпсіздігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ету арқылы адамдарды үрейлерден арылттық.

Біз баспасөз еркіндігін қалыптастыру арқылы сөз бостандығын баянды еттік.

Біз ашық та еркін қоғам құрдық.


Осының бәрі қазақстандық демократияның басты жетістігі деп білемін.



Мемлекеттің міндеті — адамдардың еңбек етіп, өмір сүруінің тиісті заңдық тетіктерін жасау, конституциялық құқықтарына кепілдік беру.



Біз сөз бостандығын қолдаймыз, бірақ біз гайбат сөйлеу мен жалған ақпаратқа қарсымыз.



Кез келген, тіпті ең тәзімді де кемел көп этности елде ұлтаралық келісім өздігінен, мемлекеттің белсенді ұлттық сипатының, қоғамдағы ұлттық элитаның белсенді рөлінсіз сақтала алады деп ойлау аңғалдық болар еді.



Демократия, еркін қоғам — бұлар жолдың соңы емес, ал біз оның дәл бастауында тұрмыз.



Мен баршаға мынаны нақты айтқым келеді: біздің жағдайда биліктің әлсіздігі басқарудан айрылууды және біз қол жеткізгеннің бәрінен кері кетуді білдірген болар еді.



Билік дегеніміз — ең алдымен жауапкершілік.



Демократияның әдемі тонын жамылып, айнала бере өзгениң қолымен от көсеп, өтірік өзеуреп, жүгенсіздікке жол беру, қогамды бей-берекеттік пен қылмыстың қек тұманына батыру — өзің отырған бұтақты балталаумен бірдей.



Бостандық пен либерализм заң алдындағы жауапкершілікпен тең тұрады. Адамдар емес, заңдар үстем болуы керек.



Либерализм жекелеген адамдардың «қырылғы мен тентектігі» алдында биліктің әлсіздігі ретінде қабылданбауы тиіс.



Мемлекеттің мемлекеттігі оның өз тағдырына қатысты ең маңызды мәселелерді өз бетінше шеше алуынан танылуға тиіс.



Мемлекеттер арасында пайда болуы мүмкін кез келген қарама-қайшылықтарды шешудің әмбебап тетігі тап осы Сенім.



Жалаң тойшылдықтан, желүшты сөзден ештеңе шықпайды.



Сан ғасырлар бойы рухани төлтумалықтың Темірқазығы тек зиялыштар гана емес, қара халықтың өзі болып отырган мұндай құбылыс әлемдік тарихта мейлінше сирек кездеседі. Бұл шын мәнісінде қазақ дуниетанымының төл қасиетін орнықтыруда түбірлі ықпал еткен, мазмұны мен болмысы демократияшыл құбылыс болатын.



Казіргі ру-тайпалық идеология — бұл ішкі ұлттық ыдырау мен бағдардан айрылудың ең қауіпті түрі.



Аз қазақтың азаматын ру, жүзге теліп сөйлеудің ендігі жерде ешқандай қисыны келмейді. Мазаққа қалмайық, үрпақты азапқа салмайық.



Демократия — тежеусіз билеушіліктен де, босбелбеуліктен де толық ада мемлекеттік билікті қажет етеді.



Демократия — оппозиция қызметіне жол ашу ғана емес, мемлекеттіліктің бір нысаны, қоғамдық-саяси өмір ахуалының бір деңгейі.



Менің жеті атама дейінгі жадымда сақталған бабаларымның ерліктері мен жеңілістері, бейнеттері мен жеңістері маган ұдайы дем беріп, өз жолымда кездескен кез келген қындықты жеңетіндей сенімге жетелеп отырды. Міне, дәл осындай идеология әрбір қазақтың жүргіне жылу берген.



Конституция — біртұтас бүкіл халық еркінің шығармасы.



...мен тәртіп диктатурасы, дәлірек айтқанда, ұлы мәртебелі Заңның диктатурасы салтанат құрғанын қалаймын!



Қазақстан Конституциясы — бұл заң мәтінінде жүзеге асқан жалпыұлттық идея.



Бәрі де кезең-кезеңімен, жөнімен, жолымен, қоғамдық дамудың деңгейін жан-жақты еске-ре отырып жүргізілуі керек. Ең бастысы, ел өмірін демократияландыру эволюциялық жол-мен жүзеге асырылуы шарт.



Әлем алуан қырлы, оның тартымдылығы да осында: ішкі мәні бірдей бола тұрғанымен, демократияның бірдей нысандары жоқ, әр ел міндетті тұрде өзіне тән бір ерекшелік қосады.



Конституция — бұл көненің қатып қалған жүрнағы емес. Ол қоғам соның конструкция-сынан жаңа жағдайларға және Қазақстан со-циумының сапасына сай келетін құқықтың әрі әлеуметтік инновацияларды көсіп алып оты-руға тиісті тірі механизм.



Заң — бұл билік пен халықтың арасындағы келісім.



Біздің Негізгі заңымыз — үстіне біз бәріміз бірлесе отырып жаңа қоғам, жаңа мемлекет, жаңа экономика орнықтырып жатқан сенімді іргетас.



Заңдарды білмейінше, оларға құрметпен қарап, бұлжытпай сақтамайынша, біз өмірдің бірде-бір саласындағы қыындықтардан ешқашан құтыла алмаймыз.



Болып жатқан құбылыстарға енжар қарап, оқигалардың аяқталуын мойынсынып отыратын кішкентай адам да, үнсіз көпшілік те болмауы тиіс.



Элита тек қана өзінің жалпыұлттық мүддені білдіру, жалпыұлттық мақсаттарды тұжырымдай білу, сол арқылы халықтың өзін-өзі бағалау планкасын өсіру қабілетімен ғана емес, сол мақсаттарға жетудің жолдарын көрсету қабілетімен де ерекшеленуі тиіс.



Парламент — саяси мәміле мектебі.



Анық көзім жеткені: билік басындағылардың популизмі де билік басындағыларға қарсылардың популизмінен кем қауіпті емес.



Сайлаудың билікке лайықты адамдардың келуіне көмектесетіні рас, бірақ оның қоғамды биліктен әлдеқайда аулақ жүргені жөн кездейсоқ адамдардан қорғауга ешқандай кепілдік бере алмайтыны да ақиқат.



Шынайы парламентаризм халықтың барлық топтарының мүдделері, әртүрлі пікірлердің спектрі көрініс тауып, еркін шығармашылық ахуал салтанат құрган жерде ғана өмірге келеді.



Заң бұзғанға зауал бар.



Егер қоғам билікті тек оның сыртқы әлем-жәлемі үшін ұнататындарға сеніп қалса, онбай қателеседі.



Адам еркін болмайынша — қоғам еркін болмайды. Қоғам еркін болмайынша — ой еркін болмайды. Ойың еркін болмайынша — ісің алға баспайды.



Адамзат өркениеті экономикада шаруашылық жүргізуң нарықтық тәсілінен, саясатта — демократиядан, идеологияда — пікір алуандылығынан тиімді еш нәрсе таба алған жоқ.



Тек еркін де демократиялық қоғам ғана біздің таяу болашақтағы тұрақтылығымыз бер бақытты өміріміздің кепілі бола алады.



Тарих тәжірибесіне көз жүгіртсек, қандай болмасын демократияның елдік мінезге, халықтық қалыпқа, мемлекеттік тәртіпке бой ұсынып отырған. Осы үш нәрсе бойынан табылмаған жерде, демократияның күлі көкке ұшып, демагогияның құбыжығына айналуы күмәнсіз.



Мен былай дер едім: егер саяси оппозиция болмаса, онда оны болдыруға тырысу керек.



Нагыз оппозиция болуы керек, оның болғанының өзі жақсы да. Оппозиция — демократияның белгісі.



Әлеуметтік жанжалды тек сот қана өркениетті диалогқа айналдыра алады.



Егер сапалы заңдар қабылданбаса, оларға үнемі түзетулер мен өзгертулер енгізуге тұра келеді. Заңдар жұмыс істемесе, бұрынғысынша «телефондық құқық» жұмыс істейтін болады, адамдардың санасына құқықтық ойлау орнықпаса, әкімшіліктің, тергеу мен құқық қорғау органдарының қызметіне қол сұгушылар табылады.



...мен сындарлы пікір айтатын дұрыс түр-  
паттағы оппозицияшыларды құттықтауға,  
қолдауға әрқашан әзірмін.



«Егерде өзім бүгін заңға қайши келсем,  
заңға қарсы шықсам, онда ертең құқығым та-  
банға басылған кезде менің сол құқығымды кім  
жақтайды, кім қолдайды?» деп ойлау керек.



Соттар қызметінің тиімділігі, олардың шыға-  
ратын шешімдерінің әділеттілігі мен жедел және  
толық орындалуы — кез келген мемлекеттің де-  
мократиялық дамуының негізгі көрсеткіші.



Азаматтықты қабылдау мен өзін азамат ре-  
тінде сезінудің арасында елеулі айырмашылық  
бар.



Егерде Қазақстанда бір адамның құқығы бүзылса, барлық қазақстанныңтардың құқығы бүзылуы мүмкін-ау деп санауга болады. Егер бізде дәлелдеуді қажет етпейтін осындай ұстанным әрекет ететін болса, онда бізде даму да болады, жарқын болашақ та болады.



XX ғасырдағы әділеттілік, бұл тек мораль категориясы ғана емес. Бұл — ұлттық және жаһандық табысты дамудың шешуші шарттарының бірі.



ОҢ ЕКІНШІ ТАРАУ

Сенгенің игілікті  
еңбегің болсын







Адам атына лайықты өмір сүрудің, дәулетті тұрудың мына заманда нарықтан басқа жолы жоқ. Өйткені, ол адамды өзін-өзі қамшылауға, жанын жеп жанталасуға мәжбүр ететін, сөйтіп оның бойынан тың қуат табуға итермелейтін жол.



Кәсіпкерлік — азаматтық қогамның тірегі, тұрақтылықтың кепілі.



Қазір ынтымақтасу мен іскерлік кезеңі. Қазір адамдардың өмірін жақсартуға бағытталған шағын қадамның өзі шалқыған даңғаза үраншылдық пен үдерे үндеушіліктен әлдеқайда маңызды.



Адам мәңгі жасамайды, мәңгі жасайтын —  
оның ісі.



Маңдай термен тұздамасаң дәмінді,  
Жүргегіңмен тербемесең әнінді,  
Өзің-дағы ұға алмасаң мәнінді,  
Өмір емес,  
Көшірме ол — кәдімгі.



Бізге ұлттық буржуазия керек. Ұлттың қалталы адамдары қалыптаспайынша, көп істің қиуы келмейді. Ұлттық буржуазия пайда болса, мемлекет мұддесін ойлайтын адамдар көбейер еді.



Адам түзелмей заман түзелmek емес.



Адамның әр ісі — жасаған барлық жақсылығы мен жамандығы кейінгі үрпақтар тарапынан әділ бағасын алмай қоймайды.



Мен әлдебір қисындардан гөрі ақылға қонымды қарапайым істерді артық санаймын.



Адамдарға ақыл-парасат өз өмірін жақсарту үшін берілген.



Бұлінген заманды түзеу адамның өз міндеті.



Адамдар, әдетте, өткеннің мәніне ертеңнің тұрғысынан үңіліп түсінеді.



Адамдардың жаңа дүниетанымы қалып-  
тасқанша ондаған жылдар қажет болады.



Адамзаттың ақылдылығы — бейбітшілікті  
сақтай білуінде.



Өзіне-өзі талап қоя білу, айнала-төңірегің  
және Отаныңа адал болу — жас өскіндерді тәр-  
биелеудегі шешуші мәселелер, міне осылар.



Адам өзін өзгеше етіп көрсеткісі келіп жа-  
ныққан кезде, сол сәтте өзінің мейлінше стан-  
дарттық әдіс-тәсілдерді қолданып отырганын  
байқай бермейді.



Өмірде нағыз табысқа — адамдарға және өз еліне пайда әкелетіндер гана қол жеткізеді.



Адам оқуға қабілетін жоғалтқан кезден бастап қартайғандық бел алады.



Тұлға болу дегеніміз жауапты болу дегенді білдіреді.



Адамдар ядроның қуатын меңгеруді үйренді, бірақ өздерін басқаруды үйрене алмады. Олар адамға деген сенімін жоғалтып, ядролық қуатқа сену сеніміне ие болды.



Адам әлемнің жеті кереметінің бәрінің тарихын біліп, бірақ ең маңызды әрі нағыз кереметті: әр алуандыққа толы дүниені біле алмасуы мүмкін.



Адам өзінің қайда бет алғандығын анық көрген кезде ғана биікке қарай күш-жігерімен ұмтылады.



...көптеген адамдар үшін ескі үміт-қиялдардан бас тартудың қыынға түсетінін ескерген жөн. Олардың сенімдерін мазақ етудің еш реті жоқ. Олармен сауатты да адал пікір таластырудың жөні бөлек.



Адамның ой-санасын бір сәтте өзгерту мемлекеттің қолынан келмейді. Бірақ мемлекет өзгерістер процесін объективті тенденцияларды түсіндіру, маңызды ақпаратты халыққа жеткізу жолымен және де, ең бастысы, өзіндік молшылыққа бағытталған әлеуметтік-экономикалық саясатты іске асыру жолымен жеделдетуге қабілетті.



...адамзат бүгінгі тарихи кезеңде өз тіршілігінің бірегей негізі ретінде қабылдай алар бірден-бір әмбебап өркениет моделіне қол жеткізген жоқ, жеткізе де алмайды.



Өзі еш нәрсеге жауап бермейтін адамның батырсынуы, батылсынуы, өзгені сынауы оп-оңай. Бәрінен бұрын елдегі татулықты сақтау шарт.



Бақ-дәулет, барша игілік адамның өз қолымен жасалады.



Біз құрып жатқан қогамның ең жоғары құндылығы — адам, бүкіл өзгерістердің бәрі сол үшін, соның игілігі үшін жасалып жатыр.



Әрбір адам біздің мемлекетімізге, оның байда даңқты тарихына, оның болашағына өзінің қатысты екенін мақтанышпен сезіне алатындаій іс-қимыл жүйесін талдап жасау қажет. Елдің проблемалары да, келешегі де барлық адамға жақын әрі түсінікті болуга тиіс.



Үмтыйласаң — үтарсың.



Қазіргі бәсеке заманында қажыр-қайратың, ынта-жігерің, тынымсыз ізденісің болмаса, көштен қалу оп-оңай.



Бүгінгі адам, әрине, біздің ата-бабаларымызға қараганда анағұрлым білімді, алайда, сонымен бірге анағұрлым салғырт, әсершіл және штамп пен ұрандар аясында ойлауға бейім.



Бүгінгі заманда өзінің асқақ арманына тек жаңаша ойлайтын, ерік-жігері мол, өзіне сенімді адамдар ғана қол жеткізе алады.



Жас азamat өзін әрдайым жан-жақты жетілдіріп отыруы тиіс.



Адам кешегісімен, қазіргісімен және келешегімен өмір сүреді. Қазіргі сәт тез өтеді, тез кешегіге, өткенге айналады. Яғни, біз өмір бойы келешекке ұмтылумен ғұмыр кешеміз.



Тұлға болу дегеніміз жауапты болу деген сөз. Ол үшін ағынмен малти бермей, белсенді болу қажет.



Адамзат баласы жүздеген мың шақырым қашықтықтағы Айдаң бетін зерттеді, алайда аяқасты дерлік жерде жатқан теңіз түбінің оннан бір пайызы да зерттеле қойған жоқ.



Жаңа буын өзгерістерден қаймықпай, керісінше, өршіл, серпінді жобаларды ұсынуы тиіс.



Өзгенің өріне шығу үшін өзің де мейманыңа төрінен орын бер.



Еңбек ет, өзіңді, отбасыңды асыра, ба-ла-шағаңның қамын ойла: өзіңде де жақсы, үкіметке де жақсы.



Саламатты өмір салтынсыз, тамақты тарта ішпейінше, қымыл-қозгалыссыз және спортсыз ұзақ өмір сұру мүмкін емес. Бұл — өмірдің ашы шындығы.



Ұлттың бәсекелестік қабілеті бірінші кезекте оның білімділік деңгейімен айқындалады.



Кез келген мәселенің түп тамырына көз жіберген жөн. Құдай бізге аз сөйлеп, өзіміз сияқтыларды көбірек тыңдалап және түсіну үшін бір ауыз бен екі құлақ берді. Демек, алуандылық — Жер деп аталатын планетадағы ең басты феномен. Ол әрқашан да қызықты болған және бола береді.



Жоспардан өмірдің өзі батыл екенін тәжірибеліз көрсетіп отыр.



Алға кеткен әлемдік өркениет көшінің шаңын жүткымыз келмейді. Ал бұл үшін бәріміз өз күш-қуатымызды, халқымыздың бойындағы барлық парасат пен зият күшін бір жұдышыққа жұмылдырып, оның күллі әлеуетін барынша пайдалануымыз қажет.



Ендігі жерде біз тізімнің соңында қалғымыз келмейді.



Реформа бір күнде жүзеге аспайды. Саяси-әлеуметтік жағдайларға сай әр істің өз уақыты, кезеңі болады.



Реформаларды жақтайтындардың қатарын жаппай көбейту экономикалық қана емес, идеологиялық та міндет.



Экономикалық тиімділік, жеке адамның өз басының экономикалық еркіндігі және жеке меншік деген бағдарлы ұғымдарды қалың бұқара түсінбейінше нарықты құруға болмайды.



Экономикағылымға арқа сүйемейінше бәсекеге қабілетті бола алмайды.



Егер экономика нарықтық болмаса, ол тоқырауға тіреледі.



Экономика әрдайым саясаттың бастауы болып табылады. Алдымен экономика түзіледі, содан кейін оның үстіне саясат қаланады.



XXI ғасырдағы Қазақстанның табыстарының кілті мына төрт тағдыр шешерлік ұғымдар болып табылады. Олар – Жаңғырту, Халықтың әл-ауқаты, Инновация, Интеграция.



Халықтың әл-ауқаты — ел дамуының негізгі шарты.



Жаңғырту — бүкіл мемлекеттік саясаттың негізгі өзегі.



Интеграция мен ашықтық — біздің саналы таңдауымыз.



Біз ат тәбеліндей ғана халықпыш. Сондықтан бізге ең керегі уақыт оздырмай, экономиканы түзеп, мықты мемлекет болу. Қарулы Құштерімізді, қауіпсіздігімізді нығайту. Ол үшін күш-қуат керек. Ол үшін экономика керек. Осыларға қол жеткізу үшін тыныштық керек. Ішіміз бүтін болмаса, сыртымыз түтін болады, өзгелер түтіп алады.



...ықпалдастық пен орнықтылық экономикадан туындаиды.



Тек дұрыс ұстаным табу, әлемнен нені алатыныңды және оған нені беретініңді айқын түсіну ғана тұрақты даму мен өзге әлеммен үйлесімді қатар өмір сұрудің кепілі бола алады.



Экономикалық pragmatism — XXI ғасырдағы қауіпсіздік жүйесінің түйінді тірегі.



Бейбітшілік және келісім — қоғамды экономикалық жағынан дамытуудың, азаматтардың өмір сұру сапасын көтерудің басты белгісі.



Біз экономика үшін тіпті дағдарыс кезеңінде де пайда табуды үйренуге тиіспіз.



Сауда жасайды екенсің, демек, ісіңе сенім артып, үмітінді үкілейсің. Өйткені, сауда өздігінен жүретін үдеріс емес.



Араласу көп болған жерде сенім де көп. Сенім бар жерде қарсы тұрушылыққа орын жоқ. Бұл — қарапайым, алайда өте құнды ақиқат.




Кәсіпқой болу деген сез — өзің шынымен де айналысқың келген өмірлік істі таңдай білу. Және оның өзін жақсы тұргыда жүзеге асыру қажет.



Кәсіп дегеніміз — табысты өмірдің негізі.



...кәсіпкерлік — денсаулығы мықты жандардың үлесі.



Кез келген кәсіп иесі өз шаруасын тың тәсілмен, жаңа әдіспен істеуге үмтүлса ғана ешкім жетпеген табысқа жете алады.



Кәсібілік, отаншылдық, ұзақ мерзімді міндеттер қоюға қабілеттілік, оларды жаңа жағдайда шеше алатын білімділік пен жігерлілік — кадрларды іріктеу мен жоғарылатудың басты өлшемі.



Жаңа түрпатты шенеунік өз ұлтының отаншыл әрі әділ, ісіне адал және кәсібілік білікті қызыметшісі болуга тиіс.



Дағдарыстар келіп-кетіп жатады. Ауыртпалық салғанына қарамастан, олар, сайып келгенде, тоқыраған участекерде экономиканы сауықтыруға, ал бәрінен бұрын ерік-жігерімізді жұмылдыруға, жинақы да ұйымшыл болуга жәрдемдеседі.



Ұлттық дағдарыс — көп ретте экономикалық дағдарыстың салдары.



Дағдарыс — сел сияқты. Ол әлсіз бөгеттерді шайып кетеді, ал құштілері қалады.



Ашкөздіктің аяғы жақсылыққа апармай-  
ды. Қазіргі жаһандық дағдарыс — сол аш-  
көздіктің салдары.



Жаһандану жағдайында әлемдік экономи-  
каны рецессиялық тығырықтан бүкіл ұлттар  
қоғамдастығының бірлескен күш-жігерімен  
ғана алып шығуға болады.



Бәсекеге қабілеттілік мәселесі тек эконо-  
микаға тірелмейді. Бұған адам ресурстарына,  
білімге, денсаулық сақтауга, экологияға, сая-  
сатқа және ел ішіндегі тұрақтылыққа қатысты  
мәселенің бәрі кіреді. Тұркі нәтиже осылар-  
дың жиынтығынан шығады.



Дағдарыстар мәңгілік емес.



Бүгінгі күн бәсеке заманы. Жеткен биікке мәз болып, тоқтап қалу — көшкен жұртта қалғанмен бірдей.



Жер қойнауының байлығы — барша келер үрпақтың игілігі. Бұған қарап босаңсымауымыз керек. Керісінше, Үкіметті қоса, біздің бәріміз ондай байлық қолымызда болмағандай өмір сүріп, жұмыс істеуге тиіспіз.




Бүгін өткен жұз жылдықтың 60-жылда-рында кеңінен тараган тұтынушылық қоғам тұжырымдамасының елесі айқын сезіледі.



...жұмыссыздардың барлығы бірдей жұмыс істеуге үмтүлмайды. Өкінішке қарай, адамдар арасында жаңа біліктілікті меңгеруден гөрі базарда «такси» қызметін атқаруды қалайтын психология сақталып отыр.



Кай қоғамда да адам өз еңбегімен қадірлі.



Масылдық — қауіпті індет, оны еңсеру жаупты міндет.



Тұтынудың бұл идеологиясы бұлдіруші болғанына бүгін бүкіл әлем дамыған елдерінде жаппай әлеуметтік масылдық туындасты және жаһандық дағдарыстың басты себептерінің бірі болып табылады.



Тапқаныңды ғана таратса аласың, қолыңда  
барыңды ғана бөліске саласың.



Экономикалық дәuletіміз артпайынша, ру-  
хани сәuletіміз де артпайтынын үғынуымыз  
қажет.



«Байлық — мұрат емес, жоқтық — үят емес»  
деген сөз бар. Ойлап отырсақ, баяғының айт-  
қанының бәрі қағидат емес, дүмшес молданың  
айтқанының бәрі шаригат емес.

Байлық — мұрат, егер оның шапағатын  
туған халқыңмен бірге бөліссен.

Ал, жоқтық мына заманда үят!



Адамдар елдің өмірі қалай өзгеріп жатқа-  
нын өздерінің түрмис-тіршілігінен байқайды.



Бүгінгі таңда масылдыққа еш жерде орын  
болмауга тиіс.



Мен Қазақстандағы әлеуметтік жаңғыру  
бәрінен бұрын барлық қазақстандықтардың  
өмір сапасын арттыруға, кедейлердің санын  
азайтуға және әлеуметтік дүбәралыққа жол  
бермеуге бағытталуы керек деген сенімдемін.



Нарық — ебі жоқтың еншісін алыш, құтын  
қашырады, ал алғырдың, амалшыл адамның  
несібесін асырады.



Ат төбеліндей ауқаттылар тобы қалың ке-  
дейлер тобынан тым шырқап, оқшауланып  
кеткен қоғам гүлденіп, дамымақ түгіл, өмір  
сұрудің өзіне қабілетсіз болып шыгады.



Сен үшін шенеунік шешім қабылдайтын  
қоғам — келмеске кеткен қоғам.



Басты мақсат тайға таңба басқандай айқын  
көрініп тұруы қажет. Эйтпесе, ол әркімнің ішкі  
есебімен өзгеріп тұратын болса, ықпалдастық  
жайындағы жалаң ұрандарға ауыз ауыртудың  
жөні жоқ. Мен үшін қазіргі кезеңдегі ықпалдаст-  
тық бірлесудің мақсаты айқын. Ол — тауар, ка-  
питал, жұмыс күшінің еркін қозғалысына кедергі  
келтіретін кез келген техникалық және алым-са-  
лықтық шекараны жойып, ортақрынок жасау.



Казір болып жатқан өзгерістердің және алдымызда тұрган мәселелердің ауқымын бағамдау үшін бүгінгі күнге кешегімен салыстыра отырып көз тастау қажет.



Нарық жағдайында фирмалардың, компаниялардың, холдингтердің бәсекелесетіні сияқты, әлемде мемлекеттер де бәсекелесіп жатады.



Әркім өзінің игілігіне еңбек етсін, сонда мемлекеттің де игілігі артады.



Нарық деген сол — жарысу, жағаласу, бәсекелесу, таласу, тартысу.



Егер еркін рынок шын мәнінде еркін болса,  
ол елде жаңа өндірістер туғызады.



Мемлекеттің бәсекелестікке қабілетін көр-  
сететін басты нәрсе — экономикасы.



Қарқынды экономика болмайынша біз мек-  
тептер мен ауруханаларды қаржыландыра ал-  
маймыз.



Үлт пен мемлекеттің аман қалуының жалғыз  
жолы — экономиканы ашық ұстау, әлемдегі  
қуатты экономикалық аймақтармен қапталда-  
са араласып-құраласу.



Айрықша жолды ойлап табуга тырысушылық экономикадаған емес, саясатта да жарға жықпай қоймайды.



Біз бүкіл Қазақстанды алып құрылыш алаңына айналдырып, мындаған жұмыс орнын құрамыз.



Мемлекет деген, ең алдымен, адамдар. Мемлекет бәсекеге қабілетті болуы үшін, адамдар, яғни бүкіл ұлт бәсекеге қабілетті болуы керек. Ол үшін әрбір адам өзін-өзі қамшылауы тиіс.

ОН ҮШІНШІ ТАРАУ

Дәстүрінді  
баққаның —  
ұмітінді  
жаққаның







Әйел — өмір тірегі ғана емес, әйел — өмірдің өзі.



Шығыс халықтарының арасында, жалпы мұсылман елдерінде әйел затын бөлекше бағалайтын, қарындасты қатты қастерлейтін халықтың бірі де, бірегейі де — біздің қазақ.



Әйел өзін сенімді сезінген жерде отбасы да берік, балаларының болашағы да жарқын.



Жер бетіндегі жақсылық, ізгілік, қайырымдылық атаулының бәрі де ананың ақ сүтінен тарайды.



Кыз тәрбиесі — ұлт тәрбиесі.



Когамның даму барысын өмірде — нәзік,  
көңілде биік, ал істе мығым әйелдер қауымын-  
сыз көзге елестету мүмкін емес.



Әйел — бесік иесі. Демек, әйелдің жайы тұ-  
зелмей — бесігіміз түзелмейді, бесігіміз түзел-  
мей — еліміз толық түзелмейді.



Әйел — ошагымыздың үйитқысы, Отаны-  
мыздың сақтаушысы, береке-бірлігіміздің ал-  
тын діңгегі, ұлттық мәдениетіміздің мәйегі.



Адам ата-бабасын жамандап абыроў тап-  
пайды. Бірақ өткеннің жақсысынан үйреніп,  
жаманынан жирене алмаған үрпақтың да көсегі  
көгереп қоймасы белгілі.



Рухани қасиеттерді берік ұстанып, қастерлеп сақтаудың үлгісін көрсетуші, айрықша адам — рудың жасы үлкен ақылман ақсақалы болған. Себебі ол тірі тарихқа айналған данышпан ұстаз саналатын. Көшпелілер қоғамында ақсақалдар билігі әлеуметтік үйім институттарының бірі болып табылды, өмірден өткен ұрпақтар мен көзі тірі адамдар арасындағы өзара рухани байланыстың дәстүрлі дәнекер тетігі ретінде қызмет атқарды.

Демек, біз ақсақалын ардақтаған, салт-жорасын салмақтаған жасампаз жүрттың ұрпағымыз.



Өзіне-өзі сын көзімен қарамайтын халық болашағына көп үміт арта алмайды. Біз бойымыздың озығымыздан үйреніп, тозығымыздан жирене білсек қана өркениетті мемлекет, еңселі ел боламыз.



Біз ұлы жолға шықтық, арманды сапарға  
аттандық. **К**олымызда — тәуелсіздіктің көк  
Туы, Елтаңбамызда бар халықтың басын  
біріктірер киелі шаңырағымыз, арманымызды  
алға апарар қанатты пырақтарымыз бар.

**Ы**лайым, бетімізден жарылқасын!

**Ү**лкен жолдың үстінде бізді ата-бабалары-  
мыздың аруағы желеп-жебеп жүре берсін!



Біздің болашағымыз — жастар. Біз жастар-  
ды жаңа өмірге бейімдей білуіміз керек.



Еркін елдің ертеңі — кемел білім мен гылымда.



Әрбір шаңырақ үрпақты болсын, ырысты  
болсын, ырысы жүртқа жұғысты болсын!



Тегін дүние мен жатыпшерлік құндылықтардың бәсін түсіріп, еңбектің мәнін кетіреді, адамды босаңсытып, оның өміршеңдігін төмендетеді.



Мінезіміздің жақсы жағын жалғастықпен сезіне алмағанымыз да, жаман жағынан біржолата безіне алмағанымыз да рас.



Кешегі бабамызben ғана емес, бүгінгі бағамызben, ертеңгі шамамызben де мақтана алатын ұл болуды ойлауымыз керек.



Жаңа құндылықтар жастардың жүргегіне тезірек жол табады.



Кез келген ел өзінің келешегін өскелең үр-  
пағымен байланыстырады.



Еңсесін енді көтеріп келе жатқан біздің еліміз  
үшін дарынды үрпақтың орны мұлде бөлек.



Домбыра үніне үйимаған, жусанды дала-  
ның иісін аңсамаған қазақты қазақ деп айту-  
дың өзі қиын.



Қандай байлық болмасын, оның түбі бір  
сарқылатыны хақ. Сарқылмайтын, терең бой-  
лаган сайын, керісінше, еселеп, арта беретін  
бір байлық бар, ол — білім. Ал білім негізі —  
мектепте.



Жаңа үйдің берекесі мен ырысы қабырғасының қиуымен емес, сол үйдегі теңнің жиуымен, демек, отбасындағы сыйластықпен, татулықпен кіреді.



Дарынды үрпақ — қарымды үрпақ.



Отбасында адам бойындағы қасиеттер жарқырай көрініп, қалыптасады. Отанға деген ыстық сезім жақындарына, туған-туысқандарына деген сүйіспеншіліктен басталады.



Біздің жастарымызға мақсаткерлік, болашаққа деген шүбәсіз сенім, мойымас жігер, кез келген істі қолға алуға деген құлшыныс тән.



Жас кезінде ұлken іске құлаш сермемеген  
жаннан жасы ұлғайғанда ұлken нәтиже күту-  
дің өзі бекершілік.



Ертеңін ойлайтын, болашағына үмітпен қа-  
райтын көшелі ел, ең алдымен, үрпақ тәрбие-  
сіне, шәкірт біліміне ерекше назар аударады.



Егер сыпайылық адам көркі десек, ол да-  
рынды жастарды одан әрі көріктендіре түседі.



Жастарымыз салт-дәстүрімізді көздің қара-  
шығындағы бағып жүретін, көптің көкейіне үміт  
отын жағып жүретін, адамзаттың озық ой кө-  
гінде ағып жүретіндей болуы тиіс.

ОН ТӨРТИНШІ ТАРАУ

Өрелі рухсыз  
өркениет жоқ







Мәдениет — ұлттың бет-бейнесі, рухани болмысы, жаны, ақыл-оїы, парасаты.



Мәдениеті жогары, тарихи танымы орнықты, ойы сергек елдің рухы да биік. Рухы биік халықтың іргесі де берік, әлеуеті де қуатты, ынтымағы да жарасты болмақ деп есептеймін.



Өркениетті ұлт, ең алдымен, тарихымен, мәдениетімен, ұлтын ұлықтаған ұлы тұлгарымен, әлемдік мәдениеттің алтын қорына қосқан ұлкенді-кішілі үлесімен мақтанады. Сөйтіп, тек өзінің ұлттың мәдениеті арқылы гана басқага танылады.



Еуразияның ең бір бай да бірегей мәдениеті – қазақ мәдениеті.



Өзіндік төл мәдениетін құрған бірегей көшпелі өркениет бүгінгі күні әлемдік өркениеттер Олимпінен заңды түрдегі орнын иеленіп отыр.



Интеллигенция — ұлттық мұдденің шын жоқшысына айналған әлеуметтік топ.



Материалдық игіліктермен салыстырғанда мәдени игіліктердің өзіндік гажайып ерекшелігі бар, олар ешқашан бөліске түспейді, қайта тұтынушылар қатары артқан сайын ол еселеп өссе түседі.



Шынайы ұлттық сана жоқ жерде ұлттар мен  
өзге ұлттық мәдениеттерді шынайы құрметтеу  
де мүмкін емес.



Адам өмірінің шегі бар, ал білімнің шегі жоқ.



Мәдениет деген үғым аясында адам он-  
сыз өмір сүре алмайтын аса нәзік құбылыстар  
тоғысқан.



Біздің барлық күш-жігеріміз бен біздің бүкіл  
тәжірибеміз бір нәрсені дәлелдейді — мәде-  
ниеттер мен өркениеттер арасындағы үнқаты-  
су керек қана емес, сонымен бірге мүмкін де.



Мәдениет болмаса ұлт та өмір сүре алмайды.  
Ұлттың мәдениеті — оның қуат өрісі, қорғаныс  
тетігі.



Қазақтар орыс мәдениетін жете меңгерген.  
Ендеше, қазақ әдебиеті де Қазақстанда тұра-  
тын барлық ұлт адамдары үшін жеті қат жер  
астындағы нәрседей алыс құбылыс болмаса  
керек. Қазақ әдебиеті, тілі, ауыз әдебиеті, му-  
зыкасы әрқайсымыздың да рухани дүниемізді  
орасан байыта алады.



Мәдениет, ақыр аяғында, қазіргі заманғы  
енбек адамына, оның жасампаздық қадамына  
қарай бетбұрыс жасауы тиіс.



Мәдениет, ең алдымен, жәдігерлік. Оны үрпақтан үрпаққа жеткізуши — зиялы қауым.




Біз, қазақстандықтар, бір экономикалық немесе саяси кеңістікте ғана емес, бір мәдени кеңістікте де өмір сүріп жатырмыз деген ақиқатты сезіну бірте-бірте орныгады. Біз әншайін ғана бұрынғы кеңес адамдары емес, сапалық жағынан жаңа мәдени қауымдастық жасаушылармыз.



Беталысы күнде өзгерген алмағайып дүниеде адамзат үшін ешқашан өзгермелеген, өзгермейтін темірқазықтар бар. Ол — білім! Ол — еңбек!



Біздің кезімізде барлық ұлан-асыр ойлары-  
мызды жүзеге асыру үшін ең қажеттісі — өзіңе,  
өз күшіңе, өз болашағыңа сену. Сенімсіздік өз  
еліңе, өзіңнің халқыңа, өз-өзіңе сенбегендік  
болып оралады.



Ел болашағының баянды болмағы баста  
бұлықсыған білім мен қолда ойнаған еңбекке  
байланысты.



Тұлпар дұлдұлдігімен, адам білгірлігімен  
алады.



Білікті білім таусылған жерден елес пен  
қиял басталады.



Өмір толассыз өзгеріп жатыр: бір кездегі  
білген аздық етеді.



«Өмір бойы білім алу» әрбір қазақстан-  
дықтың жеке кредитосына айналуы тиіс.



Адамға, оның білім алына, мәдениетке  
қаржы салу — бұл мемлекеттің болашағына  
қаржы салу.



Біздің халқымыз үшін білімділік әрдайым  
ен жоғары моральмен барабар айрықша құн-  
дылық болып келген.



Адамзатты терең ойға кемел білім жетелейді.



Оқу, үйрену — ұят емес, надандықта қалып,  
одан арылуға талпынбау ұят.



Балабақшадан бастап мектептерде, кол-  
ледждер мен жоғары оқу орындарында, әскери  
орындарда біз балаларға тек білім беріп қана  
қоймай, тәрбие беруді де назардан шығар-  
мауымыз керек.



Білім — ұлы күш. Ол танымалдыққа,  
данққа, молшылық пен иғлікке жол ашады.



XXI ғасырдағы табысты қоғам — бұл заң-  
герлік сауаты бар адамдардың қоғамы.



Кез келген мәдениеттің, кез келген өркениет пен дүниетанымның өмір сұруге және өзіне қастерлі көзқарас болуына деген заңды құқығы бар. Бұл — адамзат тарихының барысы айқындаған болмыс. Онымен санасу керек.



Ғылым — әлемдегі жаңалық атаулының бәріне ашық та зерек болуға тиіс.



Ғылымга қызмет ету — бұл ең алдымен адамдарға қызмет ету, өз зерттеулерінді халыққа және қоғамға арнау.



Суреткердің басты парызы — өз дәүірінің жырын жырлау, мұнын мұндау. Қазір болып жатқан өзгерістерді бәрінен бұрын қазіргі жазушылар жазып қалдыруы керек.



Ұлы жаңалықтар — бұл таза ақыл-ой мен мейірбан жүректің ісі.



Біз әлемдік мәдени құндылықтармен үндес жаңа заманғы қазақтың озық мәдениетін қалыптастыруымыз керек.



Қазақ мәдениеті — алып құрлықтың тұп тамыры жөнінен ең көне, мазмұны жөнінен дара мәдениеттердің бірі.



Спорт — бейбітшілік елшісі, ол адамдарды біріктіреді, халықтар, мәдениеттер мен өркениеттер арасындағы өзара түсіністік көпірін салады.



Халық денсаулығы — бұл Қазақстанның өз стратегиялық мақсаттарына қол жеткізудегі табысының бөлінбес құрамдас бөлігі.



Ата-бабаларының асыл сезін жүз томға жи-  
нап, бастырып шығара алатын ел — бақытты  
ел, бақуатты ел, болашағы кемел ел. Қазақ  
елі — сондай ел.

Әлем әдебиетіндегі әйгілі жүз кітапты  
емін-еркін, жатық етіп аударып, бар бояуымен,  
өзгеше өрнегімен төгілтіп түсіретін тіл — қуат-  
ты тіл, құнарлы тіл, құдіретті тіл. Қазақ тілі —  
сондай тіл.



Әрбір журналист өз сезінің билігін сезінуге  
тиіс. Халықаралық күн тәртібін саясатшылар  
қалыптастырғанымен, нақ журналистердің  
оны түзетуге, оған мораль мен әділдіктің сал-  
мағын салуға мүмкіндігі бар.



Бар өнерін бармақтың басына, тілдің ұшына қондырған халқымыздың көп шежіресі, көнекөз естелігі осы әні мен күйінде, жыр-толғауында жатыр.



Рухани құндылық, биік адамгершілік жоқ жерде үлкен өркениет орнату мүмкін емес.



Тұргын үй — жай ғана төрт қабырга мен баспана емес. Ол адам өмірінің аумағы.



Талант — Жаратқанның сыйы ғана емес, сонымен бірге өзіңнің алдыңдағы, қогам мен Отан алдындағы жоғары жауапкершілік те.



Жаңа құндылықтар жастардың жүрегіне  
тезірек жол табады.



Дүние байлық пен жан байлығы сәйкес келгенде ғана бүкіл адамзат мұрат еткен саналы қоғам құруға болады.



Өнерін сүйген, өнерпазын мәпелеген елдің қашанда мәртебесі жоғары.



Ұлы өнерде шектеу де, шекара да жоқ.



Таласа жүріп танылуымыз, қаржыса жүріп шындалуымыз қажет.



Біздің үрпақ алдында бабалар қол жеткізген  
игіліктерді сақтау, қайта қалпына келтірілген  
мемлекеттігімізді нығайту және дүниежүзілік  
қауымдастық талаптарына сай жаңа сапалық  
деңгейге көтерілу міндепті тұр.



Ең бастысы той тойлау емес, ең бастысы —  
ой ойлау.



Алға қарайтын кез келді. Іске кірісер кез  
келді. Ерік-жігерімізді танытатын кез келді.  
Өмірді өзгертетін кез келді.



Өз алдымызда, болашақ үрпақтың алдын-  
да адад болайық, уақыт пен ел тағдыры үшін  
жауапкершілігімізді ұмытпайық!



Басыңдағы бақытты бағалай алу үшін оның  
қадір-қасиетін толық танып-білуің қажет.



Айқайшыл күшінмен емес, игілікті ісінмен  
таныл.



Адам уақытқа өкпе артпауы керек. Рес,  
уақыт қызын. Бірақ уақытты таңдамайды, онда  
өмір сүреді.



XX ғасыр. Бұл – Галамды көз алдыңа бөл-  
шек деп елестетіп, ал бөлшек тұтас бір ғалам  
болып шыққан уақыт.



Жұмылған жұдырықпен бір-біріңнің қо-  
лыңды қыса алмайсың.



Ең бастысы — адам факторы: оның еркіншілігі, күш-жігері, табандылығы мен білімі. Өркенде даму мен тәуелсіздікке аттар табалдырықтың алтын кілтін де осы шамадан ізделген жөн.



Ештеңе де өзінен-өзі аспаннан аяғы салбырап түсे қалмайды. Өсу, тұрақты даму жағдайына жету үшін де белгілі бір кезеңдерден өту қажет. Оларды ешқашан да аттап кете алмайсың.



Адам капиталы — тұрақты экономикалық дамудың негізі және инновациялардың қозғаушы күші.



Жаһандық тәжірибелің күнгейінен ғана емес, көлеңкесінен де тағылым алу керек.



Біз елеулі түрде артта қалып қойдық, сондықтан асығуға тиіспіз. Біз мейлінше ширығып, әлемді қуып жетуге мәжбүрміз.



Жетілмегендікті мойындау — бұл одан әрі жетілуге қарай жасалған қадам.



Ақиқатқа сеніп, бірақ уақыт өте келе оның ақиқат болып шықпауынан асқан қауіп жоқ.




Материалдық игіліктермен ешқандай байланыспайтын руханият, адамгершілік деген даусыз ұлы құндылықтар бар. Олар адам үшін әрдайым басым және негіз қалаушы болып қалады.



XXI ғасыр — мәдениеттің, ғылым мен ақыл-ой бәсекесінің ғасыры болмақ.



Мемлекеттік шекара — тәуелсіздіктің басты белгілерінің бірі. Ел мен елді табыстыратын да — шекара, тартыстыратын да — шекара. Достық та осы жерде көрінеді, қастық та осы жерде көрінеді. Ел жақындығы болмаса, жер жақындығының жақсылығынан гөрі жамандығы басым түспек.



2030 жылы біздің ұрпақтарымыз бұдан былай әлемдік оқиғалардың қалтарысында қалып қоймайтын елде өмір сүретін болады. Олардың Қазақстаны Еуразияның орталығы бола отырып, жедел өркендер келе жатқан үш аймақтың — Қытайдың, Ресейдің және Мұсылман әлемінің арасындағы байланыстыруышы буын рөлін атқаратын болады.



Қараңыздаршы: бір шеті Алатау, енді бір қыры Алтай, тағы бір шеті Атырау сияқты қазақтың үш қиянынан табылған үш «Алтын адам» бір гана мәдениеттің – біздің бабаларымыздың қолынан жасалған мәдениеттің үлесіне тиеді екен. Бұғінгі жас үрпақты ұлт мәдениетін ұлықтау рухында тәрбиелеу үшін бұдан басқа қандай дәлел керек.



Дініміз тәркі, тіліміз ғаріп, мәдениетіміз мүшкіл, өзіміз мұсін халге ұшырадық. Мұндай жағдайда ел намысының қозбауы, ер ашуына мінбеуі мүмкін емес еді.



...Зеңбіректі әскерге найзамен қарсы шапкан көzsіз ерлерді халық әлі күнге ән-жырға қосып, аяулы аттарын ардақ тұтып келеді. Ардақ тұта береді!



Тарихи сенімділік — біздің ұлы тірегіміз.



Міне, тәуелсіздік таңы атты. Азат ел атандақ. Дегенмен, атымыз да азат, затымыз да азат болуы үшін әлі де талай шаруа атқаруға тұра келеді. Бұл — қайырлы сапар, қасиетті жол. Ол жолдан біз таймаймыз!



Қазақтың халық мақалы «Шапшаң жүргенге шаң жүқпас» дейді. Сондықтан да бізге уақыт төреші. Мұратына жүрген жетеді.

ОН БЕСІНШІ ТАРАУ

Әрқашан бірге,  
әрдайым алда  
болайық!







Алыс жол — алгашқы адымнан басталады.



Беталды сынай бергеннен береке кіре қалмайды.



Мінді мойындау — мінсіздікке жасалған қадам.



...ақылдылар ғана емес, ақымақтар да тауды жанамалап өте береді, алайда асқар тауларды ақыл, парасат, тәжірибе және ерлік қана бағындыра алады.



Дүние тек қана бірте-бірте жаһанданып  
бара жатқан жоқ, ол адамзат қогамдастығы  
дамуының біржақты модельінен бірте-бірте  
кіндік үзіп барады.



...қай кезде де ұлыны ұлы түсініп, бағалаған!



Ең ұлы істер ең қыын шақта өмірге келеді.



...оїда жоқта алдымыздан шыға келген арам  
ойдың неден пайда болғанын білмей тұрып,  
бүгін де, болашақта да дұрыс бағытты, дұрыс  
бағдарды қалай таба алмақпсыз?



Ештеңе де бірден жеміс бермейді.



...ай астында ештеңе таңсық емес.



Уақыттан өткен әділқазы жоқ.



Уақыт тасқынына қарсы жүзу, тіпті тоқтату  
еш мүмкін емес нәрсе.



Әлі өмірде болмаған гәпті біздің қиялымыз  
ұштаййды.



Уақыт мақсатты, басты нәрсе дегеніңізді де өзгертіп отырады, тіпті ұлы жетістіктер мен жаңалықтар да күнделікті күйбенге, «бас ауыртар» істерге, зәру мәселелерге, жаңа күннің жаңа шаруаларына орын беріп, бірте-бірте ұмытылып жатады.



Әу бастан-ақ жобасы келіспеген мұсінді көшірмеледен қайыр жоқ.



Уақыт деген зымиян, айтпай-ақ жетіп келді.



Тұлға болу дегеніміз — жауапты болу деген сөз.



Тек қана әр алуандыққа, көпүлттылыққа,  
көпдінділікке негізделген бірлік формуласы  
ғана дұрыс.



«Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп...» —  
деген данышпан Абай өсиеті менің де ұсташының өмірлік қағидам, санама сіңірген терең  
танымым.



Алыстан ойламаган жақыннан уайым табады деген сөз бар.



Болашақ жаман немесе жақсы бола алмайды. Ол, біз оны қалай қалыптастырысақ, сондай ғана болады.



Күн сайын, ай сайын құбылатын заманға  
сай амалың болуы керек.



Еш нәрсеге бірден қол жетпейді. Табысты  
әрі тұрақты дамуға объективті түрде белгілі  
бір сатылар тән, оған құлашты бір сермегеннен  
жетпейтіні белгілі.



Бізге жалпы әңгімелер мен сөз жарысты-  
рулар емес, ортақ игілікке қызмет ете алатын  
белгілі бір бағдарламалардың идеялары мен  
нұсқалары қажет.



XXI жүзжылдықта жаһандық архитекту-  
раны ойдағыдай жаңғырту тек эволюциялық  
жолмен ғана жүруі керек.



Достық жоқ жерде араздыққа мүмкіндік  
мол болмақ.



Озбірлық тек зорлық-зомбылық туғы-  
зады.



Халық бірлігі дегеніміз бұл ең алдымен  
мемлекеттік институттардың бірлігі.



Біздің жолымыздың базалық формула-  
сы — толеранттылық арқылы, тұрақтылық пен  
ырықстандыру арқылы жаңғырту.



Уақытты жинақтауга, көбейтуге болмайды.  
Оны кері бүруга болмайды. Алайда дамудың  
айқын мақсаттары анықталса, уақытты іскер-  
лікпен жұмсауга болады.



Уақыт бізді таңдады, ал біз өз тарихи мұм-  
кіндігімізді жүзеге асырдық.



Біз жаһанданумен күресуді емес, жаһан-  
дануға бейімделуді алдымен ойлауымыз  
керек. Сөйткенде ғана тілімізді, дінімізді,  
дәстүрімізді, салт-ғұрпымызды сақтап қала  
аламыз.



Аласапыран кезең — тұлғаның беріктігіне  
ұлken сынақ.



Тәжірибе өткеннің қателіктерін қайтала мау үшін де қажет. Бірақ адам солай жаратылған, ол үшін ең жақсы ұстаз — өз басына түскен іс.



...қайтқан құстың тізбегі, тымық түнде үй-қыға шомған ауылдың үні тәрізді ұсақ-түйек болып көрінетін әңгімелер жоғары мінбелерден желпінген насиҳат сөздерден сезімге әлдеқайда артық әсер етеді.



Табиғатпен жауықпа, онымен бірге өмір сүр. Оны бағындырам деме, табиғаттың өзіне оған аса қажет «тіршілік өрісін» қалдыр. Даalanы, тауларды, жазықтық пен көлдерді таптай берем деме, олардың өзіне сіңіп кет.



...түбөгейлі жаңаруды бастау үшін бізге  
бұқіл ойлау жүйемізді жаңарту керек.



Біздің қолайлылықтарымыздың дәрежесін табиғаттың мүмкіндіктерімен байланыстыра отырып өмір сұру — адамның қоршаған ортамен өзара қарым-қатынасында, міне, осы талап етіледі.



Біздің ең басты байлығымыз — берекелі бірлігіміз.

Халқымызда «Бақ берерде елге ырыс қонады, ұстанған жолы дұрыс болады» деген даналық сөз бар.

Мен ауызбіршіліктен айнымайтын ақжүрек жүртүмның қуатты ұлтқа, шуақты ұлысқа айналуына кәміл сенемін.



Бұрыс — ынтымаққа жолығады, дәulet —  
бірлікпен толығады.



Табысқа жету үшін тек қана мақсатты ай-  
қын көріп, соған қол жеткізу үшін күн сайын  
жұмыс істеу керек.



Әрқашан бірге, әрдайым алда болайық, ар-  
дақты ағайын!



## МАЗМУНЫ

<b>Құрастырушылардан .....</b>	<b>9</b>
<b>Бірінші тарау</b>	
<b>Отанды сую — сұығына шыдап,</b>	
<b>ыстығына күю.....</b>	<b>11</b>
<b>Екінші тарау</b>	
<b>Жер тағдыры — ел тағдыры .....</b>	<b>37</b>
<b>Үшінші тарау</b>	
<b>Садағаң кетейін, айналайын халқым!</b> .....	<b>53</b>
<b>Төртінші тарау</b>	
<b>Тәуелсіздік — тәуекелі</b>	
<b>тұратындардың еншісі .....</b>	<b>81</b>
<b>Бесінші тарау</b>	
<b>Мемлекет мерейі — мығымдығында.....</b>	<b>97</b>
<b>Алтыншы тарау</b>	
<b>Тұрақтылық болмаса —</b>	
<b>ештеңе де болмайды .....</b>	<b>119</b>

Жетінші тарау	
<b>Ұлттық сана ұлттық тілмен қалыптасады</b>	139
Сегізінші тарау	
<b>Откенге қарап, ертеңінді түзе!</b>	179
Тогызынышы тарау	
<b>Ел бірлігі – асыл қасиет</b>	203
Онынышы тарау	
<b>Ұлттық наымыс – ұлы ұғым</b>	221
Он бірінші тарау	
<b>Демократия жарлықпен орнатылмайды</b>	243
Он екінші тарау	
<b>Сенгенің игілікті еңбегің болсын</b>	273
Он үшінші тарау	
<b>Дәстүрінді баққаның – үмітінді жаққаның</b>	303
Он төртінші тарау	
<b>Өрелі рухсыз өркениет жоқ</b>	313
Он бесінші тарау	
<b>Әрқашан бірге, әрдайым алда болайық!</b>	335

УДК 342  
ББК 67.400.6  
Н 17

«Назарбаев орталығы» көнфункциялығы ғылыми-  
талдамалық және гуманитарлық-агартушылық  
мемлекеттік мекемесі

**Н 17 Назарбаев Н.Ә. Жылдар мен ойлар/Құраст.:  
Қасымбеков М.Б., Молдагаринов А.М.,  
Әлімқұлов Қ.Н., Әлібеков Ә.С. — Алматы:  
Алматықітап баспасы, 2013. — 352 бет.**

ISBN 978-601-01-1229-2      УДК 342  
ББК 67.400.6

© Назарбаев Н.Ә., 2013  
© «Алматықітап баспасы» ЖШС, 2013

**Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ**

**ЖЫЛДАР МЕН ОЙЛАР**

**«Назарбаев орталығы» көпфункциялығының  
тадамалық және гуманитарлық-ағартушылық  
мемлекеттік мекемесі**

Редактор А.У. Сужикова

Дизайнер Н.К. Наурызбаев

Компьютерде беттеген Н.К. Наурызбаев

Корректор Б.М. Джампейсова

Басуға 15.05.13 күн койылады. Пішімі 64x84<sup>1/16</sup>.  
Есептік баспа табагы 10,94. Шартты баспа табагы 20,46.  
Офсеттік басылым. Эріп түрі «MM Academy». «Ivory» қағазы.  
Таралымы 8000 дана. Тапсырыс № 1021.

«Алматықітап баспасы» ЖШС,  
Алматы қаласы, 050012, Жамбыл көшесі, 111-үй,  
төл. (727) 250 29 58, факс: (727) 292 81 10,  
e-mail: alkitap@intelsoft.kz

ISBN 978-601-01-1229-2



9 786010 112292



